



ONOMASTIKALYQ  
HABARSHY

№1 (40)  
2021

Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы  
Республикалық ономастика комиссиясының бюллетені

ONOMASTIKALYQ  
HABARSHY

№1 (40) 2021

**Бас редактор**  
А. Құдабаева

**Жауапты редактор**  
С. Жайлау

*ҚР Ақпарат министрлігінде  
тіркеліп, тіркеу туралы  
2004 жылғы 11 тамызда  
№5336 – қуәлігі берілген*

**Құрылтайшы:**

Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және спорт министрлігі  
Мәдениет комитеті

**Редакциялық алқаның төрағасы:**

А. Райымқұлова

**Редакциялық алқа:**

Н. Дәуешов  
М. Бақтиярұлы  
М. Құлшар  
А. Абдуалиев  
Қ. Бекмұқашев  
Д. Өтеғалиев  
С. Есіркеп  
З. Қабылдинов  
М. Тоғыс  
С. Иманбердиева  
Ж. Ағабекова  
Н. Уәли  
С. Негимов  
А. Жартыбаев  
Д. Қыдырәлі  
Д. Кәпұлы

---

*ҚР Мәдениет және спорт министрлігі  
Мәдениет комитетінің төрағасы  
А.Ж. Абдуалиевтің  
2021 жылғы 5 қарашада  
Алматы облысы Талдықорған қаласы  
Тіл сарайында өткен  
Ономастика мәселелері бойынша өңірлік  
семинарда сөйлеген сөзі*

### *Қайырлы күн, Құрметті әріптестер!*

Бүгін өздеріңізбен Алматы облысында ономастика мәселесі бойынша өткізіліп отырған өңірлік көшпелі семинарға жиналып отырмыз. Өздеріңізге мәлім 29 тамыз күні Жамбыл облысының Тараз қаласында «Ұлттық ономастика: Ізденіс пен тәжірибе» атты ауқымды республикалық семинары өтті. Семинарға еліміздегі ономастика саласына жауапты өңірлік басқарма басшылары, ономаст-ғалымдар, жергілікті атқарушы органдардың өзге де өкілдері қатысты. Жиында еліміздегі ономастикалық ахуал баяндалып, проблемалық мәселелер талқыланды. Ал бүгін өздеріңізбен оңтүстік өңірлердегі ономастика саласындағы ахуал мен атқарылып жатқан жұмыстарды талқылау үшін жиналып отырмыз.


Шараға Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Түркістан облыстары және Алматы, Шымкент қалалары әкімдіктері жанындағы ономастика саласына жауапты басқарма басшылары мен бөлім басшылары қатысып отыр.

Семинарды бастауға рұқсат етіңіздер.

Бүгінгі таңда Министрлік жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, ономастикалық атауларды реттеу мақсатында Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің тапсырмасына сәйкес өңірлерде кездесетін **идеологиялық тұрғыдан ескірген және қайталанатын атауларды** тарихи жер-су атауларымен және ұлттық танымға жақын дәстүрлі атаулармен өзгерту бойынша жұмыстарды жүргізуде.

Сондай-ақ келер ұрпаққа патриоттық тәрбие беру, жалпыға ортақ тарихи сана қалыптастыру негізінде еліміздің белгілі тарихи тұлғаларымыздың есімдерін беру қарастырылған.

## РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОНОМАСТИКА КОМИССИЯНЫҢ ОТЫРЫСЫ



Слайд 1.) Аталған тапсырмаға сәйкес жергілікті әкімдіктер тарапынан бірқатар жұмыстар атқарылды. Әкімдіктердің ұсыныстары негізінде биылғы жылы ҚР Үкіметінің жанындағы Республикалық ономастика комиссиясының 7 отырысын өткізді. Орталық және жергілікті атқарушы органдардың ұсыныстары негізінде барлығы 1051 ұсыныс қаралды. Оның ішінде 183 объект, 1 аудан, 867 құрамдас бөліктер (көше, даңғыл) қаралып, Комиссия мүшелерінің дауыс беру нәтижесінде бірқатар ұсыныстарға оң қорытынды берілді. Комиссия қорытындылары заңнамаға сәйкес жұмыстар жүргізу үшін тиісті мемлекеттік органдарға жолданды.

Ендігі кезекте бүгінгі жиналып отырған өңірлер бойынша тоқталатын болсақ, Жамбыл облысында идеологиялық тұрғыдан ескірген атауларды өзгерту бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет. Мысалы ретінде Қордай ауданында әлі күнге дейін **Степной, Береговая, Дунгенская, Молодежная, Бригада, Юбилейная, Победа, Заводская, Жамбыл, Меркі, Рыскұлов** аудандарында **Гродиково, Гранитогорск, Каменка, Родниковая, Заречная** сынды атаулар кездеседі. Осы атаулардың байырғы тарихи атауларын зерттеп архив мекемелерімен жұмыстар жүргізу талап етіледі.

2019 жылғы статистикалық деректерге сүйенетін болсақ Қордай ауданы халық санының **49,62%-ын қазақтар, 33,81%-ын дүнгендер, 9,93%-ын орыстар, 6,64%-ын өзге ұлт өкілдері** құрайды.

Әрине жергілікті тұрғындардың арасында өзге ұлт өкілдері болғандықтан біршама қиыншылықтар тудырып отырады. Дегенмен, зиялы қауым өкілдерін, белгілі тарихшылар, өлкетанушылар мен БАҚ өкілдерін тарта отырып түсіндіру жұмыстарын жүргізу басты бақылауда болу керек. Түсіндіру жұмыстарын жүргізу мақсатында барлық жергілікті әкімдіктердің жанынан арнайы жұмыс тобы құрылған. Аталған жұмыс топтарына арнайы жоспар бекітіліп, онда

жергілікті жерлердегі атаулардың шығу тарихы және т.б. ақпараттар көрсетіліп, әлеуметтік желілер арқылы насихаттау мәселесі нақты белгіленуі керек.

Бұндай жағдай Алматы облысында да байқалып отырғандығы барлығымызға белгілі.

Ал Түркістан облысының Жетісай ауданында **Карл Маркс, 40 лет Победы, Киров, Чехов, Первомайский** елді мекендері кездеседі, мұндай идеологиялық тұрғыдан ескірген атаулар ұлттық танымға сәйкес дәстүрлі атаулармен өзгертілуі тиіс. Бұл бағытта Түркістан облысы әкімдігі үлкен жұмыстар жүргізуі қажет.

Қызылорда облысында мұндай атаулардың саны салыстырмалы түрде аз, бірақ Арал ауданының Сексеуіл кентіндегі **Советская, Труд, Степная, Калинин** сынды бірқатар көше атаулары әлі күнге дейін өзгертілмей келеді. Бұл қазақы тұрғындары көп өңірге сын болып саналады.

Сонымен бірге өздеріңізге белгілі, ҚР Президенті Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары Д.Ә.Абаевтың төрағалығымен ү.ж. 23 сәуірде Ішкі саясаттың кейбір мәселелері туралы кеңес өткен болатын. Аталған кеңесте Ономастика мәселесі де қаралып, Мәдениет және спорт министрлігі мен жергілікті атқарушы органдарға бірқатар тапсырмалар берілген. Атап айтқанда Қазақстан Республикасындағы ономастикалық жұмыстарды ұйымдастыратын әдістемелік ұсынымдар әзірлеу, өңірлерде қайта атауды талап ететін көшелер мен елді мекендердің атауларына талдау, жүйелеу жұмыстарын жүргізу, талдау нәтижесі бойынша 2022-2025 жылдарға арналған жол картасын әзірлеу. Осы хаттамалық тапсырмаға сәйкес Министрлік уәкілетті орган ретінде әкімдіктермен бірлесіп елімізде қайта атауды талап ететін, яғни идеологиялық тұрғыдан ескірген атауларға талдау жұмыстарын жүргізді.

## ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ТҰРҒЫДАН ЕСКІРГЕН АТАУЛАР

ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ТҰРҒЫДАН ЕСКІРГЕН АТАУЛАР САНЫ **6460**



ЕЛДІ МЕКЕН АТАУЛАРЫ **760**




КӨШЕЛЕР МЕН ДАҢҒЫЛДАР АТАУЛАРЫ **5700**

(Слайд.2). Нәтижесінде, өңірлерде идеологиялық тұрғыдан ескірген **6460** атаулар анықталып отыр, оның ішінде 760-ы елді мекен атаулары, **5700-і**

көшелер мен даңғылдар. Олардың негізгі бөлігі Ақмола, Қарағанды, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Қостанай, Жамбыл және Алматы облыстарында кездеседі.

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ОНОМАСТИКА САЛАСЫ



(Слайд. 3). Сондай-ақ өздеріңізге белгілі, жоғарыда айтылған мәселелер бойынша ү.ж. 20 тамызда Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары Д.Ә. Абаевтың төрағалығымен жиналыс өтіп, нәтижесі бойынша хаттамалық тапсырма берілді.

Хаттама бойынша жоғарыда көрсетілген Әдістемелік ұсыным, 2022-2025 жылдарға арналған Жол картасы, өзектендірілген «Тарихи тұлғалар» тізімін жұмыс барысында **қатаң басшылыққа** алу бойынша нақты тапсырмалар берілді. Ендігі кезекте аталған тапсырмалар бойынша тиісті жұмыстар жүргізілу талап етіледі.

Әдістемелік ұсынымды қарап шыққан боларсыздар, жалпы қысқаша айтатын болсақ:

## ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

### Объектілерге қатысты:

- ◆ Жетекшілік ететін мемлекеттік органдармен **алдын ала келісу**
- ◆ Объектілердің **перспективасын** және басқа да **тәуекелдерді** ескеру
- ◆ Салаға **еңбегі сіңген** тұлғалардың есімдерін беру
- ◆ Аурухана, балабақша, теміржол және автовокзалдарға **кісі есімдерімен аталуына жол бермеу**

### Елді мекендерге және көшелер мен даңғылдарға қатысты:

- ◆ Ескі атауының **шығу тарихына** назар аудару
- ◆ Идеологиялық тұрғыдан **ескірген атаулардың** өзгертілуін қамтамасыз ету
- ◆ **Көзі тірі адамдардың** есімдерінің берілуіне жол бермеу
- ◆ **Орналасқан жеріне, ұзындығына, абаттандырылуына** ерекше назар аудару

---

(Слайд. 4) Онда ономастикалық объектілерге, елді мекендер мен олардың құрамдас бөліктеріне атау беру және қайта атау барысында нақты ұстанымдар белгіленді.

- мәдениет, білім, спорт және басқа салалардағы объектілерге атау беру және оларды қайта атау кезінде жергілікті әкімдіктер Республикалық ономастика комиссиясының қарауына жіберілгенге дейін мәселені тиісті салаға жетекшілік ететін мүдделі мемлекеттік органдармен (МСМ, БҒМ және т.б.) алдын ала келісу.

- білім, мәдениет және т.б. мекемелеріне белгілі тұлғалардың есімдерін беру кезінде мекеменің перспективасын ескеру (білім беру мекемесінің болашақта жабылып қалмауы, шағын жинақталған білім беру ұйымы болып табылмайды ма және т.б.);

- білім, мәдениет, спорт және т.б. объектілерге атау беру кезінде салаға еңбегі сіңген тұлғалардың есімдерін беру (*мысалы, білім беру саласындағы объектіге осы салаға еңбегі сіңген тұлғаның, мәдениет мекемесіне мәдениет саласына үлес қосқан қайраткерлердің есімдерін беру және т. б.*);

- Денсаулық сақтау саласындағы (емхана, аурухана және т.б.), мектепке дейінгі білім беру объектілеріне, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостанцияларға, физикалық-географиялық және басқа да объектілерге кісі есімдерінің берілуіне жол бермеу;

- объектілерге, көшелер мен даңғылдарға атау беруде «Тарихи тұлғалар» тізімін басшылыққа алу;

- елді мекендерді қайта атау барысында өзінің байырғы тарихи атауын қайтару, архивтік құжаттармен жұмыс жүргізу;

- құрамдас бөліктерді қайта атау туралы шешім қабылдағанға дейін ескі атауының шығу тарихын зерттеу;

- құрамдас бөліктерге тарихи тұлғалардың есімдерін беру кезінде көшенің ұзындығына, орналасқан жеріне, абаттандырылуына және т.б. ерекше назар аудару және т.б.

## «ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАР» ТІЗІМІ




(Слайд. 5) Қолданыстағы «Тарихи тұлғалар» тізімі өзектендіріліп, бүгінгі күні **345** тұлғалар есімі енген тізім кеңейтіліп, нәтижесінде 555-ке жетті. Аталған тізімге жергілікті атқарушы органдардың және зиялы қауым өкілдерінің, Парламент депутаттарының ұсыныстары негізінде пысықталды. Мысалы, толықтырылған тізімге белгілі Алаш қайраткері Қошқе Кемеңгерұлы, Қазақтың көрнекті жазушысы, абайтанушы, мұхтартанушы Кәмен Оразалин, Ғалым, Химия ғылымының докторы, профессор Еділ Ерғожин, Грек-рим күресінің палуаны, спорт шебері Жәқсылық Үшкемпіров, Социалистік Еңбек Ері, Қазақ КСР-нің халық білімінің үздігі Рафика Нұртазина, Қазақстанның халық жазушысы Сафуан Шаймерденов, Мемлекет және қоғам қайраткері Мақтай Сағдиев, Қазақстанның Еңбек Ері Геннадий Зенченко және т.б. тұлғалар енгізілді.

Ендігі кезекте жергілікті әкімдіктер тарапынан жұмыс барысында аталған құжаттарды қатаң басшылыққа алу талап етіледі

Жалпы бірқатар өңірлер объектілерге атау беру және қайта атау кезінде «Тарихи тұлғалар» тізіміне енгізілмеген кісі есімдерін беру туралы мәселелерді Мәдениет және спорт министрлігі қарайды деген сынды сілтеме жасайды, бұл қате ұғым. Қолданыстағы әдістемелік ұсынымға сәйкес «Тарихи тұлғалар» тізімі уақыт талабына сай өзектендіріліп отырады, кезекті ұсыныстарды келесі жылғы қараша айына дейін жолдауларыңыз қажет. Сол себепті өтініш иелеріне тиісті жауапты Әдістемелік ұсынымға сәйкес жауап берулеріңіз сұралады.





(Слайд. 6) Бүгін жиналып отырған өңірлер бойынша тоқталатын болсақ, Алматы облысында идеологиялық тұрғыдан ескірген атаулары бар **20** елді мекен және **437** құрамдас бөліктер, Жамбыл облысында **13** елді мекен және **563** құрамдас бөліктер, Түркістан облысында **16** елді мекен және **18** құрамдас бөліктер, Қызылорда облысында **4** елді мекен және **27** құрамдас бөліктер, Алматы қаласында атауы ескірген **51** көше, қайталанатын атауы бар **15** көше және атауы жоқ **200** көше бар. Ал Шымкент қаласында атауы ескірген **32** көше мен **28** жобалық көше бары анықталып отыр. Аталған мәліметтер ресми түрде әкімдіктерден алынғанын жеткіземіз.

**ЖОЛ КАРТАСЫ АЯСЫНДА ӨЗГЕРТУГЕ ЖОСПАРЛАНҒАН АТАУЛАР САНЫ**

Өңірлер	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл	Барлығы	Қалғандары
Нұр-Сұлтан қаласы	11	15	10	15	51	✓
Алматы қаласы	100	100	51	15	266	✓
Шымкент қаласы	32	28	-	-	60	✓
Ақмола облысы	50	80	110	130	370	✓
Ақтөбе облысы	20	54	36	64	174	✓
Алматы облысы	37	57	66	70	230	✓
Атырау облысы	33	38	43	33	147	✓
Батыс Қазақстан облысы	45	60	75	90	270	✓
Жамбыл облысы	76	51	52	52	231	✓
Қарағанды облысы	52	65	75	85	277	✓
Қостанай облысы	15	21	21	21	78	✓
Қызылорда облысы	12	12	7	-	31	✓
Маңғыстау облысы	-	-	-	-	-	✓
Павлодар облысы	30	45	55	70	200	✓
Солтүстік Қазақстан облысы	75	75	80	85	315	✓
Түркістан облысы	10	10	14	-	34	✓
Шығыс Қазақстан облысы	35	45	54	60	194	✓
<b>Барлығы</b>	<b>633</b>	<b>756</b>	<b>749</b>	<b>791</b>	<b>2 929</b>	<b>3 531</b>

(Слайд. 7) Осы ретте жоғарыда көрсетілген және басқа да өңірлерде кездесетін ескірген атауларды реттеу мақсатында **Идеологиялық тұрғыдан ескірген атаулары бар елді мекендер мен олардың құрамдас бөліктерін қайта атау жөніндегі 2022-2025 жылдарға арналған Жол картасы** әзірленіп, бекітілді. Жұмыс барысында басшылыққа алу үшін Сіздерге ресми жолданды. Әрі қарай сіздер тараптарыңыздан заңнамаға сәйкес тиісті жұмыстар жүргізілуі қажет екенін жеткіземін.

Бүгінгі күні жергілікті атқарушы органдар тарапынан елді мекендерге, көшелер мен даңғылдарға атау беру және қайта атау барысында жергілікті тұрғындар тарапынан түсінбеушіліктер кездесіп жатады. Оған себеп, әкімдіктердің атау беру және қайта атау барысында түсіндіру жұмыстарының тиісті деңгейде дұрыс жүргізілмеуінде.

Мәселен, жылдың басында Ұйғыр ауданы мен оның орталығы болып саналатын Шонжы ауылына және оның құрамдас бөліктерінің атауын өзгерту кезінде жергілікті тұрғындар тарапынан түсінбеушіліктер туындаған болатын. Арты үлкен қоғамдық резонансқа дейін ұласты. Дегенмен Алматы облысы әкімдігі тарапынан дер кезінде тиісті шаралар қабылданып, мәселенің одан әрі ұшықпауына жол берілген жоқ. Бұндай жағдай алдағы уақытта қайталанбауы тиіс. Қандай да бір көшелер мен елді мекендерді ауыстыру барысында мәселені байыппен жан-жақты зерттеу қажет етіледі.

Ал Алматы қаласында қайталанатын атаулар кездеседі. Қолданыстағы Қазақстан Республикасындағы тіл туралы заңда көрсетілген ономастикалық жұмыстардың критерийлеріне сәйкес бір атау қайталанбауы тиіс. Сол себепті бұл жұмыстарды ұзаққа созбай Жол картасы аясында қарастыру қажет

## КӨШЕ АТАУЛАРЫ ЖАЗЫЛҒАН АНШЛАГТАР



(Слайд 8.) Тағы бір айта кететін мәселе, бүгінгі күні көше атаулары жазылған аншлагтар әр өңірде әр түрлі жазылып жүр. Өздеріңіз білесіздер,

---

көше атауларының аншлагтарын барлық жерде бір үлгіде жазылуы мақсатында арнайы **Республикалық, облыстық, аудандық маңызы бар қалалардағы, астанадағы, кент, ауыл және басқа да елді мекендердегі көше аншлагтарын жазу және орналастыру жөніндегі** Ұсыным әзірленіп, 2016 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық ономастика комиссиясымен мақұлданып, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігімен келісілген болатын. Аталған Ұсыным барлық жергілікті әкімдіктерге жолданған.

Алайда кейбір өңірлерде басқа үлгіде жазылып жүргені байқалып отыр.

Сонымен бірге атау беру және қайта атау кезінде берілетін көшелер мен даңғылдардың болашақтарына назар аудару мақсатында жергілікті Сәулет және қала құрылысы басқармаларымен тығыз байланыста болу керек. Себебі, кейбір құрамдас бөліктердің бір-бірімен бірігіп кетуі, не болмаса ол көшенің болашақта жойылып кетуі және т.б. сұрақтар туындап жатады. Екіншіден, қалалық әкімдіктердің жанындағы мәдениет және тілдерді дамыту бөлімдері Комиссияның қарауына облыстық маңызы бар қалалардың құрамдас бөліктеріне атау беру және қайта атау туралы ұсыныстардың сапалы әрі заңнама талаптарына сәйкес ресімделуін қадағалау мақсатында міндетті түрде облыстық ономастика комиссиясының жұмыс органы болып табылатын уәкілетті облыстық басқармалармен бірлесіп жұмыс жүргізулерін сұраймыз. Аталған мәселелер бойынша Комитет тарапынан ресми түрде арнайы хат жолданды.

Осы тұрғыдан алғанда облыстық басқарма басшылары Комиссияның қарауына ұсынылатын құжаттарды заң талаптарына сәйкес ресімделуіне, сондай-ақ сауатты сапалы жолдануына баса назар аударуларыңызды сұраймыз.

## АНТРОПОНИМИЯДАҒЫ ДІНИ ФАКТОРЛАР

**Жазира Ағабекова**

*Филология ғылымдарының кандидаты,  
Назарбаев Университетінің  
ассистент профессоры*

### **Кіріспе**

Антропонимия-ономастиканың үлкен бөлімдерінің бірі. Ол кісі есімін, тегін, лақап аттарды, бүркеншік есімдер мен қосымша аттарды, андроним, гинекономим, тұлғаның әлеуметтік желідегі аттарын т.б. зерттейді.

Кісіге ат беру адам өмірімен тікелей байланысты. Антропоним тарихы адамзаттың пайда болуынан басталады. Есім – өмір бойы адамзатпен бірге ажырамай жүретін маңызды бөлігі. Есімнің мәні мен адам өміріндегі маңыздылығын оның иесінің барлығы бірдей түсіне бермейді. Ол белгілі бір әріптердің жиынтығына тұратын жеке сөз болғанымен ата-бабалар түсінігінде сиқырлы құбылыс ретінде танылды. Кісі есімінің адамның тағдырымен байланысты жұмбақ сиқырлы күштері туралы түрлі ой толғамдар бар. Бір қызығы, бірдей атаулары бар екі адамның арасында бір-бірімен байланысты жұмбақ байланыстар болатындығы психологиялық еңбектерде айтылады. Есім бүкіл халықтың мәдениеті мен дәстүрінің маңызды бөлігін қамтиды. Антропонимия теориясы бойынша әрбір этностың (халықтың, ұлттың) ұзақ даму барысында қалыптасқан азаматтық тарихымен қатар антропонимиялық тарихы бар және ол тарих сол қауымда жасаған кісі есімдерінің дәуір, замана талабына, саяси-әлеуметтік, мәдени, діни өзгерістерге байланысты жаңаланып, жаңғырып, ауысып, дамып отыратынын көрсете алады.

Діни ономастикалық кеңістіктің көлемді болуы оның адамзат өміріндегі маңызын білдіреді. Ономастиканың қайбір саласын алсаңыз да діни сипат кездеседі. Бірақ оның деңгейі түрлі дәрежеде. Діннің антропоним саласында көрінісі жоғары. Осы мақалада әлем халықтарының ұстанатын дініне байланысты кісіге ат беру қағидалары мен жалпы антропонимиядағы діни факторлар туралы сөз болады.

### **Мәселенің зерттелуі**

Ономастиканың діни аспектілері туралы ғылыми тұжырымдалған пікірлер біршама бар. Олардың басым көпшілігі антропонимдер мен топонимдерге байланысты. В. Измирлиеваның «All the names of the lord» атты еңбегінде хри-

стиан діні негізінде құдайдың аттары мен олардың адамдарға берілуі туралы жан-жақты айтылады[1]. Ономастиканың дінге қатысын зерттеу бағытында жекелеген халықты немесе мемлекет тұрғысынан алып қарау үрдісі басым. Н.И.Стеблин-Каменский Эфиопиядағы Волло халқының ұстаған діні мен ондағы діни факторларды қарастырады. Бұл әкімшілік аумақты жеке алып қарау себебі ондағы халықтың арасында дінді ауыстыру фактілерінің кездесетіндігін айтады. Соған байланысты кісіге есім беру дәстүрі де өзгеріп отырады. Қазіргі уақытта экономикалық фактордың әсерінен жергілікті халықтардың араб есімдерін алып отырғанын статистикалар беру арқылы дәлелдеп шығады[2, 254]. Башқұрт тіліндегі кісі есімдерін зерттеуші ғалым ондағы кісі аттарының ислам дінімен тікелей байланыстылығын айтады. Ғалымдар башқұрт шежіресіндегі араб тектес антропонимдердің Ислам діні арқылы келгенін көрсетеді. Башқұрт есімдерін лексика-семантикалық жағынан жіктей келе төрт топқа бөліп қарастырады [3, 117]: 1) Алланың 99 сипатынан жасалған антропонимдер; 2) пайғамбарлар есімдерінен жасалған антропонимдер; 3) белгілі діни қайраткерлерінің есімдерімен байланысты антропонимдер антропонимы; 4) мұсылмандық терминдер мен ұғымдармен байланысты есімдер. Антропонимдердің семантикасы осылардың құрылымымен байланысты. Лидия Беккер «Names of Jews in Medieval Navarre (13th–14th centuries)» атты мақаласында Еврей халқының кісі есімдерінің тарихы туралы көп мағлұмат береді[4]. Қазақ есімдерінің діни аспектісі де зерттеу жұмыстарына негіз болған. Ж.Ағабекова «Араб тілінен енген кісі аттарының этнолингвистикалық негіздері» атты жұмысында араб тілінен енген есімдердің діни бағытын бөлек алып қараса[5], Қ.Қыдырбаев «Қазақ онимдерін араб тіліне транслитерациялаудың ғылыми-теориялық негіздері» атты диссертациялық жұмысында қазақ-араб қарым-қатынастары мен тілдік қатынастары туралы тұжырымдарды айтады [6]. Әлиакбарова А.Т. Жаңа әлеуметтік-мәдени жағдайдағы замануи қазақ антропонимиясы: трансмиссия, трансформация. Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясында қазақ тіліндегі діни есімдерді талдай келе статистикалық ақпараттармен бөліседі [7]. Түркі халықтарының мәдениетінде Ислам дінінің рөлі үлкен. Оның әсері қазақ халқының салт-дәстүрлеріне де әсер еткен. Антропонимист ғалымдар Б.Досжанов [8], С.И. Игиликова мен Б.М Сүйеркүл да қазақ кісі есімдерін талдау жасап, ондағы араб тілінен енген есімдердің діни негіздерін айшықтап көрсетеді[9]. Осы тұрғыдан қарағанда қазақ есімдерінің лексикалық қорында араб текті есімдердің маңызды орын алатындығы көрінеді. Олардың негізінде Ислам дінінің жатқандығы сөзсіз.

### Тіршіліктің бастауы – діни көзқарас

Кез келген халықтың тарихында басында дінмен байланыстыратын кезеңдері көп. Қазіргі қазақ тілінде қолданылып жүрген «дін» сөзі араб тілінен алынған. Оның бірнеше мағынасы бар: 1.«Сыйлық»; 2.«Үкім», 3. «Мойынсұну», «бағыну»,«кұлшылық», «шариғат», «заң», «жол», т.б. [10; 11]. Ал, Еуропа тілдеріндегі қолданылатын «religion» сөзіне академиялық сөздікте мынадай сипаттама берілген «...*the belief in and worship of a good or gods, or any such system of belief and worship*» (аудармасы: *бір құдайға немесе құдайларға сену және оған гибадат ету немесе кез келген осындай сенім мен гибадат жүйесі*)[12].

Христиан (православие, католик, несториан), иудейзм, буддизм т.б. дін уағыздаушы діндарлардың баршасы мемлекет құрып, күшейе бастаған кездерінде өз дінін өзге халықтарға қабылдануға тырысқан, сол дінді қабылдаған елдер мен мемлекеттерді бағынышты етіп, өз ықпалын асырып, шекарасын кеңейтуге тырысқаны белгілі. Қарахан дәуірінде Ислам дінін алғаш қабылдаған Сатұқ Боғра хан басқаларға өнеге болсын дегендей, алдымен өз атын *Абдулкарим* (қазақша-Әбдікәрім) деп ауыстырып, одан соң балалары мен шөберелеріне де араб есімдерін береді. Қазақ жерінде Қараханид дәуірінен бастау алған бұл үрдісті ел басшылары мен лауазымды адамдар жалғастырып отырған. Ислам дінін қабылдаған кісінің арабша есім алуы әр дәуірде болған. Католик отбасында дүниеге келген атақты боксшы *Кассиус Клэй* мұсылмандықты қабылдағаннан соң 1964 жылы есімін *Мұхаммед Әли* деп өзгертеді. Ол Лос-Анджелестегі Голливуд даңқ аллеясында оның құрметіне жұлдыз орнатуды ұсынған кезде, ол жаяу жүргіншілер жолына емес, адамдар Пайғамбар есімін басып жүрмеуі үшін «*Dolby*» кинотеатрының қабырғасында жасауды өтінді. Әлемдегі ең танымал боксшылардың бірі *Майк Тайсон* исламды қабылдап *Малик Абдул-Азиз* деген мұсылман есімін алды. Атақты баскетболшы *Фердинанд Льюис Алсиндор* 1968 жылы исламды қабылдап, *Карим Абдул-Джаббар* деп атын өзгертеді. Француз футболшысы *Франк Рибери* де Ислам дініне өткеннен кейін атын *Билялға* ауыстырады. Америкалық кәсіби рестлер *Алвин Берк Хасан Хамин*, британдық әнші *Стивен Деметр Гиорги-Юсуф Ислам*, *Мысырлық Лилиана Мурад-Ләйләға* ауысады.

Белгілі бір дінді ұстанатын адамға сол діннің моральдік қағидалары, ұстанымдары және ережелерінің ықпалы зор. Әр діннің арнайы заңдары мен ұстанатын қағидалары бар. Діннің негізінде адамзат тұрғандықтан, оның заңдарында адамға есім беру қағидалары көрсетіледі. Ислам, Христиан және Иудаизм діндерінде адам есімінің маңызы зор. Екі дүниедегі өмірді қатар сипаттайтын Ислам дінінде қиямет күнінде «өзінің, анасының немесе әкесінің

атымен шақырылады, сондықтан да балаға мағыналы да мәнді есім қою керек» деген хадистер бар[13]. Бұл хадисті өсиет еткен мұсылмандар жаңа туылған балаға жақсы, мағыналы есім таңдауға міндеттелген, себебі баланың ересек болып қалыптасуы оның есімі және есімінің астарында жатқан мағынасына байланысты. Ислам дінінде антропонимдерге байланысты «макрух» (тыйым салынған) есімдер ұғым бар. Абдул-Кааба (қағбаның құлы), Абдун-Наби (пайғамбардың құлы), Абдул-Хусейн (Хусейннің құлы) секілді Алладан басқа құдайға немесе затқа табынушылықты көрсететін есімдерді қоюға тыйым салынады. Бұл Аллаға серік қосып тұр деген ұғымды білдіреді. Сондықтан мұсылмандықты қабылдағандар бұндай есімдерді қоймаған. Керісінше Абдулла (Алланың құлы) мен Абдірахман (Рахманның құлы. Аррахман-Алла сипаттарының бірі) есімдері ең жақсы есімдер саналған. Пайғамбарлар мен сахабалардың есімдері ұмытылмас үшін және олардың істерін үлгі ету мақсатында мұсылмандар ұрпақтарына олардың есімдерін көп қойған. Ал, қасиетті Құран кітабындағы жағымсыз кейіпкерлердің, тирандардың және кәпірлердің есімін беруге болмайды. Бұған мысал “Шайтан” және “Перғауын” есімдері бола алады. Мұсылмандарға тәкаппарлық және өзін тым жоғары көтеретін есімдер қоюға да тыйым салынады. Бұл туралы бір хадиста былай делінген: Ақыретте, яғни о дүниедегі өмірдегі, биліктің патшасы Алла үшін ең жиіркенішті есім өзін “патшалардың патшасы” атайтын адамдардың есімі. Тағы да тыйым салынған есімдерге аса мейірімді дегенді білдіретін Ар-Рахман, жаратушы дегенді білдіретін Әл-Халик секілді Алланың өзіне ғана тән 99 көркем есімдері жатады. Бұған қоса Алланың қасиеттерін көрсететін сын есімдерге аса және тым күшейтпелі шырайлар жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалған есімдерге тыйым салынады. Мұсылмандарда балаға қойылатын есім арабша болуы міндет емес, тек шыққан тіліндегі мағынасы жақсы болу керек. Дегенмен мұсылмандықты қабылдаған кісілердің өз есімін арабшаға ауыстыру фактілері көп кездесетіндігі жоғарыда айтылды. Мұсылмандық атаулардың үшінде туған айына және діни мерекелерге байланысты қойылған есімдер кездеседі. Қазақтардағы Рамазан, Айтберген, Айтқұл, Айтқожаева, Құрбанқожа, Оразқұл, Оразәлі сияқты есімдер бұған дәлел бола алады.

Библияның кітабында да есім беру жағдайына байланысты: “Енді Құдай Ие даладағы барлық аңдар мен ауадағы құстардың бәрін құмнан жаратты. Оларды Адамға қандай ат қоятынын көруі үшін жіберді. Әрбір тірі ағзаға қандай ат қойылса да сол атау оған тиесілі болды. Осылайша Адам малға, құстарға және барлық аңдарға ат қойды”

Христиан өзара православ, католик және протестант деп бөлінеді, алайда бұл діндерді ұстанатын топтардағы діни есімдердің айырмашылықтары

аз. Бұған, Православ христиан дініндегі есімдер тек Православие шіркеуінің қасиетті адамдарының есімдері болуы керек деген ережелерді жатқызуға болады. Христиан дінінде адам есімі туылған күнімен тікелей байланысты және олар баланың есімін адам емес құдай қояды, себебі құдай баланың туған күнін шешеді деп сенеді. Балаға есімді шоқынған кезде береді және есімге байланысты “Именины” деген мереке де бар. Құжатта немесе күнделікті өмірде қасиетті адамдардың сәл өзгертілген есімдер қолданылады. Мысалы, Георгий есімі Егор деп, Корнелий есімі Корней деп өзгертіледі. Христиан дінінде адаммен есімі бірдей қасиетті адам оны қорғайды және қасиетті адамдардың өмір жолы адамның тағдырына зор әсер етеді. Христиан дінінің католик тармағында да балаға шоқыну кезінде есім береді. Православтардан айырмашылығы олар есім берерде ата-ананың балаға есім берудегі уәждеменің рөлі өте үлкен. Православ дінін ұстанатындар төтенше жағдайлар болып қалмаса, балаларын туылғаннан кейінгі қырқыншы күні ескі өсиет бойынша, әйел ана жүктіліктің салдарынан тазарып, өзі нәресте шомылдыру рәсіміне қатыса алатын кезде дәстүрлі түрде шомылдыру рәсімінен өткізеді. Сол күні аты берілді және туғаннан кейінгі сегізінші күні жарияланған деп есептеледі. Бұл осы діндегі құдай жеті күн ішінде әлемді жасап, сегізінші күні Иса пайғамбардың келетін күні деген сеніммен байланысты болып отыр. Екінші жағынан, аптаның сегізінші күні православ апталығында бірінші күнмен сәйкес келеді. Демек, символикалық түрде, туған күннен кейінгі сегізінші күні есім атауы "жаңа туған нәрестенің есімін аспан патшалығының өмір кітабына енгізу" дегенді білдіреді. Ежелгі уақытта жаңа туған нәрестені «әулиелер» деп атай отырып, әулиелердің есімін қойған. Негізінен шомылдыру рәсімінен өткен адамға берілген есім енді өзгермейді. Дінді ауыстырғанда немесе діни тақуа болғанда ауыстыруы мүмкін. Христиан дінін ұстанған халықтарда кеңінен тараған ивриттік діни есімдердің ислам дінін ұстанған елдерде көрініс табу себептерін Т.Б.Мақұлбекұлы және А.Қ.Мейірбеков өз еңбектерінде түсіндіріп өтеді. Олардың пікірінше негізгі басты себеп – бұл есімдердің Құран кітабында кездесуі, екінші себебі – Израиль мен Араб елдері арасындағы күрделі қарым-қатынас екі елдің тіліне, мәдениетіне, діни мәселелеріне және әлеуметтік қатынас салаларына үлкен әсерін тигізуінде жатыр [14, 139 б.].

Діни кітаптардағы есімдер, пайғамбарлардың аттары мен дінді басқарушылардың аттарын қастерлеп, қасиеттеп барлық адамға беруге рұқсат етілмеген. Жалпы «Адам» есімі діни бағытта адамзаттың атасы болып саналады.

Кез келген халықта бала өмірге келгеннен кейін оған берілетін есімге жауапкершілікпен қарап, жақсы ниетпен есім қояды. Балаға үмітпен қарап, болашақ ұрпақ жалғасы екенін түсінеді. Жақсы ниетті, жақсы үмітті сеніммен



белгілі құдіретпен байланыстырады. Оны халықтардың аңыз әңгімелерінен, бүгінгі күндері ғылыми бағытта тұжырымға ұсынылатын мифтік жанрдан байқауға болады.

Әр дінде есім беру қағидаларының болуы антропонимдердің маңыздылығының көрсеткіші. Қазіргі замандағы діни ономастикалық кеңістік діни есімдердің қойылу жиілігі көрсете алады. «Араб тілінен енген есімдер» соңғы жылдары Ислам дінінің дамуы ықпалынан, діни тұрғыда ойлаумен байланысты кеңінен қолданысқа ие болып отыр. Мысалы: Айшанұр, Әл-Мәруа, Әлфия, Әмина, Әмира, Дінзухра, Жәннат, Зәмзәм, Кәусар, Құран, Мәдина, Мүслима, Низатель, Нұрәлима, Нұрилла, Нұрикамал, Нұриман, Нұрфатима, Нұрхадия, Раяна, Румейса, Рухаят, Сағадат, Сафиянұр, Сәлсәбіл, Семанұр, Фирдаус, Хадиша, Хайырниса, Ханифа, Уәсила, Ясина. 1980-2018 жылдар арлығында ата-аналар тарапынан жиі қойылған әйел антропонимдерінің арасында Медина есімінің бірінші болуы да діннің халыққа әсерін көрсетеді [7].

Иудаизм дінінде де антропонимдердің рөлі ерекше, себебі әрбір нысанның иврит атауы оны құдаймен біріктіретін арнасы деп есептелінеді. Аризалдың айтуы бойынша бұл адамдардың есімдеріне де қатысты, олар адамның жан мен тәнін байланыстырады. Бұған қоса Иудаизмге сенетін адамдар ата-ана балаға ивриттік есім берерде құдайдың шапағатын алады деп сенеді. Адамның есімі оның мәнін, мінез-құлқын және тағдырын шешеді деп сенеді. Еврейлерде ұлттық санасында антропонимдердің маңызы зор, себебі олар әрқашан балаларына еврей есімдерін беруге тырысқан және бұл ұстаным оларды ежелгі Мысыр халқынан айырған және олардың өз құдайын ұмытпауға немесе мысыр халқының пұтына табынудан аман алып шығуға септігін тигізген және мысыр халқымен қосылып кетуіне кедергі болған. Иудаизмде Тораға адамды өз атымен немесе әкесінің еврейлік атымен шақырады деп сенеді, бірақ егер де әкесі еврей болмаса шешесінің әкесінің атап шақырады. Ашкеназдар, иудаизмге сенетіндердің бір тармағы, көбінесе балаларға өмірден кеткен туысының есімін береді, бұл екеуін метафизикалық түрде байланыстырады, яғни баланың жақсы істері қайтқан адамның деңгейін жоғарылатады және қайтқан туысының жақсы қасиеттері баланы қорғайды да, шабыттандырады. Бірақ кейбір Йеменит және Сефардик қауымдастықтарында бұл мақсатқа есімдер қолданылмайды. Бұған қоса күнәлерді жуып шайғанда есімдер өте маңызды. Иудаизмде балаларды көбінесе ребе, яғни Тораны үйреткен ұстаз, атымен атайды, бірақ та сол есіммен өзге адамды меңзесе ондай есімді қоюға болмайды. Және бір отбасында екі ағайындыға бірдей есім беруге тыйым салынады, себебі көз тиіп қалады деп сенеді. Иудаизмде “раша”, яғни жаман жанның атымен аталуға болмайды. Біріншіден, иудаизмнің жа-

зуларына сүйенсек олардың есімдері мүлдем жойылып кетуі, сақталмауы міндет. Екіншіден, егер сол есім балаға қойылса оның мінез-құлқына жаман әсер етеді деп сенеді. Жастайынан қайтыс болған адамның атымен атауға тыйым салынады. Егер де пенде сауықпайтын аурумен ауырса оның есіміне қосымша есім қосылады да, ол негізгі есім ретінде есептелінеді. Бұл есімдер сауығу немесе ұзақ өмірді білдіреді және бұндай есімдер қатарына емшілік періштесінің есімі Рафаэль және ересегірек мәніндегі Алтер есімін жатқызуға болады. Иудаизмде ауру адамға жаңа есім қосып оның тағдырын өзгертуге болады деп сенеді. Бұған қоса егер де жолдасыңыздың есімі сіздің ата-анаңыздың атымен бірдей болуына тыйым салынады. Сонымен салыстыра келе Ислам, Христиан және Иудаизм діндерінің бірінші ұқсастығы - діннің кісі есімін беруде маңызды фактор болатындығы. Екінші ұқсастығы діндегі қасиетті адамдардың есімдерін қойылуы адамдардың нанымында оларға жақсы ықпал етеді. Ал қасиетті кітаптағы немесе тарихтағы жаман кейіпкерлердің есімін беруге мүлдем тыйым салынады. Бұл жақсылардың есімдері сақталып, жамандардың есімдері жойылып кетсін деген ниеттен туған тұжырым деуге болады.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Izmirliева V. All the names of the lord. - The university of Chicago. Press Chicago and London.2008.
2. Стеблин-Каменский Н. И. Антропонимика мусульманского Волло//Тезис докладов конференции «Локальное наследие и глобальная перспектива». Восточный факультет СПбГУ, 2014.25
3. Сулейманова Л.Р., Сулейманов Ф.М., Ласынова Н.А. Антропонимы арабского происхождения с религиозной семантикой в башкирских шежере. // Вопросы ономастики. 2016. Т. 13. No 1. с.117–128
4. Becker, J. Names of Jews in Medieval Navarre (13th–14th centuries)// Proceedings of the 23d International Congress of Onomastic Sciences (August 17-22, 2008, York University, Toronto), CD-ROM, Toronto: York University, 140-157
5. Ағабекова Ж.А. «Қазақ тіліндегі араб текті кісі аттарының этнолингвистикалық сипаты» кандидаттық диссертациялық жұмысы.-Алматы, 2006
6. Қыдырбаев Қ. «Қазақ онимдерін араб тіліне транслитерациялаудың ғылыми-теориялық негіздері» атты диссертациялық жұмысы. .-Алматы, 2010
7. Әлиакбарова А. Т. Жаңа әлеуметтік-мәдени жағдайдағы замануи қазақ антропонимиясы: трансмиссия, трансформация. Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация, -Алматы, 2020
8. Досжанов Б.Ә. Қазақ тіліндегі көне тұлғалы антропонимдер: Филол. ғыл.

канд. ғыл. дәрежесін алу үшін дайынд. дисс. автореф. (10.02.02) / Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия мемл. ун-ті. – Астана, 2001. – 26 б.

9. Игиликова С.И., Сүйерқұл Б.М. // Қаз ҰУ хабаршысы, 2018/4

10. Оңдасынов Н.Д. Арабша-қазақша түсіндірме сөздік. Қазақ тіліндегі араб сөздері / 1-том. Алматы: «Білім», 2010. – 167 б.

11. Баранов Х.К. Арабско-русский словарь. М.: Русский язык, 1985. – 944 с

12. Oxford English Dictionary. // <https://www.oxfordlearnersdictionaries.com> (the first book of Moses or Genesis, II, 19–20)

13. The Holy Bible, New International Version. International Bible Society, Colorado Springs, -Colorado 1984.

14. Мақұлбекұлы Т.Б., Мейірбеков А.Қ. Араб, иврит тілдеріне ортақ діни және классикалық есімдерінің ағылшын антропонимдер қорындағы алатын орны мен олардың қазақ антропонимдерінің қатарындағы көрінісі // Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – Алматы, 2013. – №3 (94). – Б. 137-141.

## ОНОМАСТИКАДАҒЫ ОТАРСЫЗДАНУ ОЙЛАНДЫРАДЫ

**Жаңабек Жақсығалиев**

*М.Өтемісов атындағы БҚУ доценті,*

*тарих ғылымдарының кандидаты*

*Батыс Қазақстан облыстық ономастикалық*

*комиссиясының мүшесі*

Біз сияқты тәуелсіздігін жариялап, аяғын қаз-қаз басқан балауса, жауқазын мемлекеттердің тарихында тілге жиі тиек болатын екі ерекше саяси ұғым бар екенін әлемдік тәжірибеден жақсы білеміз. Оның біріншісі – деколонизация (отарсыздану) болса, екіншісі – неокolonизация (жаңа отаршылдық).

Аты айқайлап айтып тұрғандай-ақ жылдар, ғасырлар бойы отарлық езгіде жаншылған халықтың отаршылдық һәм құлдық санадан біржолата арылып, бодау дәуірде көмескіленген ұлттық санасының қалпына келтіріліп, заманауи бейнеде қайтадан жаңғырып, жаңаруы һәм түлеуі сөз жоқ, деколонизация (отарсыздану) саясатының сәтті, жүйелі жүргізілуіне байланысты. Бұлай болмаған жас егемендердің тәуелсіздігі мен мемлекеттілігінен оп-оңай айырылып қалатынын және жаңа отаршылдыққа (неокolonизация) тез ұрынатынын түсіну үшін тісқаққан саясаттанушы болудың қажеті жоқ.

Біздіңше, отарсыздану саясатының арналы саласының бірі – ономастика. Бұл бағытта да бетінен қалқымай тереңірек зерделең, байыппен бағдарлап, оқырманмен ой бөлісетін тұстар аз емес. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың өзі ел ордасын Астанаға көшіргенде ондағы көшелердің дені кешегі кеңестік кезеңді еске түсіретін, қаны шашыраған коммунистік атаулармен тұрғанына (Октябрь, Коммунист, Революция, т.б.), ономастикалық саясатты ешкімге жалтақтамай батыл жүргізу керектігіне жұртшылықтың назарын аударған болатын.

Иә, патшалық Ресейдің, кейін Кеңес өкіметінің Қазақ даласын өте абайлап, мысықтабандап, қитұрқы әдістермен отарлағаны тарихи құжаттарда сайрап жатыр. Мысал ретінде атап өтер болсақ, кезіндегі республикамыздың астанасы Алматының өзі Омбы генерал-губернаторы Гасфордтың қызы Вераның атымен Верина деп аталып, 1867 жылдан бастап патшаның қалауы бойынша Верный деп аталып кете барды. 1720 жылы Кряковтың атымен қазақтар Кереку деп аталған қала 1861 жылы генерал-губернатор Гасфордтың еркімен II Александр патшаның баласы Павелдің бір жасқа толуына қошемет етудің бір көрінісі ретінде Павлодар (Павел ханзадаға сый) деп өзгертілді (Мырзахметов М. Қазақ қалай орыстандырылды. – Алматы: Атамұра – Қазақстан, 1993.74-бет).

Бірінші мысалдан, қазақ халқының Алматы сынды қасиетті қоныс атауының патша өкіметінің далалық ұлығының қалай ойыншығына айналғаны анық байқалса, екінші деректен де ақ патшаға жағымпазданып қалудың сәтін қалт жібермеген жырынды губернатордың ойына келгенін жасағаны тайға таңба басқандай көрініп тұр. Мұндай макротопонимдерге қатысты мысалдарды тәспідей тізе бергеннен мәселенің мәні өзгермейді.

Батыс Қазақстан өңірі – отарлаудың өтінде болып, жер-су, елді мекен, көше, т.с.с. атаулармен алашұбарланған өлке. Өңір ономастикасын егжей-тегжейлі зерттеген ғалым Ұлдай Рысқалиқызының дерегінше облысымыздағы орыс қабатына енген топонимдер төмендегіше жіктеледі:

1. Батыс Қазақстанға алғаш қоныстанған орыс казактарының бекіністері мен күтірлерінің, станицаларының атаулары. Мысалы, Щапово, Круглоозерное, Коловертное, Янайкино, Серебряково, Феофанова, т.б.

2. Столыпин реформасының нәтижесінде көшіп келген орыс және украин шаруаларының кезеңіндегі атаулар. Мысалы, Покровка, Кирсаново, Даринск, Долинное, Озерное, Зеленовское, Переметное, т.б.

3. Орыс патшасы және оның айналасындағы дворяндар мен помещиктердің, казак атамандары мен есаулдарының есімдерімен қойылған атау. Мысалы, Богатырев, Кожехаров, Калмыков, Антонов, Топорков, Глухов, Молотков, Васкинъ, Березин, т.б.

4. Қазан революциясы мен Азамат соғысы кезеңіндегі топонимдер. Мысалы, Чапаев, Фурманов, Бударино, Батурин, т.б.

5. Кеңес үкіметінің қайраткерлері мен әскери қолбасшылардың құрметіне қойылған атаулар. Мысалы, Шолохов, Ворошилов, Калинин, Киров, Чапаев, Свердлов, К.Маркс, Ленин, Крупская, Куйбышев, Чуйков, т.б.

6. Тың және тыңайған жерлерді игерушілер қойған атаулар. Мысалы, Пермский, Ульяновский, Новая Покровка, Полтавка, Правда, Целинный, Новопавловка, т.б.

7. Кеңестік өмір салты мен коммунистік идеология әсері нәтижесінде қалыптасқан атаулар. Мысалы, Первомайское, Интернационал, Красный маяк, Трудовое, Дружба, Комсомольское, т.б.

8. Жергілікті жер-су атауларының жаңадан қоныстанушылардың тарапынан өздерінің тілдеріне ыңғайлануы мен калькалану нәтижесінде қалыптасқан атаулар. Мысалы, Казталовка (Тал екпе), Крутая (Үңгір), Краснагор (Қызылжар), Чинарево (Шынарлы), т.б. (Рысқалиқызы Ұ. Батыс Қазақстан жер-су атауларының сөздігі. – Орал: «Полиграф сервис», 2001. 23-бет).

Біз бұл деректен патшалық, кейін кеңестік Ресей идеологтарының өңірімізде отарлау саясатын сыналап, кезең-кезеңімен өте жымысқы жүргізгендігін аңғарамыз.

Ел тәуелсіздігі жылдарында жоғарыда аталған елді мекендердің дені байырғы өзінің халықтық атауына қайта оралғанымен, оның барлығы бірдей, әсіресе облыс орталығы Орал қаласының төңірегіндегі ауылдардың аты ұлттық танымға жақын атауларға әлі толық көшіп үлгермегенін ерекше атап өтеміз.

Әрине, мұның бірнеше объективті, субъективті себептері бар. Біздіңше, көтерілген мәселенің негізгі сырын шаһар төңірегіндегі демографиялық ахуалдың өзгешелеу екені мен өліара кезеңдегі дана халқымыздың «кең болсаң, кем болмайсың» деген парасатты ымыраластық тактикасына мойынұсынудан іздеген жөн. Яғни, отарсыздану саясатын жүргізу бір күнде бола салмайтын, ақыл мен парасатты, білім мен білікті, төзім мен байыпты һәм уақытты барынша қажет ететінін және өңір ономастикасының өте нәзік жіптерден тоқылып жатқанын көзі ашық, көкірегі ояу оқырман іштей сезіп отырған шығар.

Десек те, өңір ономастикасындағы соңғы оңды өзгерістердің жарқын мысалы облыс орталығын сақиналай орап жатқан ірі аудандарымыздың бірі бұрынғы Зеленовтың «Бәйтерек» атауына орын беріп жатқандығы және жыл құсындай жағымды жаңалықты облыс жұртшылығының ерекше жылы қабылдап, оған сүйсіне қарауы назар аударарлық. Бұдан 10 жыл бұрын осы ұсыныс қолдау тауып, Үкімет жанындағы республикалық ономастикалық комиссияға жолданған болатын. Алайда, республика бойынша ономастикалық бірліктерге атау беруге мораторийдің жариялануына байланысты аталмыш мәселе кейінге қалдырылған еді. Қазіргі таңда халықтың атынан сайланған жергілікті қоғамдастық өкілдерінің 89,1%-ы қолдап, аудан атауын еліміздің астанасының символы болып табылатын «Бәйтерек» деген атауға тоқталды. Өйткені «Бәйтерек» байырғы орта түсінігінде жердің дәл кіндігінде өсетін, тамыры жерасты, діңі адам әлемі, басы рухтар мекені болып табылатын көк тіреген алып ағаш болса, ауданның географиялық ерекшелігі жағынан табиғаты жасыл аймақ болып табылады.

Азаттық ономастикасына бірнеше мақалалар арнаған, тәжірибелі ғалым, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Үкімет жанындағы республикалық ономастикакомиссиясының мүшесі Ханкелді Әбжановтың ономастғалымдарға жол сілтер ғылыми тұжырымдары ерекше назар аударарлық. «Ономастиканың практикалық міндеттері санмен де, сапамен де шешілгені жөн. Мыңдаған көшелеріміз, жүздеген елді мекендеріміз, сансыз нысандарымыз басқа тілдегі атаулармен айшықталуынан арылмайынша қазақстандықтардың, әсіресе жас ұрпақтың санасындағы ақтандақтарды, саяси-әлеуметтік ескіудайылықты жою қиынға соғады, – деп тұжырымдайды Х.Әбжанов.

Әрине, бұл ономастика саясатын тұтастай қазақтандырып жіберу керек деген сөз емес. Әлемдік өркениет пен мәдениет белестері, адамзаттың ой-

шыл, қайраткер тұлғалары қазақ ономастикасында орын тебетіні күдіксіз. Әйткенмен санда да, сапада да ұлттық болмыстың басым түсіп жатуын қамтамасыз етпей дiттеген мақсатқа жетпейміз. Өзін сыйлағандар ғана өзгенің қадірін түсінеді» (Әбжанов Х. Қазақстан: тарих, тіл, ұлт. – Астана: «Ана тіл – Ата тарих» баспа-зерттеу орталығы ЖШС., 2007 – 92-бет).

Сөзімізді тобықтай түйсек, ономастика саласының мүйізі қарағайдай майталмандарының ой-байламдарына иек артып, мәселенің байыбына тереңірек бойламай, күні өткен ескінің жаңаға жол беретінін мойындағысы келмейтін кейбір замандастарымыздың кісі қынжыларлық ерсі қылықтары атам қазақтың «шолақ сай тез тасиды» деген қанатты сөзін еріксіз еске түсіреді екен.

Қалай болғанда да, ел мен жер атаулары – ұлттық тарихи санамыздың қайнар көзі. Қысқасы, өңір ономастикасы жаңа кезеңге аяқ басты. Айналаға қарап жалтақтайтын заман бірте-бірте аттың артына ысырылып, шапшаң айнала бастаған тарих тегершігі заман талабына сай жаңа міндеттерді жүктеді. Қазақстан Республикасы мемлекет құрушы әрі құраушы ұлт – қазақ халқының тарих алдындағы жауапты, жетекші һәм көшбасшы ұлт екенін жан дүниесімен сезінетін уақыт келді.

## ТӘУЕЛСІЗ 30 ЖЫЛДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ОНОМАСТИКАСЫ

**Сәуле Иманбердиева**

*С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ  
профессоры, фил. ғыл. докторы*

Жалқы есімдер адамның барлық тұрмысына қатысты, сондықтан лингвистер мен әдебиетшілерге, журналистер мен тарихшыларға, басқа да ономаст-мамандарға ономастиканың теориясы мен прагматикасын білу қажет. Қазіргі уақытта Қазақстан территориясындағы жер-су атаулары халықаралық келісімшарттарда, ресми құжаттарда, шетелдік БАҚ, ғаламторда қолданылу барысы күн өткен сайын өріс алып келеді. Олардың жазылуы, айтылуы, халықаралық деңгейде қолданылуы еліміздегі топонимдердің дұрыс зерттелмеуінен және арнайы ұлттық стандартталған географиялық атаулар болмағандықтан дұрыс жүргізілмеуде.

Жасанды және табиғи жалқы есімдерді жасауда қолданылатын тілдік құралдар жүйесі, олардың құрылымы, семантикалық және сөзжасамдық модельдері, жалқы есімдерді өзара қатыстылығы, септелу ерекшеліктері, жалқы есімдердің синтаксисі, атқаратын қызметі т.б. ономастиканың нысаны болып табылады.

Географиялық атаулардың кез келген халық үшін маңызы зор. Топонимдер – мемлекет тұтастығының кепілі. Адамзат санасында жер-су атаулары бағыт-бағдар қызметін атқарып келетіні бәрімізге белгілі.

Тәуелсіз 30 жыл ішінде Қазақстан ономастикасы қалай дамыды деген сұраққа жауап алып көрелік.

Ономастикалық кеңістіктің өзегінде орналасқан топонимика мен антропонимика барынша зерттеліп, нормативтік тұрғыдан қарастырылып келеді. Дей тұрғанмен, олар таным, әлеуметтік, психологиялық, онимжасау, гендер тұрғысынан барынша зерттелмеген. Ал бұл не үшін мұндай атау тағылды, қазақ халқының танымын, психологиясын анықтауға, сонымен бірге ұлына не қызына неліктен осындай ат берді деген сұрақ аясында халықтың гендерлік мәселені шешудегі шеберлігін айқындауға мүмкіндік берер еді, яғни қазақ – кім дегенді ашу кім кімнің болса да қызығушылығын тудыраы сөзсіз.

Осы бағыттарда Т.Жанұзақов, Г.Мәдиева, Қ.Рысбергел, Ұ.Ержанова, З.Құламанова, Б.Бияров, Б.Әбдуәліұлы т.б. еңбектерін атауымызға болады.

Жарыққа шыққан еңбектерде «Ономастикалық кеңістікте шектік орын алған разрядтар (эргонимдер, порейонимдер, фалеронимдер, тауар белгілері



т.б.) әлсіз құрылымды және жүйелігі жағынан әлсіз болып ерекшеленеді» деген ой қалыптасқан. Бірақ бұл анықтама нақтылауды талап етеді, өйткені әртүрлі аймақтық және тілдік социумға қатысты көптеген материалдарды зерттеу қажет. Қазірдің өзінде ономастиканың шектік кеңістігіндегі разрядтарға нақты құрылым заңдылықтары, жедел түрдегі онимдер жасау, өзіндік жүйелі-құрамдық құрылым тән екендігі жайында айтуға болады. Тілден тыс факторлардың ықпалымен шектік онимдер (өзегі болып табылатын антропонимдермен салыстырғанда) өте динамикалы, яғни жылжымалы, өзгермелі (тұрақты емес және өзгеріске бейім).

Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мақсатында Тіл комитетінің ЖОО ономаст-мамандарды әзірлеуде қолдау көрсету өтініші негізінде бірқатар ЖОО ономастика теориясы және практикасы пәні филология факультетінде енгізілген болатын.

Ономастиканың пән ретінде оқытылуы:

- А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінде 5 кредиттік курс;
- С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінде 5 кредиттік пән оқытылады;
- Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінде де «Ономастика теориясы мен практикасы» пәні оқытылады.

Бұл қазіргі кезде аздық етіп отыр, өкінішке орай, өңірлерде ономаст ғалымдар жетіспеуде. Әр өңірдің топонимикасын, антропонимикасын т.б. түрлерін зерттейтін теоретик ғалымдар жоқтың қасы.

Жалқы есімдер жалпы есімдерге қарағанда едәуір көп. Дегенмен, олар сөздіктерде барлық жағдайда келтірілмейді, лингвистер де оларды зерттей бермейді, мектепте оқыту үшін де көп қолданылмайды. Ономастикалық материал тек оқу құралы ретінде филология факультетінде оқытылады, ал ономастика бойынша білім бүкіл әлем атаулардан тұратындықтан қажет-ақ. Жалқы есімдер әлемі ерекше және өте қызықты.

Қазіргі кезде, өкінішке орай, Қазақстанның жоғары оқу орындары студенттеріне арналған және жаңа талапқа сай теориялық материалдары бар арнайы оқу ономастикалық әдебиеті жоқ.

Қазақстанда белгілі ғалым-ономаст Т. Жанұзақовтың университет пен педагогика институттарының қазақ бөлімі студенттеріне арналған «Қазақ тілінің жалқы есімдері» атты алғаш рет жазылған оқу-методикалық құралы бар [1].

Сонымен бірге, Г.Б.Мәдиева, С.Қ.Иманбердиеваның «Ономастика: зерттеу мәселелері» оқу құралын [2] ономастика курсы жүргізілетін ЖОО пайдалануда.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі тарапынан ұсынылған тапсырмалар бойынша ғалымдармен, ономаст-мамандармен бір-қатар шаралар орындалуда. Мәселен:

➤ Қазақстан Республикасындағы ономастикалық жұмыстарды ұйымдастыратын әдістемелік ұсынымдар;

➤ идеологиялық тұрғыдан ескірген атаулары бар елді мекендер мен олардың құрамдас бөліктерін қайта атау жөніндегі 2022-2025 жылдарға арналған Жол картасы әзірленген.

➤ Қазақ азаматтары аты-жөндерінің емле ережелері жайлы нұсқаулық;

➤ Қазақ азаматтары аты-жөндерінің латынграфикалы әліпби негізінде жазылу ережелері ұсынылған.

Ал нормативтік тұрғыдан алғанда, Республикалық ономастикалық комиссия, облыстық ономастикалық комиссия, ономастика басқармасы мен жергілікті ономастика бөлімдерінің, сонымен бірге ғалымдардың еңбектерін атап өтуге болады. Мәселен, Т.Жанұзақ және т.б. ғалымдар әзірлеген Қазақ азаматтары аты-жөндерінің емле ережелері жайлы нұсқаулық; бір топ ғалымдар әзірлеген «Қазақстан географиялық атауларының латынграфикалы әліпби негізінде жазылу ережелері».

Ономастикалық жұмыстың нормативтік құқықтық базасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 21 сәуірдегі № 368 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық ономастика комиссиясы туралы ереже, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы № 281 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру туралы» тәртібіне және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы № 138 қаулысымен бекітілген Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларымен толықтырылған.

Сонымен бірге физика-географиялық нысан атаулары мен мектеп, станса т.б. нысандарды атау, қайта атауда қайталанымдарды, әкесі мен көкесінің есімін беруді шектеу мақсатында есімдерін нысандарға тағуға лайық Тарихи тұлғалар тізімі; Ұлттық танымды нақыштайтын ұлттық атаулар тізімі жасалған.

Ал ономастикалық кеңістіктің шегінде орналасқандардан прагматонимдер мүмкіндігінше зерттеліп, нормативтік тұрғыдан кейбір тұстары ғана қарастырылғанын ескерсек, жалпы алғанда, Тәуелсіз 30 жыл ішінде Қазақстан ономастикасы қажетті деңгейде дамыды дей алмыз ба, өздеріңіз пайымдай беріңіздер.

Белгілі ғалым-топонимист Э.М. Мурзаев былай деп жазған: «Қазіргі әлемді географиялық атауларсыз елестету мүмкін емес. Пошта, телеграф, темір жолдар өз қызметтерін тоқтатады, ұшақтар әуежайда, кемелер аты жоқ кеме тоқтайтын жерлерде тұрып қалған болар еді. Ал газеттер жер шарының әр жерінде болып жатқан оқиғаларды қалай жеткізер еді?» [3]. Қазіргі технологияның дамыған заманында газерттерді көбісі оқи бермейді, сонда әлеуметтік желідегі онимдер, соның ішінде топоним, антропонимдердің қалай қолданылып жатқандығын анықтауға бағытталған еңбектер, нормативтер мүлде жоқ. Мұнда айтпағымыз, әлеуметтік желіде қолданыста жүрген жалқы есімдер кеңістігі назардан тыс қалып отыр. Бұл ойды ары қарай дамытып, кісі аттары, жануарлар, ғарыш, планеталар, әдеби және басқа ғылыми, өнер шығармалары, тағам т.б. атауларын қатыстырып айтуға болады. Егер атаулар жоғалса, адамзат оған жаңасын ойлап табады. Біздің санамыз осылай қалыптасқан, яғни бізді қоршаған ұқсас дүниелерді ажырату үшін осы қызметте жұмсалатын ерекше сөздер жасайды. Бұндай сөздер заттарды, ұғымдарды, құбылыстарды ажырататын жалқы есімдер болып табылады.

Дегенмен, ономастика саласында осы 30 жылдың ішінде бірқатар жетістіктерін де атап өткеніміз жөн:

- әр өңірдегі ономастика саласы жұмысының реттеліп, жүйеге келуі;
- [atau.kz](http://atau.kz) сайтының ашылуы және жұмыс жасауы;
- Ономастикалық хабаршының жүйелі түрде шығарылуы;
- облыс ономаст-мамандарының жұмысы бойынша конкурс;
- «Ономастика тынысы» өңірлік журналының шығарылуы;
- өңірлерде семинарлар мен конференциялардың өткізілуі;
- «Латын қарпі негізінде Қазақстан физика-грамматикалық нысандары атауларын стандарттау және бірізділендіру» жобасы;
- «Тарихи-диахрондық әдісті қолдану арқылы ономастикалық атауларды жүйелендіру қызметі» жобасының ұсынылуы.

Осы аталған соңғы жоба негізінде қарастырылған Солтүстік Қазақстан, Қарағанды облыстары бойынша қазіргі кезде кісі тұрмайтын елді мекен атаулары да қамтылған, сонымен бірге өзгертілген бұрынғы атаулар да қарастырылған. Электронды 3D форматтағы картаға барынша ақпаратты түгел жан-жақты талдап, жинақтап салу мақсатында әр атаудың өткені мен қазіргі жағдайы толығымен қамтылған. Бір атау бірнеше ауданда тіркелген болса, үтір арқылы ықшамдалып бір атау негізінде берілді.

Мұндағы айта кететін жайт – қарастырылған облыстарда кісі есімінен қалыптасқан атаулар басым. Оның себебі идеологиялық мәндегі өзге тілді топонимдер санының көптігінде. Белгілі тұлға тек күзеуге, қыстауға, жайлауға көшкен ауылға берілген, ол сол ауылдың иесі, қай бай екенін аңғартқан, ал қыстау, күзеу т.б қазақ еш уақытта кісі есімін атау ретінде нысандарға таға бермеген, оның орнына жер бедері, судың ащы-тұщылығы, таудың биік/аласалығы, көлдің сұлулығы т.б. жайлы ақпарат беретін атауларды таққан.

Жалқы есімдерді зерттегенде тілдің ономастикалық жүйесін кез келген синхронды талдау диахронды шолусыз болмайтынын ескеру керек, себебі кез келген тарихи, этнографиялық деректер ономастиканың қазіргі қалпын анықтауға мүмкіндік береді. Қазіргі ономастикалық кеңістік әлеуметтік, психологиялық, тарихи жаңалықтарымен ерекшеленеді. Адамның ұлттық нышаны сәл өзгерсе, оның атауы да өзгереді. Бұрынғы кеңес өкіметінің, соның ішінде Қазақстанның топонимдік бейнесі соңғы кездері өзгергені соншалық, географиялық карталар мен анықтама материалдарын өзгертуге тура келді. Қазақтардың антропонимдік жүйесінде едәуір өзгерістер орын алды, мысалы, балаларына ат беру семантикалық принциптері өзгерді, фамилияның жаңа формалары қалыптасты. Қазақстанның эргонимдері айтарлықтай өзгеріп, жаңа модельдермен, атау берудің жаңа тенденцияларымен толықтырылды.

Жалқы есімдерінің жасалу, пайда болу, шығу тарихында төтенше орын алатын маңызды мәселенің бірі – тарихи-мәдени жағдаяттар. Халық тарихындағы бұл елеулі оқиғалар, біріншіден, атап айтқанда, түрлі қоғамдық құрылыстағы әртүрлі діни ағымға байланысты болса, екіншіден, көрші елдермен жасаған алуан түрлі мәдени қарым-қатынас, достық байланыстармен ұштасып жатады. Әдетте, бұл тарихи-мәдени байланыстардың тіліміздегі есімдер құрамының молая түсуіне, лексика-мағыналық және функциялық мәнінің жетіле беруіне зор ықпал жасағаны аян.

Арнайы ономастикалық шығу көздеріне географиялық карталар мен атластар, жеке жазылған естеліктер, публицистика, бұқаралық ақпарат құралдары, географиялық және тарихи очерктер, жазба ескерткіштері, мұрағат құжаттары, анықтамалық көрсеткіштер, телефондық және адрестік кітаптар, тіркеу кітаптары, актілік құжаттар т.б. жалқы есімдер туралы пайдалы ақпарат беретіндердің барлығы жатады. Зерттеудің жеке шығу көзі ретінде әртүрлі ономастикалық сөздіктер (топонимдік, антропонимдік, зоонимдік, терминологиялық т.б.) қызмет атқаратынын ескерсек, жоба негізінде әзірленген Солтүстік Қазақстан облысы топонимдері (2020), Қарағанды облысы топонимдері (2020) атты монография, Жамбыл облысы топонимдерінің кестелі сөздігі (2021), Ақмола облысы топонимдерінің кестелі сөздігінің (2021) қосқар үлесі зор.

Сонымен бірге ономастика саласында әлі назар аударуды қажет ететін тұстары да жетерлік. Осы саланың бірқатар проблемаларын атап өтер болсақ:

- ғалым ономаст мамандардың жетіспеуі;
- ғылым мен практиканы түйістіретін халықаралық деңгейде конференция (форум) өтпеуі;
- отандық және шетелдік мұрағаттар материалдарына қол жеткізу мүмкіндігінің болмауы;
- сала мамандары мен ғалымдардың, зиялы қауымның ономастикалық кеңістікке қатысты сын-пікірлері мен ұсыныстарының толыққанды болмауы.

Ғылым мен практиканы түйістіретін халықаралық деңгейде өткізіліп жатқан конференцияларда (форумдарда) ономастика саласының проблемалары мен тәжірибе алмасу тұстары сөз болғанымен, негізінен, конференция өткізуші елдің ономастикасына арналады да мамандар өз идея, проблемаларын халықаралық деңгейде көтереді. Сонымен бірге, назар аударатын тұсы: сол елдің ономастикасы әр қырынан (топонимика, антропонимика, космонимия, этнонимия, топонимканың әр түрі т.б.) қарастырылып, мамандарының әр бағытта жеткілікті екендігін байқатады, яғни ономастика саласы қажетті деңгейде дамып отыр. Мәселен, біз қатысқан Ресей, Италия, Польша, Оңтүстік Африкада өткен конференция барысы осыған көз жеткізді [4-6].

Осы тұрғыдан алғанда, біздің ономастика саламызда да бірқатар қажеттіліктер анықталып жатыр:

- ономастикадан қорғаған ғалымдар тізімінің орталықтандырылған базасы;
- ономастикаға арналған ғылыми-практикалық еңбектердің базасы;
- қолжетімді жергілікті топонимдер мен антропонимдер реестрі;
- қолжетімді жергілікті топонимдер картасы;
- atau.kz сайты негізінде сауал-жауап айдары;
- atau.kz сайты негізінде ономастикадан өткізілетін іс-шаралар жоспары (конференция, семинар, дөңгелек үстел, байқау).

Қорытындылай келе айтпағымыз: Тәуелсіз 30 жыл ішінде Қазақстан ономастикасы қалай дамыды деген сұрақтың жауабы – ономаст-ғалымдар, ономаст-мамандар, басқармалар, басқа да ұйымдар, ЖОО бірлесіп жұмыс жүргізгенде ғана анықталады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1 Жанұзақов Т. Қазақ тіліндегі жалқы есімдер: университет пен пединституттар студенттеріне арналған оқу құралы. - Алматы, 1965.

2 Ономастика: зерттеу мәселелері // Из-во КазНУ им. аль-Фараби 2016г., 250 с. РУМС

3 Мурзаев Э.М. Очерки топонимики. М., 1974.

4 UNITED NATIONS GROUP OF EXPERTS ON GEOGRAPHICAL NAMES  
Romano-Hellenic Division International Scientific Symposium Permanence,  
transformation, substitution and oblivion of geographical names Napoli [Naples],  
Italia, 22nd - 24th September 2021

5 Names Society of Southern Africa 07 October 2021

6 22nd Международная и общенациональная конференция по ономастике  
(МиОКО) 14-16 октябрь, 2021

## ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ТОПОНИМДЕРІНІҢ ӨЗГЕРУ ДИНАМИКАСЫ МЕН ДИАХРОНИЯСЫ

**Зиба Құламанова**

*М.Х.Дулати атындағы*

*Тараз өңірлік университетінің профессоры, ф.ғ.к.*

Топонимикалық материалдар – халқымыздың мол қазынасы, мәдени байлығы, тілі мен тарихының қайнар бұлағы, ата мұрамыз болып табылады. Бұл материалдарды жаппай жинап, есепке алып хаттау, тәуелсіздік жылдарындағы оның өзгеру динамикасы мен диахроникасынан ана тіліміз бен ұлттық тарихымыздың сыр-сипатын, халқымыздың әдет-ғұрып, салт-санасын тереңдей зерттеу үшін аса қажет те құнды материалдар болып табылады.

Осы мақсатта «ҚР Президентінің Жарлықтары мен Үкімет Қаулылылары және Мемлекеттік ономастика комиссиясының ұйғарымы бойынша қалпына келтірілген облыстың тарихи атаулары, жаңадан қойылған, өзгертілген елді мекен атаулары, яғни Жамбыл облысы топонимдерінің өзгеру динамикасы мен диахрониясына тоқталамыз.

Байқап қарасақ, өңірдегі мындаған атаулардың шығуы, пайда болуы, дамып өсу тарихы тек бір ғана дәуірге тән емес, талай ғасырлар қойнауынан сыр шертетін, уәжді, шежірелі тарихи небір өткен дәуірлердің куәгері болып саналады.

Сондықтан да Жамбыл облысының ұлан-ғайыр, кең байтақ, даласының атаулары – халықтың тарихы, қоғам өмірімен біріге, біте қайнасып, ғасырдан ғасырға ұласа отырып, ұрпақтан ұрпаққа жетіп, кейінгі болашақ буындарға мирас болып отырған мәдени асыл мұра, өшпес шежіре, халықтың ұшқыр қиял-ойы, данышпандық зердесі мен өзіне тән ұлттық мінез-құлқы, барша болмыс-тірлігінің көрінісі болып табылады.

Жамбыл облысы Қазақстанның оңтүстігінде орналасқан. Ол Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығымен 1939 жылы 14 қазанда құрылған [1]. Орталығы – Жамбыл қаласы. 1997 жылдан Тараз қаласы. Осы кезге дейін Тараз қаласы атауының қоғам дамуының кезеңдеріне орай сан рет өзгергені белгілі [2,24]. Жерінің көлемі 144,8 мың шаршы шақырымды камтиды.

Солтүстік бөлігін Бетпақдала мен Мойынқұм шөл далалары алып жатыр. Оңтүстік шекарасы Тянь-Шань тауларының сілемдері, Қырғыз Алатауы арқылы өтеді. Облыстың батысы мен Оңтүстік-батысында Қаратау таула-

ры, шығысында Желтау мен Айтау бой көтерсе, қиыр оңтүстік-шығысында Кіндіктас таулары Іле Алатауымен ұштасып жатыр.

Облыс оңтүстігінде Қырғызстан Республикасымен, оңтүстік - шығысында Қарағанды облысы, батысында Оңтүстік Қазақстан, шығысында Алматы облысымен шектеседі.

Облыс аумағымен 250-ден астам өзендер мен каналдар ағып өтеді. Негізгі өзендер – Шу, Талас, Аса, Теріс. Өзендер желісі Арал теңізі мен Балқаш көлінің су қоймаларына жатады. Сонымен қатар облыста балыққа бай Балқаш өзенінің оңтүстік-батыс бөлігі, Билікөл, Ақкөл, Ащыкөл көлдері бар.

Облыстың құрамына 4 қала – Тараз, Қаратау, Шу, Жанатас, 10 әкімшілік аудан – Байзақ, Жамбыл, Жуалы, Қордай, Меркі, Мойынқұм, Тұрар Рысқұлов, Сарысу, Талас, Шу, сондай-ақ жүзден аса ауылдық округ, төрт жүздей елді-мекен енеді [2,15].

Мыңдаған жылдардың тарихына куә Киелі Әулиеата-Жамбыл жері Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан. Осынау қилы тарихи оқиғалар куәсі болып өткен бұл қасиетті де құдіретті атамекен жерімізді ұлыс, тайпа, ел, халықтың мекендеп, кезінде мемлекет құрып, ғұмыр кешкендігін тарихтан білеміз.

1863-1864 жылдары патшалық Ресейдің әскери жаулап алушылық қимыл-әрекетінің нәтижесінде жеріміз империяның құрамына кірген. Осы өңірлерде Сырдария және Жетісу уездері құрылып, олар Түркістан генерал-губернаторлығына бағынған. Үкіметтің 1867 жылғы 11 маусымда қабылдаған жаңа жерлерді басқару жөніндегі Уақытша Ережеге сәйкес «Әулиеата уезі» құрылған. Ол сол кезеңде Сырдария облысына қарасты болған.

Оның жер аумағы батысында Түлкібас стансасына, шығысы Шу өзенінің батыс жағалауына, оңтүстігі Сусамыр алабына (қазіргі Қырғызстан Республикасының Талас облысы), солтүстігі Шудың төменгі ағысына дейінгі жерді алып жатқан және орталығы «Әулиеата» шаһары болған.

Қазан төңкерісінен кейін Сырдария уезді 1918 жылғы 30 сәуірде құрылған автономиялық Түркістан Кеңестік Социалистік Республикасының құрамында енген.

Осы Жамбыл облысы топонимдерінің өзгеру динамикасы мен диахрониясы бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында біршама деректерді архивтік материалдарға жүгіне отыра жинақталды. Мәселен, нақты келтірер болсақ, «Справочник административно-территорияльного деления Казахстана 1920-1936гг.» атты еңбекте көрсетілген. Дереккөздерді сол қалпында келтіреміз:



## СПРАВОЧНИК АДМИНИСТРАТИВНО-ТЕРРИТОРИАЛЬНОГО ДЕЛЕНИЯ КАЗАХСТАНА 1920-1936 гг.

Составитель Базанова Ф.Н., под редакцией к. ист. н. Дахшлейгера Г.Ф.  
IX. Сыр-Дарьинская область Центр – г. Ташкент 1. X. 1921 г.  
(стр. 108-111)

Сыр-Дарьинская область входила в состав Туркестанской республики. По состоянию на 1 октября 1921 г. она состояла из 7 уездов: Аулие-Атинский (27 вол.), Казалинский (22 вол.), Перовский (Ак-Мечетский) (23 вол.), Ташкентский (29 вол.), Туркестанский (17 вол.), Чимкентский (Черняевский) (21 вол.), Мирзачульский (9 вол.).

21 июля 1921 г. Черняевский уезд переименован в Чимкентский уезд, г. Черняев – в г. Чимкент (Утверждено ЦИК ТуркАССР 7 июня 1922 г.).

25 апреля 1922 г. Перовский уезд переименован в Ак-Мечетский уезд (Утверждено ВЦИК 12 октября 1922 г.).

11 октября 1924 г. постановлением ЦК РКП(б) одобрено размежевание советских республик в Средней Азии (Утверждено 2-й сессией ЦИК СССР 27 октября 1924 г.).

В результате нацразмежевания к Казахстану отошла Сыр-Дарьинская область в составе 25 волостей Аулие-Атинского уезда, полностью Ак-Мечетского, Казалинского, Туркестанского, Чимкентского уездов, 10 волостей Ташкентского уезда, 2 волости Мирзачульского уезда и 6 волостей Самаркандской области.

К 12 декабря 1924 г. Сыр-Дарьинская область была преобразована в губернию.

### 1. Аулие-Атинский уезд (Жамбылский) Центр – г. Аулие-Ата волости

- |                                       |   |
|---------------------------------------|---|
| 1. Агачакская – аул №5                | 6. Баутерекская – аул №2                          |
| 2. Аккультукская – аул №3             | 7. Ботамойнак-Алмалинская – аул №4                |
| 3. Александровская – с. Александровка | 8. Бурно-Ивановская б) – с. Бурно-Ивановское б)   |
| 4. Аспаринская 1)                     | 9. Бурно-Октябрьская б) – с. Бурно-Октябрьское б) |
| 5. Ассинская – аул №2 1)              | 10. Восточно-Аспаринская 1) – хут. Радченко       |

- |  |  |
|--|--|
| 11. Гродековская 10) – Покровская – с. Гродеково | 33. Куюкская – аул №5                              |
| 12. Джаильгановская 3)                           | 34. Макбальская – аул №1                           |
| 13. Джаильская 8)                                | 35. Меркінская – с. Меркі                          |
| 14. Джалпак-Тюбинская 8)                         | 36. Михайловская – с. Михайловка                   |
| 15. Джетыгенская 3)                              | 37. Николай-Польская – с. Николай-Поль             |
| 16. Джувалинская 3) – с. Бурное                  | 38. Орловская 3) – с. Орловка                      |
| 17. Дмитриевская – с. Дмитриевка                 | 39. Петровская – с. Петровка                       |
| 18. Западно-Аспаринская 1) – аул №1              | 40. Покровская см. Гродековская                    |
| 19. Карабакирская – аул №1                       | 41. Таласская 2) – с. Коштюбе                      |
| 20. Карабалтинская 3) – ур. Карабалты            | 42. Таминская 5)                                   |
| 21. Карабастауская – аул №1                      | 43. Тарактинская 5)                                |
| 22. Карабуринская 3)                             | 44. Таракты-Таминская см. Таминская и Тарактинская |
| 23. Карагатинская – аул №3                       | 45. Толкановская 8)                                |
| 24. Каракистанская – аул №1                      | 46. Урмаральская 8) – с. Орловка                   |
| 25. Каракойлинская 7) – аул №4                   | 47. Учактинская – аул №9                           |
| 26. Каракольская – аул №2                        | 48. Уч-Курганская – с. Уч-Курган                   |
| 27. Кенкольская – с. Дмитриевка                  | 49. Уюковская – аул №4                             |
| 28. Кошкаратинская 4) – ур. Кошкарата            | 50. Чакпакская – аул №4                            |
| 29. Коштюбинская – аул Коштюбе                   | 51. Чалдаварская 3)                                |
| 30. Кум-Арыкская 7) – аул №4                     | 52. Чонгирская – с. Меркі                          |
| 31. Куркуреуская – аул №5                        | 53. Чуйская – аул №3                               |
| 32. Кученейская – аул №5                         |  |

*Примечания: 1. 1 ноября 1920 г. Восточно-Аспаринская и Западно-Аспаринская вол. объединены в Аспаринскую, причем, до 1925 г. Западно и Восточно-Аспаринская вол. объединялись 4 раза (Утверждено Отделом управления Аулие-Атинского уезда 10 декабря 1920 г.). 2. 20 августа 1921 г. образована Таласская вол. из части Коштюбинской вол. (утверждено Отделом управления Аулие-Атинского уезда 23 августа 1921 г.). 3. Карабалтинская и Орловская вол. упоминаются до октября 1921 г. Установить даты образования Джаильгановской, Джетыгенской, Джувалинской, Карабуринской, Чалдаварской вол. не удалось. 4. 15 июля 1922 г., на основании по-*

становления ЦИК ТуркАССР от 4 июля 1922 г., Кошкаратинская вол. перечислена из Чимкентского у. Сыр-Дарьинской обл. Дата ее ликвидации неизвестна. 5. 18 апреля 1923 г. образована Таминская вол., 29 апреля 1923 г. – Тарактинская вол. 6. 5 января 1924 г. Бурно-Ивановская вол. переименована в Бурно-Октябрьскую, а с. Бурно-Ивановское – в с. Бурно-Октябрьское (Утверждено СырДарьинским облгорисполкомом 28 января 1924 г.). 7. В 1924 г. Каракойлинская вол. переименована в Кум-Арыкскую. 8. Установить когда и к каким волостям присоединены Джаильская, Джалтак-Тюбинская, Толкановская, Урмаральская вол. не удалось.

## Х. СЫР-ДАРЬИНСКАЯ ГУБЕРНИЯ

### Центр – г. Чимкент

При нацразмежевании республик Средней Азии Сыр-Дарьинская область была передана в состав КазАССР и к 12 декабря 1924 г. переобразована в губернию с центром в г. Чимкенте. В результате нацразмежевания из отошедших к КазАССР волостей Ташкентского и Мирзачульского уездов и волостей Самаркандской области в первых числах ноября 1924 г. образован Ташказахский (Ташкентско Казахский) уезд (17 вол.).

19 апреля 1925 г. Ак-Мечетский уезд переименован в Кзыл-Ординский.

28 июня 1927 г. образован Карсакапайский аудан на правах уезда в составе 3-х волостей.

17 января 1928 г. Сыр-Дарьинская губерния ликвидирована. Из уездов и волостей губернии образованы ауданы Кзыл-Ординского и Сыр-Дарьинского округов (Утверждено ВЦИК 3 сентября 1928 г.).

### Аулие-Атинский уезд. Центр – г. Аулие-Ата, волости

- |  |  |
|--|--|
| 1. Агачакская 2) – аул №5                      | 8. Гродековская 1) (Покровская) – с. Гродеково |
| 2. Аккультукская 2) – аул №3                   | 9. Джаильгановская 1)                          |
| 3. Александровская – с. Александровка          | 10. Джетыгенская – с. Бурное                   |
| 4. Аспаринская – аул №2) 5. Ассинская – аул №2 | 11. Джувалинская – с. Бурное                   |
| 5. Баутерекская 1) – аул №2                    | 12. Дмитриевская 1) – с. Дмитриевка            |
| 6. Ботамойнак-Алмалинская 2) – аул №4          | 13. Зачуйская 5 – с. Ново-Троицкое             |
| 7. Бурно-Октябрьская 2) – с. Бурно-Октябрьское | 14. Карабакирская – аул №1                     |

- |  |  |
|--|--|
| 15. Карабастауская 2) – аул №1                         | 31. Нижне-Таласская 2) – ур. Уч-Арал   |
| 16. Карабуринская 1)                                   | 32. Николай-Польская – с. Николай-Поль |
| 17. Карагатинская 2) – аул №3                          | 33. Петровская 2) – с. Петровка        |
| 18. Каракистакская 2) – аул №1 – аул Сатыбалдинский 2) | 34. Покровская см. Гродековская        |
| 19. Каракольская 1) – аул №2                           | 35. Советская см. Кенесская            |
| 20. Кенеская 2) (Советская) – с. Ново-Николаевка       | 36. Таласская – с. Коштюбе             |
| 21. Кенкольская 1) – с. Дмитриевка                     | 37. Таминская 4)                       |
| 22. Кошкаратинская 3) – ур. Кошкарата                  | 38. Тарактинская                       |
| 23. Коштюбинская 2) – аул Коштюбе                      | 39. Учактинская 2) – аул №9            |
| 24. Кум-Арыкская – аул №4                              | 40. Уч-Курганская 1) – с. Уч-Курган    |
| 25. Куркуреуская 1) – аул №5                           | 41. Уюковская 2) – аул №4              |
| 26. Кученейская 2) – аул №5                            | 42. Чакпакская 2) – аул №4             |
| 27. Куюкская 2) – аул №5                               | 43. Чалдаварская 1)                    |
| 28. Макбальская 2) – аул №1                            | 44. Чонгирская 2) – с. Меркі           |
| 29. Меркінская – с. Меркі                              | 45. Чуйская – аул №3                   |
| 30. Михайловская – с. Михайловка                       |  |

*Примечания: 1. В декабре 1924 г. 13 вол. отошли к Кара-Киргизской автономной обл.: Александровская, Баутерекская, Гродековская (Покровская), Джаильгановская, Джетыгенская, Дмитриевская, Карабуринская, Каракольская, Кенкольская, Куркуреуская, Николай-Польская, Уч-Курганская, Чалдаварская (Утверждено Административным отделом Аулие-Атинского уезда 1 декабря 1924 г.). 2. 15 апреля 1925 г. на основании постановления пленума Сыр-Дарьинского губисполкома от 8-9 апреля 1925 г., Агачакская вол. присоединена к Таласской Чуйской вол.; Аккультукская – к Ассинской; Карагатинская – к Ассинской и Меркінской; Каракистанская, Чонгирская – к Меркінской. 24 августа 1927 г. вновь образована Каракистанская вол. с центром аул Сатыбалдинский. Дата ее ликвидации неизвестна. Коштюбинская вол. присоединена к Карабакирской и Кенесской (Советской) вол.; Кученейская – к Таласской; Курюкская – к Джувалинской; Макбальская – к Кум-Арыкской; Михайловская – к Кенесской (Советской) и Таласской; Петровская – к Джувалинской, а затем позднее вошла в состав Бурно-Октябрьской вол.; Чакпакская – к Джувалинской; Ботамойнак Алмалинская вол. образовала Кенескую (Советскую) вол.; Учактинская и Уюковская – Нижне-Таласскую вол. центр Аспаринской вол. установлен в с. Күзьминка. 3. 1 октября 1925 г. из Ассинской вол. выделилась Кошкаратинская вол. и присоединена к Арысской вол. Чимкентского у. Сыр-Дарьинской губ. 4. В 1926 г. Таминская вол. передана в Чимкентский у. Сыр-Дарьинской губ. 5. 19 июля 1927 г. об-*

разована Зачуйская вол. из частей территории Коктюбинской вол. Алма-Атинского у. Джетысуйской губ., Аспаринской и Чуйской вол. Аулие-Атинского у. (Утверждено Сыр-Дарьинским губисполкомом 12 декабря 1927 г.). Дата ликвидации неизвестна. 6. 17 января 1927 г. Аулие-Атинский у., ликвидирован (Утверждено ВЦИК 3 сентября 1928 г.) и из его волостей образованы ауданы Сыр-Дарьинского окр. Карабакирская, Кенесская (Советская) вол. образовали Аулие-Атинский аудан; Бурно-Октябрьская и Джувалинская – Джуалинский р-н; Меркинская – Меркинский аудан; Нижне – Таласская – Таласский р-н; Тарактинская – Сары-Суйский аудан; Чуйский аудан; Аспаринская вол. вошла в состав Меркинского и Чуйского ауданов; Ассинская – в Аулие-Атинский и Таласский ауданы; Кум-Арыкская – в Аулие Атинский аудан; Таласская – в Аулие-Атинский и Таласский ауданы [2,788-798].

Бұл жоғарыдағы деректер Жамбыл облысы архивінен табылды [4].

Орта Азиядағы Ұлттық-аумақтық межелеуге байланысты уезд Сырдария облысының, кейінірек Алматы округінің құрамында болады. 1927 жылы әкімшілік-аумақтық аудандастыруға сәйкес уезд негізінде 6 аудан құрылған. Олар Жамбыл, Луговой, Меркі, Сарысу, Талас, Свердлов аудандары. Олар Оңтүстік Қазақстан облысының құрамына кірген.

Өңірді жедел дамыту және оның әлеуметтік-мәдени бағыттағы мәселелерді шешу мақсатында 1939 жылғы 14 қазанда өз алдына Жамбыл облысы құрылады. Жамбыл облысының құрамына аталған 6 (алты) ауданнан басқа Алматы облысынан Қордай, Красногор, Шу, ал 1951 жылы Оңтүстік Қазақстаннан Жуалы ауданы енгізілген.

Бұл мақаламызда қарастырылып отырған Жамбыл облысы топонимдерінің өзгеру динамикасы мен диахрониясының тек ғана облыс құрамының әкімшілік-аумақтық бөлінісіне орай бір парасы ғана. Ал біздің алдымызда зерттеп, жүйелеуді қажет ететін талай ғасырлық ономастикалық материалдар мен деректер жетерлік.

### Пайдаланған әдебиеттер

1. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. 1939 жылы 14 қазан.
2. Құламанова З. Жамбыл облысының топонимикалық анықтамалығы. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2014. – 808 бет.
3. Құламанова З. Тастағы Тараз тарихы. Кітап-альбом. – Алматы: «Аспантау» баспасы, 2017. – 480 бет.
4. Жамбыл облыстық мемлекеттік архив материалдары, Ф. 50, опись-1, дело-4, связка-1, Ф-140, опись-2, д-14, св. -6, 7; Ф-184, о-1, Д-147, Св.-7.

## БЕЙРЕСМИ КІСІ ЕСІМДЕРІНДЕГІ БЕЙНЕЛІЛІК

**Сағила Рахымберлина**

*Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті*


*Қазақ тіл білімі кафедрасының*

*қауымдастырылған профессоры, ф.ғ.к.*

Аталым үдерісі шындық өмір (денотат), оның ұғымдық бейнесі (сигнификат) және атау сияқты үш гетерогенді негіздің нәтижесінде жүзеге асатыны мәлім. Тіл білімінде атаудың бірінші (бастапқы) және екінші дәрежелі (кейінгі) түрлері белгілі.

Алғашқы аталым қазіргі тілдерде өте аз мөлшерде, тіпті кездеспейді деп айтуға болады. Қоғамның, өркениеттің дамуындағы әрбір жаңалық, әрбір өзгеріс тілден жаңа атауды талап етеді. Әр ұғымға жаңа атау беру сөздік қордың ретсіз молаюына, тілде жүйесіздіктің тууына әкелуі ғажап емес. Осындай қажеттіліктен туған екінші дәрежелі немесе кейінгі аталым – өте күрделі де сан қырлы құбылыс. Тілдік үнемділіктің ең жоғарғы көрсеткіші бола отырып, сөздік қорды байытудың негізгі көзі.

Тіл-тілдегі ономастикалық кеңістіктің қомақты бір бөлігін иемденуші бейресми топтағы лақап және бүркеншік есімдер – екінші аталымның жемісі болып табылады. Тілде бұрыннан бар тілдік бірліктердің атау есебінде екінші рет қолданысқа түсуі – қай тілде болмасын жиі кездесетін жағдай. Бұл жағдайда алғашқы аталымдағыдай үш емес, төрт тағанға сүйенуге тура келеді. Олар: шындық өмір, оның ұғымдық бейнесі, тілдік тұлғаның бастапқы құрылымдық-семантикалық мәні және оның кейінгі қызметтегі көрінісі. Мысалы, «Қасқыр» лақап есіміндегі бұл байланысты төмендегі парадигма арқылы көрсетуге болады:



Көріп отырғанымыздай, алғашқы атаудың бойындағы өзіне ғана тән белгінің (ақпараттың) кейінгі атаудың мән-мағынасын аша алатындай, санада соның бейнесін тудыра алатындай бір бөлігі ғана алынады. Келтірілген мысалда кейінгі атаудың тууына негіз болып тұрған – аңның өзі емес, екі денотатқа да тән қайсарлық, өжеттік сияқты қасиеттер. Яғни, атау беруші

субъект тілдегі дайын атау бірліктерін келесі бір нысанға атау есебінде таңу үшін мағыналық уәждерді басшылыққа алады. Ал, алғашқы аталым туралы мұны айта алмаймыз [1, 32].

Уәж – ат қойып, айдар тағудағы ең бірінші қару, ең қажетті шарт болып табылады. «Лингвистикалық тұрғыдан сөздің уәжділігі оның атау сәтіндегі мағынасымен тарихи байланысты» [2, 62]. Уәжділік атаудың екі түріне де қатысты. Көпшілік жағдайда алғашқы атауға негіз болған уәждердің ұмытылып, демотивация құбылысына ұшырауы ғана бұл заңдылықты әлсіретеді. Уәж болатын белгілер әр түрлілігімен ерекшеленеді. Ол адамның түр-түсі, бітім-болмысы, ішкі жан-дүниесі, тұлғасындағы артықшылық не кемшіліктен бастап, сақал-шашына дейінгі белгілерді қамтуы мүмкін.

Екінші атаудың тууы адам санасымен, танымымен, психологиясымен тығыз байланысты. Қас-қағым сәтте дүниеге келген «туынды» тек бір субъектінің ғана емес, тұтас халықтың дүниетанымынан, өмір-салтынан, тұрмыс-тәжірибесінен, талап-талғамынан хабардар етеді. Құндылықтарының мәні басқа халықтардағыдай жер-жаһанды тамсандырған «жеті керемет» емес, үлкенге құрмет, кішіге сый, адамгершілік деп бағалаған халқымызда «аз сөзге көп мағына сыйғызған» даналық та, «бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деген бір ауыз сөзге тоқтаған мәрттік те бар. Осы қасиеттер бірін-бірі қайталамайтын, бірінен бірі асып түсетін лақап не бүркеншік есімдердің есімдердің тууының кепілі.

Екінші аталымдардың дүниеге келуі метафора және метонимия сияқты тілдік құбылыстардың нәтижесі болып табылады. Аталған екі құбылыстың ортақ жақтары болуымен қатар, әрқайсысының өзіне тән ерекшеліктерінің болуы заңды. Метафора да, метонимия да гректің «ауыстыру» деген сөзінен шыққан. Екеуі де тілдік қолданыста бұрыннан белгілі бірліктердің адам санасында қайта ой елегінен өтіп, аталатын келесі затпен не құбылыспен ортақ белгілерінің сәйкес келуі негізінде жүзеге асады. Метафораның өзіндік табиғаты, атқаратын қызметі, троптың басқа түрлерінен өзгешелігі Аристотельден бастау алып, бүгінгі күнге дейін дүниежүзі ғалымдарының назарын аударып отырған мәселенің бірі. Н.Д. Арутюнова әр троп түрінің табиғаты, ерекшеліктері туралы айта келіп, метонимияның субъектілік позицияға жақындығын, ал метафораның предикаттық позициямен тығыз байланысты екендігін айтады. «Метонимия обращает внимание на индивидуализирующую черту, позволяя адресату речи идентифицировать объект, выделить его из области наблюдаемого, отличить от других сопresentствующих с ним предметов, метафора же дает сущностную характеристику объекта» [3, 31]. Яғни, метонимияда заттық, ал метафорада сындық ұғым басым. Бір қарағанда өте ұқсас көрінетін төмендегі мысал екі құбылыстың ара-жігін ажырататуға

көмектеседі. Н.Д. Арутюнова «Эй ты, шляпа!» дегенді метонимияға, ал «Эх ты, шляпа!»-ны метафораға жатқызады. Себебі, алғашқы «шляпа» мәселенің кім туралы екеніне анықтауға бағытталса, кейінгі «шляпа» оның сындық ұғымына бағытталған экспрессивті-коннотативтік, өкініш пен реніш аралас «ашықауыз, аңқау» деген мағынаға мегзейді.

Тіл біліміндегі соңғы зерттеулер қандай да болсын тілдік құбылысты тілдің ішкі заңдылықтары арқылы ғана емес, адам санасы мен танымы, өмір тәжірибесі мен ішкі жан-дүниесі, яғни танымдық әрі тілдік когнитивтік аспектіде зерттеп-зерделеуді көздейді. Осы тұрғыдан келгенде метафора – тек таза тіл білімінің ғана емес, логика мен психологияның, тіпті философияның да зерттеу нысаны болып отыр. Метафораны тек троптың бір түрі, көркем әдебиет тіліндегі ажарлаудың формасы деп тану кейінге дейін орын алып келген жағдай. Әлемдік тіл білімі мен орыс тіл біліміндегі соны зерттеулер метафораның тек тілдік қана құбылыс емес, өте күрделі де қуатты танымдық құбылыс екендігін дәлелдеді. Қазақ тіл білімінде де бұл мәселе ғалымдардың назарынан тыс қалмады. Мәселен, А.Сыбанбаева метафораның дүниені тану, қабылдау тәсілі, оның тілдік бейнесі ретінде адамның ойы, ақыл-санасы, мәдениетінің шығармашылық байланысын көрсететін үнемі даму үстіндегі танымдық үдеріс екендігін айта келіп, «Метафораның бойында сан алуан қасиет бар: бейнелілік, экспрессивтік, баға берушілік, түсіндірмелік, болжағыштық, танымдық, атаулық, көрнекілік, көрсеткіштік, (репрезентативтік) сияқты қасиеттердің (контексте қолданылу мақсатына байланысты) барлығын аңғаруға болады» деген қорытындыға келеді [4, 17].

Метафораны тек предикат деп біржақты қарастыру бұл тілдік құбылыстың мәнін толық ашып бере алмайды. Оның пайда болу сәтінде қалыптасқан жағдай, субъектінің ой-сезімі, іс-әрекеті назарда болуға тиіс. Бұдан метафораның семантикадан гөрі прагматикаға жақындығы байқалады.

Дүниенің тірегі – адам, адамның ақыл-ойы – қоғамды өзгертуші, дамытушы күш, тіл – сол қоғам мүшелерінің қарым-қатынас құралы. Белгілі қағида бізді жаратылыстың барлық сырын «адам» концептісінен іздеуге итермелейді. Осы идеяны негізге ала отырып, метафора сияқты жұмбағы мол құбылыстың санада қалай іске асатынына көңіл бөлейік. Метафорада бір-бірінен мүлдем бөлек екі зат (денотат) қатар алынады. Олардың арақатынастарының неғұрлым алшақ болуы – қайталанбас, сәтті метафоралардың тууының кепілі. Адам санасы түрлі тәсілдерді қолдана отырып екеуінің арасына байланыс орнатады. Байланыстың нақты, уәжді болуы субъектінің ғана емес, сол тілде сөйлеуші халықтың жалпыға ортақ ассоциациялар жүйесіне тікелей қатысты, яғни тілдің антропоцентристік сипаты көп жағдайда шешуші роль атқарады. Жоғарыда келтірілген «Қасқыр» екінші аталымы арқылы бір заттың



(құбылыстың) әр халықта түрлі ассоциация туғызатынына көз жеткізуге болады. Түркі халықтарындағы тотемдік ұғым-түсінік бойынша қасқыр (көк бөрі) киелі аң саналып, ержүректіктің, қайсарлықтың белгісіне айналса, орыс халқында ол қаскөйліктің, ашқарақтықтың, жауыздықтың нышаны іспеттес. Бұл туралы

Г.І. Байғунисова: «В казахском языке вторичная номинация қасқыр используется для характеристики и отрицательной, и положительной. В русском же языке волк ассоциируется, в основном, с темными сторонами жизни», - деп атап көрсетеді [5, 65]. Екінші аталымның нәтижесінде туған тіліміздегі «Қасқыр» (Бейсен) лақап есімі коннотативтік «алған бетінен қайтпау», «тайсалмау», «өжет» сияқты субъектінің ризашылығын білдіретін жағымды көзқарасын көрсетіп тұр. Яғни, тілімізде бұрыннан бар нормативтік бағалаушы «қайсар», «батыр», «ержүрек» тәрізді анықтауыштардың мағынасын одан әрі дамыта отырып, эмотивті-бағалауыштық, экспрессивтік реңк туғызушы компоненттің қосылуы коннотативтік мағынаның тууына негіз болған. Белгілі ғалым М.Блэктің пікірінше: «Эффект (метафорического) использования слова «волк» применительно к человеку состоит в актуализации соответствующей системы общепринятых ассоциации. Если человек – волк, то он охотится на остальных живых существ, свиреп, постоянно голоден, вовлечен в вечную борьбу и т.д.» [6, 164]. Яғни, тотемдік «Қасқыр-бабалар» (С. Ақсұңқарұлы) түркі халықтары үшін ғана жағымды ассоциация арқылы екінші атаудың тууына негіз болады. «Осы тұста – Күлтегін ескерткішіндегі Истеми қағанның он тайпаны біріктіретіні, көне түркілердің қасқырды қасиет (тотем) тұтып, атын атамай «бөрі», «ит-құс» дейтіні, қазақ ішінде «бөрлі» деген рудың, жер аттарының кездесетіні, тіптен кейбір рудың туына қасқырдың бейнесі салынып, ұранына айналғаны еске түседі» [7, 37]. ЮНЕСКО сыйлығының лауреаты, журналист К. Жұмаштың «Көкбөрі» бүркеншік есімін алудағы уәжі дәл осы мақсатты көздегендіктен деп айта аламыз. Сырттан таңылған «Қасқыр» лақап есіміне қарағанда, автордың саналы түрде таңдап алған «Көкбөрі» бүркеншік есімі жоғары идеяны, мақсатты көздейді. Көкбөріден тараған ұрпақтың бүгінгі мұрагері санаған автор өзіне ауыр жүк артады. Ата-баба мұрасына адалдықты сақтай отырып, оны лайықты дәрежеде сақтай білу және кейінгі ұрпаққа жеткізу міндетін алады. Мінездің өрлігін, қайсарлығын, қайтпастығын бойында сақтаған ұрпақтың өкілімін деген биіктік, асқақтық сезіледі. «Қасқыр» – бір адамның ғана мінез ерекшелігі болса, «Көкбөрі» – тұтас ұлттың идеялық ұстанымы.

Елдің елдігі мен халықтың бірлігін сақтаған ата-бабаларымызды ұлттық менталитетімізден ерекше орын алатын текті де қасиетті аң мен құсқа балау «Қарлығаш әулие» /Төле би/, «Арқаның арыстаны» /Қозыбай шешен

Нәуіпұллы/, «Ақиық сұңқар»/Сеңкібай батыр Оразғұллы/ лақап есімдерінен, «Таймінер» /М. Дулатов/, «Тайлақбай» /Т. Жароков/, «Тарпаң», «Тоқпақ» /С.Қожанов/, «Қарлығаш», «Шағала», «Қаршыға», «Көгершін» (белгісіз б.е.) бүркеншік есімдерінен көрініс табады. Қияға самғар сұңқар мен қаршыға; адал, ақ ниетті қарлығаш пен көгершін және аң патшасы арыстан концептілері аталған тұлғалардың ерекше қасиеттің, даралықтың иелері екенін танытады. Мейірім мен адалдық, алғырлық пен қайсарлық – аталған нысандардың ортақ белгісі, араларын жалғастырушы дәнекері. Қазақ халқы үшін жылқы малының орны ерекше екені белгілі. «Ат – адамның қанаты» деп бағалаған халықтың ұлдары өздерін «Тарпаң» атап, «бас білмейтін, үйретілмеген асауға» (ҚТТС, 9-т) теңесе, ол – күшті ерік пен жігердің, өрліктің белгісі.

Студенттерге жүргізілген сауалнама қазіргі жастардың қолданысындағы лақап есімдердің көбіне ұлттық дүниетаным аясының шектеліп, жалпы-адамзаттық ұғым-түсінік тұрғысынан қойылатынын көрсетеді: «Қара пантера» (Нүргүл), «Балық» (Данияр), «Аю» (Қуаныш), «Қоян» (Еркебұлан), «Тасбақа» (Асхат), «Мысық» (Мейрам), «Бегемот» (Санақ) т.б. есімдердегі субъектінің назарын аударып, санасында елес берген, сөйтіп, атауға уәж болған белгілер тек сыртқы бітім-болмысы не қимыл-қозғалысы болғаны анық. Темекіні шектен тыс көп тартатын адамға қойылған «Паровоз» (Самат) лақап есімі екінші аталымның жасалу механизміне байланысты «паровоз – темір жол көлігі – түтін – Паровоз (лақап есім)» тізбегінен жасалған. Аналогия негізі – түтін. Зерттеушілердің пікірінше, «Когда мы используем метафору, у нас присутствуют две мысли о двух различных вещах, причем эти мысли взаимодействуют между собой внутри одного-единственного слова или выражения, чье значение как раз и есть результат этого взаимодействия» [8, 46].

Жоғарыда айтып өткеніміздей, метонимия – субъектілік позицияда тұратын құбылыс. Осы тәсіл арқылы жасалған «Ішек-қарын» (Ғұбайдолла), «Көзілдірік» (Жақып), «Құлақ» (Мұрат) лақап есімдері мен «Қазақ» (Ғ. Қарашев), «Арғын» (М. Әуезов), «Орта жүз» (О. Әлжанов), «Алашұлы Азамат» (М. Дулатов) бүркеншік есімдері екі нысанның арасындағы бірінен бірін бөліп-жаруға келмейтін теңдік қатынасты көрсетеді. Бір қарағанда бүтіннің бөлшегі (синекдоха) сияқты көрінгенімен, берілген есімдердің жай ғана құлағы үлкендіктен немесе көзілдірік таққандықтан ғана емес, «көзілдірік – оқымысты, ғалым», «көзілдірік – білгір, данышпан», «құлақ - өсек, сөз, әңгіме», «ішек-қарын – шамадан тыс семіздік» теңдіктерінен шыққандығын байқаймыз. Бүркеншік есімдердегі таным құпиясы мүлдем бөлек. Ұлтының, халқының, елінің, руының жоғын жоқтап, сөзін сөйлер азаматы, бүтіннің бөлшегі ғана емес, сол бүтіннің өзі деген асқақ рух сезіледі. «Задында, суреткер қолындағы сөз суретші қолындағы бояу секілді, иінін тауып мың құбылтуға болады.

Құбылған сөз әсерлілік үстіне адам баласының танымын байытпақ; бір сөз бір-ақ нәрсені танытса, оны түрлендіре құбылту арқылы тіршіліктің сан алуан тіршіліктің сан алуан сырын тануға болады. Демек, троптың ең басты мәні таным тарапында жатыр» [9, 214].

Қорыта келгенде, метафора мен метонимия – талап пен талғамды бірдей қажет ететін тілдік құбылыстар. Ресми жағдайда берілген есімнің идентификациялау қасиетінің солғын болуы әбден мүмкін (Хасен деген есім бізге ешқандай ақпарат бере алмайды), ал бейресми есімдердің ішкі формасының айқындығы, уәжділігі – дау туғызбас мәселе. Келтірілген этномәдени деректерде кісі есімдерінің бейресми түрлерінің кумулятивтік қасиетіне байланысты қазақ дүниетанымы, қоршаған ортаның тілдік бейнесіне қатысы бар мол ақпараттық, танымдық қор сақталған. Осы құнды рухани байлықты антропонимдік тілдік бірліктер арқылы тани отырып, этнолингвистикалық талдауға салу, ғылыми айналымға енгізу – басты міндеттің бірі болып табылады.

#### **Әдебиеттер:**

1. Уфимцева А.А. Лингвистическая сущность и аспекты номинации // Языковая номинация (Общие вопросы). – М.: Наука, 1977. – 357 с.
2. Манкеева Ж.А. Қазақ тілінің заттық мәдениет лексикасы: фил.ғыл.докт. ... диссертациясы. – Алматы, 1997. – 282 б.
3. Арутюнова Н.Д. Метафора и дискурс // Теория метафоры. – М.: Прогресс, 1990. – 511 с.
4. Сыбанбаева А. Метафораның тілдік болмысы және концептуалды метафоралар. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 161 б.
5. Байгунисова. Г.И. Уровни вторичной номинации: дисс. ... канд. филол. наук. – Алматы, 1998. – 154 с.
6. Блэк М. Метафора // Теория метафоры. – М.: Прогресс, 1990. – 511 с.
7. Айдаров Ғ. Күлтегін ескерткіші. Зерттеунама. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 232 б.
8. Ричардс А. Философия риторики. Метафора // Теория метафоры. – М.: Прогресс, 1990. - 511 с.
9. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 352 б.

## ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ХАЛЫҚТЫҚ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ<sup>1</sup>

**Бекжан Әбдуәлиұлы**

*филология ғылымдарының докторы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университетінің профессоры*

Халықтық географиялық терминдер өз ішінде жер бедерінің ерекшеліктеріне қарай оронимиялық (орографиялық) және су нысандарының түрлерін бойынша гидрографиялық болып бөлінеді. Орографиялық – жер бедерінің, гидрографиялық – су нысандарының жиынтық термині. Бұлардың даму бағыттары бір-біріне ұқсас келеді.

«Жер бедері атаулары» өзінің аясына біршама ономастикалық маңызға ие халықтық географиялық термин түрлерін топтастырады. Ал тікелей топонимикаға қатысатын осы дәстүрлі халықтық терминдерді ономаст ғалымдар арасында түрліше атау бар. Бұл жөнінде Ұ.Ержанова «Географиялық терминдер топоним жасауда актив қызмет атқарып, түрлі позицияларда келе береді. Топоним жасаудағы осындай жан-жақты қызметіне орай ол терминдер топонимикада әртүрлі атауларға ие болып жүр. Оларды *ұлттық географиялық терминдер, детерминативтер, термин-индикаторлар, топонимикалық форманттар*, я болмаса *күрделі сөздің компоненттері* деп те атау дағдысы қалыптасқанын айтады, сонымен қатар оның себептеріне де тоқталады [1, 80б.]. Осыған ұқсас пікірге Б.Бияров та тоқталады: «Географиялық термин» ұғымы тіліміздегі жалпы есім, апеллятив, номен, номенклатура, топонимикалық термин ұғымдарымен барабар қолданыла береді» [2, 56 б.]. Ғалымдар арасында ортақ шешім болмағандықтан, терминдерді түрліше қолдану кездеседі. Мысалы, Қ.Сапаров «жер беті жамылғысын сипаттайтын орографиялық терминдерге: батпақ, боз, дала, жазық жер, қақ, қайраң құм, мойнақ, саз, сор т.б.», – жатқызады және көріп отырғанымыздай, оларды «орографиялық термин» деген атаумен атайды [3, 58 б.]. Топонимикадағы терминдердің қызметі мен түрлері, олардың өзара қатысы мен ерекшеліктері өз алдына күрделі мәселе. Алғашқы ғалымдар жалпы терминдерге лингвистикалық тұрғыдан пікір айтса, Қ.Сапаров жер беті жамылғысына географиялық сипаты бойынша назар аударған. Сөз болғалы отырған жер бедері атауларына қатысты терминді де осы бір тұста анықтап көрелік. Ономастикалық терминдер жүйесін терең

---

<sup>1</sup> Мақала «Қазақстан трансшекаралық аймақтарындағы топонимия» атты ҚР БМҒ Мемлекеттік гранттық жобасы аясында дайындалды.

зерттеген ғалым Н.В. Подольская өз сөздігінде Э.М.Мурзаевтың пікірін негізге ала отырып, «оронимиялық термин» атауын ұсынады [4, 99-100 б.]. *Оронимнің* түбірі грек тілінен алынған «oros» – тау, қырат, шың атаулары [5, 183 б.], демек, терминдер табиғатына тән кеңею немесе тарылу секілді мағыналық құбылыстарды ескере отырып, *жер бедерінің атауы* ретінде қолданған. Ғалымдар пікірінен қолданыста бар байырғы жер бедері атаулары ғылымда термин ретінде танылатынын түсінеміз және «орографиялық» және «оронимиялық» деп екі түрлі қолданғанын байқаймыз. Лингвистикалық тұрғыдан қарағанда бұл екеуінің айырмашылығын айқындау қажеттілігі туындайды. Нақтылай түссек, «оронимиялық термин» ұғымы тікелей топонимикаға қатысты екені байқалады.

Жер бедеріне қатысты терминдердің қолданысы мен мағынасына қатысты мынандай мәселелер бар: *біріншісі* – терминдер мазмұнының филологиялық және географиялық ерекшеліктері. Бұлайша бөліну халықтық географиялық терминдердің қолданысы мен қызметіне байланысты. Жота, тау, бел, қырат, ой, шұңқыр т.б. жалпы есімдік мағынасында жұмсалғанда географиялық нысандардың түрлерін білдіріп, географиялық терминдер тізімін құрайды. Сонымен қатар олардың көпшілігі топонимдерге айналуына байланысты, яғни апеллятивтер топонимияның нысаны әрі топонимикалық терминдер ретінде өмір сүреді. *Екіншісі* – терминнің ішкі мәнін жан-жақты тануға байланысты. Дами келе терминдердің бастапқы мағынасы кеңейетін кездері аз емес. Мысалы, *оронимнің* шығу тарихы «тау» сөзіне қатысты болғанымен, *оронимиялық терминдер* ұғымы жалпы жер бедерінің барлық түрлерін қамтиды.

Ороним: *орос* (тау) және *оним* (атау) сөздерінің бірігуінен жасалған термин, яғни тау атаулары. Алайда қазіргі кезде оның құрамында таумен бірге төбе, жота, ой-шұңқыр, тегістік т.б. жер бедері атаулары, яғни халықтық географиялық терминдердің барлығы қамтылады. Қазақ тілінде табиғи және адам қолымен жасалған дәстүрлі географиялық терминдердің мынандай түрлері бар: *елді мекен, асу, батпақ, бөген, бұйрат, бұлақ, дала, ескі жұрт, елді мекен, жазық, жазықтық, жайлау, жота, жылға, жыра, кент, көктеу, көл, күзек, қала, қорған, қорым, құдық, құм, құмды алқап, құрғақ арна, қыр, қырат, қырқа, қыстау, мүйіс, оба, орман, өзек, өзен, өткел, саз, сай, сор, тармақ, тас, тау, тоған, төбе, түбек, үңгір, үстірт, шоқы* т.б. Даламыздағы кездесу жиілігіне қарай бұл нысандардың әрқайсысына тән топонимдер қоры қалыптасқан. Бұл терминдер өзінің байырғы және қазіргі заманға бейім динамикасы арқылы ғылым тілінің қалыптасуы мен дамуына маңызды үлес қосып келеді. Ғылым-білімнің дамуы мен экономикалық қатынастардың жаңаруына байланысты олар дамудың жаңа сатысына көтеріліп, *халықтық географиялық термин, көркем-әдеби лексика* және *оним* ретінде үш түрлі қызметке ие

болды. Енді осыларға жеке тоқталып көрелік. Терминдерді географиялық тұрғыдан тану мен филологиялық тұрғыдан танудың өзара байланысы мен ерекшеліктері бар. Мысалы, қыр, қырат, белес, асу, шын, құз, бел т.б. көркем шығармалар тілінде кейде көріктеуіш құрал қызметін атқарса, географияда – географиялық нысан атаулары және оронимиялық термин дами келе топонимдерге де айналады. Қалыптасып отырған бұл жағдай тілдің даму үдерісіндегі үш түрлі бағытқа сілтейді: бірінші – көркем тіл элементі ретінде даму бағыты; екінші – орографиялық термин ретінде даму бағыты; үшінші – топонимиялық даму бағыты.

*Орографиялық терминдердің көркем тіл элементі ретінде даму бағыты.* Көркем әдебиеттерде географиялық нысан атауларының бейнелі мағынада қолданылуы жиі кездеседі. Олардың жаңаша бір ойларды жеткізу мүмкіндігінің ашылуы да осы еркіндігінде. Еркіндігінің бір көрінісі бірінің орнына бірінің қолданылуынан да байқалады. Лингвистикалық түсіндірме бойынша да оронимиялық терминдердің көпшілігі өзара синонимдес болып келеді, сонымен қатар Жетісу, Алтай т.б. секілді еліміздің таулы өңірлеріндегі тау мен далалы аймақтардағы осы атаумен аталатын нысандардың өлшемінде айырмашылықтар бар. Далалы аймақтарда биік жотаны немесе шоқыларды да тау деп атау кездеседі. Сол секілді қазақ тілінің түсіндірме сөздіктерінде де оронимнің бірін түсіндіруде екіншісі қолданылады. Мысалы, «**Жота** – Биіктігі әртүрлі келген (үлкен, кіші, аласа ) *қыр, қырат*. Құлағы әжесінде, екі көзі сонау алыс көк тау, қатпарлы қалың Шыңғыс *жотасын* қыдырады (М.Әуезов, Танд.)», – делінсе, «**Жал** – ұзына бойы еңсіз келген көлбеу *қырат*, географиялық нысанның бір түрі, қырқа сілемі, *жон-жота*, адыр. Әдетте оқшаулана келіп, берік жыныстардың шықпаларында морфологиялық біртекті қыраттар тізбегін көрсете шоғырланады», дейтін түсінік беріледі (ҚӘТС). Осы түсіндірмеде *жота, қыр, қырат, жал* сөздерінің өзара мағыналық нақты айырмашылығы байқалмайды. Географиялық нысан атаулары ауызекі қолданыста, көркем әдебиеттерде көріктеуіш құрал қызметін де атқарады. Мысалы, «Бас имей бұрқасынға, Өтсе де жылдар ағып. Туған жер *қырқасында* қап қойды бұл балалық» (М.Шаханов). «Алыста, Абайлардың *жайлауында*, Жайылып поэзия пырағы жүр» (М.Мақатаев). Көріктеуіш құралы ретіндегі қолданысында нысан мен атау арасындағы байланыс шарттылық мәнге ие болады да, сөздердің жаңаша дамуына жол ашылады, сондықтан олар осы еркіндігімен де маңызды. Көріктеуіш құрал қызметінде жұмсалғанда жалпылауыштық мағынаға ие болады да, жалпы есім қызметінде жұмсалады.

*Орографиялық терминдердің ғылыми қолданысқа сәйкес ішкі даму заңдылықтары*

Географиялық атаулар алып кеңістікте бағдар беру қызметін атқарады.

Алыс жаққа бара жатқан жолаушылардың, керуендер мен көш жолының бағыты географиялық нысандардың түрлері бойынша анықталады. Егер осы аймақтағы жер атауларын білетін адамдар болса, оларға жалқы есім түрінде, білмейтін адамдарға жалпы есім нұсқасында бағдар беріледі. Мысалы, бұл аймақпен таныс емес адам Ақтөбе ауылын іздеп бара жатыр делік, оған мынандай ақпарат беріледі: «Осыдан тура түстік жер жүрсеніз алдыңызда көлденең *бел* жатыр, белдің арғы бетінде *сай* бар, ағып жатқан өзеннен сол тұсындағы *өткел* арқылы өтіп, оң жақтағы *дөңге* қарай жүрсеніз *Ақтөбе* (ауыл) соның арғы бетінде». Жол сілтеп тұрған адамның сөзінде *бел*, *сай*, *өткел*, *дөң* терминдері мен *Ақтөбе* топонимі бағыт айқындаушы нысан ретінде географиялық ақпарат беріп тұр. Күнделікті тұрмыспен тығыз қатынастағы жалпы және жалқы сипаттағы географиялық атаулар қолданыстағы белсенділігі мен маңызды ақпараттық қызметі арқылы сөздік қордан өзіндік орын иеленеді. Осы ақпараттар арқылы олардың лингвистикалық және географиялық ерекшеліктері анықталады.

Сөздердің терминдік қолданысында атау мен нысан арасындағы байланыс сақталады да, олар нақтылана түседі. Терминдерге тән тұрақтылықтың сақталуы үшін әр топтағы нысандар дербес мағынаға ие, бір-бірімен синонимдес болмауы тиіс, есесіне өздерінің ерекшеліктері бойынша жеке-жеке топтастырылады. Мысалы, көркем әдебиет тіліндегідей *күз* бен *шың*, *жар* мен *жартас*, *бел* мен *белес*, *дөң* мен *төбе* т.б. бірінің орнына бірі қолданылмайды, керісінше әрқайсысымен аталатын нысандардың түрлері мен белгілері анық болады. Салалық термин ретінде қалыптасудың келесі түрі – халықтық терминдер мен олардың ғылым тілінің элементтеріне айналу үдерісінің кейбір сатылары қазіргі тілдің даму заңдылықтарынан көрінеді. Мысалы, *Қазығұрт* – қазақ тілінде көнеден келе жатқан ороним. Оның этимологиясы туралы әртүрлі пікірлер бар, соның бірі «Нұқ пайғамдардың кемесі тоқтаған тау» деген аңызбен байланысты. Көне дәуірлерде бұл шындығында биіктігі тиісті талаптарға сәйкес тау болған болуы мүмкін, алайда қазіргі ғылыми-географиялық талаптар тұрғысынан тау терминіне қойылатын талаптар мен шарттарға сәйкес келмейтіндігі байқалады. Жалпы халық ұғымында бұндай географиялық нысандар тау ретінде қабылданғанмен, географиялық өлшем бойынша ол – *жота*, *шоқы* т.б. болуы мүмкін. Мысалы, ғылыми кейбір дереккөзде «*Қазығұрт* тауы – Талас Алатауының оңтүстік-батыс сілеміндегі аласа келген **жота**», – деп, ал «*Аюлы тауы* – Ақмола облысы Аршалы ауданындағы **шоқы**, табиғат ескерткіші», – деп көрсетіледі [85]. *Алтынөзен* (Алтын түстес өзен), *Бұрғансай* (бұрылған сай), *Асусай* (асудағы сай) топонимдерінің құрамындағы **өзен**, **сай** географиялық нысанының «су» және «сай» екенін білдіру үшін жалғанған халықтық терминдер, алайда қазіргі географиялық шарттарға сәйкес бұл

үш топоним сөздіктерде **шатқал** ретінде көрсетіліп жүр. Осы мысалдардан, ғылыми-зерттеулер дамыған сайын жер бедерінің түрлері туралы халықтық таным мен қазіргі географиялық өлшемдердің арасы ашылып, ұғымдар айқындалып, терминдердің қолданысы да жаңаша бағыт алып бара жатқаны байқалады.

Екі салаға ортақ бұл сөздер көркем тіл құрамындағы дамуы барысында бейнелі сипатқа ие болып, өзінің шығу тегінен алшақтай берсе, география ғылымының терминологиялық жүйесіндегі белсенділігі артқан сайын бастапқы мағыналық ерекшелігіне жақындап, олардың түрлері мен сипаттарын жаңа талаптарға сай айқындауға өзіндік үлес қоспақ. Сондықтан, ғылым тілінің элементіне айналуы аса маңызды мәселе болып табылады. Қалалану үдерісі тереңдеген сайын даланың сипатына көшпелілер көзімен қараудың және қазақы таныммен танудың да шектеле беретіні белгілі. Мұндайда географиялық нысанның халықтың байырғы танымындағы бейнесі мен атауы географиялық терминдер арқылы ғылым тілінде сақталмақ.

Халқымыз географиялық нысандарды өзара ортақ, ұқсас белгілеріне қарай түрлі топтарға жіктеп, жалпы атаулардың аясына топтастырды және жеке ерекшеліктері бойынша әрқайсысын жалқы атаулармен де атады. Қазіргі ономастика, соның ішінде топонимика ғылымында жалпылауыш атаулармен аталған топтағыларды – *оронимиялық терминдер*, жалқылауыш атаулармен аталғандарды – топоним тобына жатқызуға болады.

*Орографиялық терминдердің топонимиялық даму бағыты*

Нысан мен атау арасындағы байланыс тілдің табиғатына тән заңдылық. Белгілі бір сипаттауыш мағыналы сөздің келе-келе сол нысанның атауына айналуы тілде бар құбылыс. Тіліміздегі біршама топонимдердің әуелгі шығу тегі оронимиялық терминдерден басталады. Бұл орайда атаулар табиғатының жалпыдан жалқыға қарай даму үдерісін шамалаймыз. Әуелде нысан сипатына қарай аталса, кейіннен осы атаудың өзі жалқы есімге айналған. А.Гумбольдтың «Бұл өлкелердің әуелгі топонимдері тек тау, тас, су, бұлақ, қайнар, жар, бастау, көл, төбе деген сияқты жалпы есім тұлғаларында ғана болғанға ұқсайды», – дейтін пікіріне сүйене отырып, Е.Қойшыбаев осы ойды былай жалғастырады: «Осының өзі қазақ ономастикасының даму кезеңдерін ажыратуымызға, жүйеге келтіруге себін тигізді деуге болады. Қазіргі сақталған Бұлақ, Қайнар, Бел, Қара, Өзек, Өзен, Ор, Орпа т.б. атау тұлғалардың бәрі сол дәуірлердің елесін бергендей. Бұл тұлғалар бізге топонимдердің келе-келе күрделеніп, оларға жаңа функциялық мән үстемелейтін анықтауыш ақ, қара, көк, сары, қызыл, жасыл, шұбар, биік ... атрибуттар жалғасқанын байқатады», – деген қорытынды жасайды [7, 15 б.]. Бұл ғалымдардың пікірлерінде де жалпы есімдердің жалқы есімге айналу үдерісі туралы айтылады. Б.Бияров өзінің



еңбегінде осыған нақтырақ тоқталып өтеді, ол «Географиялық терминдердің топонимдерге өтуі тарихи құбылыс., өнімсіз болса да, топоним жасаудың бір жолы... Мұнда қойылатын жалғыз шарт – Бұлақ атауын алу үшін, ол сол маңдағы жалғыз бұлақ болуы тиіс...», – деген қорытынды жасайды [2, 64 б.]. Жалпы есімдердің жалқы есімдерге айналуы ұзақ уақытты қамтитын топонимдік үдеріс. Бұл танымдық кеңістікпен тікелей байланысты мәселе [8, 16 б.] Жер-суға атау берудегі осы дәстүр қазақ топонимдерінің біртұтас үлгілерінің қалыптасуына ықпал етті. Шекаралық аймақтардағы, яғни Қазақстан шекараларының сыртында да дәстүрлі үлгідегі қазақ атаулары көптеп кездеседі [9]. Бұл өз кезегінде топонимдерді ареалдық әдіс бойынша зерттеу қажеттілігін тудыратыны белгілі.

Географиялық нысан атауларының топонимиялық даму бағытында лингвистикалық бірнеше тәсілдерді көруге болады. Олар: *лексика-семантикалық, синтетикалық және аналитикалық* тәсілдер. Қазақ тіліндегі жер бедері атаулары негізінен топонимжасауға бейім, сондықтан табиғатында болып жататын лингвистикалық құбылыстар мен қызметі олардың дамуына өзіндік ықпал етеді. Географиялық терминдердің онимдену процесі бір жағдайларда лексика-семантикалық тәсіл арқылы жүзеге асады. Жалпы есім атаулар географиялық нысанның табиғатын сипаттау мағынасында берілген. Ілгеріде атап өткеніміздей, белгілі бір аймақтарда *жота, сай, қыр, төбе* т.б. секілді географиялық нысан біреу ғана болса, ол лексика-семантикалық жолмен жалқы есімге айналып отырған, яғни үнемі сипаттаушы атауымен сол нысанды ғана атай келе тілде жалқылық мағынасымен орныққан. Мысалы, Дөң, Жота, Сай, Қырат, Төбе т.б.

Ал екеу немесе одан көп болса, оған айқындаушы сөз қосып немесе басқаша атау беру арқылы, аналитикалық жолмен жалқы есім жасалған. Мысалы: елді мекеннің айналасындағы екі дөңді бір-бірінен ажырату үшін бірі – Дөң, екіншісі – ойпаң жерде дөң болып жеке тұрғандықтан – Арал деп аталады<sup>2</sup>, сол секілді екі сайдың бірі – сағыз өсімдігінің өсуіне байланысты Сағызсай, екіншісі – терең болуы себепті Тереңсай атауына ие болған. Ақжота, Ақсай, Бозқырат, Ақтөбе т.б. атаулар да ілгерідегі дәстүрлі топонимжасам үлгісі бойынша жасалған.

Осылайша тілдегі сөздер қолданыс барысында мағынасы және қызметі жағынан дамып, жаңа бір сапаға көтеріліп отыр. Мақала көлемінде халықтық географиялық нысандардың көркем тілі элменеті, географиялық термин және топоним ретінде дамуы бойынша мысалдар беріліп талдаулар жасалды. Аталған үш сала бойынша да, басқа бағыттарда да халықтық ұғым-түсініктерді жаңғыртып, лексикалық бірліктердің белсенділігін арттырып, ұлттық тілдің

<sup>2</sup> Қазақ тілінде түгелдей сумен қоршалған құрлықтың шағын бөлігін «арал» деп атайды және осы ұқсастықтың негізінде ойпаң жерде бөлек тұрған дөңді де «арал» дейді.

ішкі мүмкіндігі сарқа пайдаланылғанда тіл табиғатында жаңару мен жасару өзгерістері көрініс береді.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Ержанова Ұ. Ақжайық өңірінің топонимиясы. – Алматы, «Арыс», 2001. – 174 бет.
2. Бияров Б. Жер-су аттарының сөзжасамдық үлгілері (монография). – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2012. – 460 бет.
3. Сапаров Қ. Павлодар облысының топонимикалық кеңістігі (қазақтардың кеңістікті игеру тәжірибесінің жер-су атауларындағы көрінісі). Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2007. – 308 бет.
4. Подольская Н.В. Словарь русской ономастической терминологии. – Москва: «Наука», 1988. – 192 с.
5. Мәдиева Г.Б., Иманбердиева С.Қ. Ономастика: зерттеу мәселелері. – Алматы: «Атамұра», 2005 – 240 бет.
6. [https://kk.wikipedia.org/wiki/Қазығұрт\\_тауы](https://kk.wikipedia.org/wiki/Қазығұрт_тауы)
7. Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. – Алматы: «Мектеп», 1985. – 256 бет.
8. Жанұзақ Т. Қазақ ономастикасы. Атаулар сыры 3. – Алматы: «Дайк-Прес», 2007. – 524 бет.
9. Казахи Омского Прииртыша. Энциклопедия. – Омск: «Золотой тираж», 2015. – 488 с.; Очир-Гаряев В.Э. Монголоязычная топонимия на территории Евразии // Вестник Бурятского государственного университета. №10, 2012. 75-81с.

## XX ҒАСЫРДАҒЫ ӘКІМШІЛІК-АУМАҚТЫҚ ӨЗГЕРІСТЕРГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ЕЛДІ МЕКЕНДЕРІНІҢ АТАУЛАРЫ

**Темірғали Аршабеков**

*Қарағанды облыстық ғылыми техникалық  
құжаттама жөніндегі архив басшысы*

1920 жылғы 26 тамыз бен 1928 жылғы 17 қаңтар аралығындағы әкімшілік-аумақтық құрылым тарихы (губерниялық бөлініс). Абай ауданының аумағы 1921 жылғы 25 сәуірден бастап бұрынғы Ақмола облысынан ауыстырылған Ақмола губерниясының Ақмола уезіне қарады. Ол кезде бұл аудан орталығы Больше-Михайловка деген жерде орналасқан Қарағанды болысы деп аталды. Бұл болыс «көшпелі» болыстар категориясына жатқызылды, яғни оның негізгі тұрғындары көшпелі қазақтар болды.

Ақмола губерниясы 1921 жылы 25 сәуірде Ақмола уезінің 75 болысынан, Атбасар уезінің 51 болысынан, Көкшетау уезінің 63 болысынан және Петропавл уезінің 44 болысынан құралды. 1923 жылдың қаңтарында болыстарды іріктеу науқаны жүрді. Ақмола уезінде 1924 жылғы қараша айының мәліметі бойынша 19 болыс қана қалды<sup>3</sup>.

Жаңаарқа жерінде болыстарды ірілендіру бұдан да ертерек басталған болатын. 1921 жылы қаңтар мен наурыз аралығында Сарыкөл мен Шонай болыстары Үшабыз болысы болып қайтадан ұйымдастырылды. Осы жылдың шілде айында Айнабұлақ болысы Атасу болысына, Мұңлы болысы Қосағалы болысына, қыркүйек айында Еркесай болысы Нілді болысына қосылды.

1923 жылы 26 қаңтарда Ақтау, Алабас, Ортау, Сарытау, Нілді болыстары Асанқайғы болысының, Жыланды, Көнек, Қарағаш болыстары Сарыарқа болысының құрамына кірді. Қарақыз, Шу, Көктас болыстарынан Шу болысы ұйымдастырылды. Қойтас, Шажағай, Сораң болыстары Сарысу болысымен бірікті. 1923 жылы 6 наурызда бұл болыстарға Қосағалы болысы қосылды. Сарыарқа болысының орталығы болып Нұрадағы Захаровка, Сарысу болысының орталығы болып – Атасу мекендері бекітілді[1].

1923 жылы 26 қаңтарда Байдәулет, Күмкөл, Шарықты, Шерубай-Нұра болыстарын орталығы Болыне-Михайловка болған Қарағанды болысының құрамына қосты. Бұғылы болысы - Қарағанды мен Нұраға; Спасск Ақмола мен Қарағандыға қарады;

<sup>3</sup>Аршабеков Т., Қожахмет М., Ісләмұлы І. Жер жанаты - Жаңаарқа. Қарағанды: , Гласир баспасы. 2010. – 350

Астаховская, Больше-Михайловская, Долинская, Покорная, Просторная және Ростовская болыстары - Промышленный болысының құрамына енді. Яғни, қазіргі Абай ауданының негізгі бөлігі (негізінен бұрынғы Мичурин ауданы) осы кезден бастап Промышленный болысына қарады. Орталығы 1924 жылдың 4 қыркүйегінен бастап Больше-Михайловка селосына ауыстырылды. [1]

1928 жылғы 17 қаңтар мен 1930 жылғы 17 желтоқсан аралығындағы әкімшілік-аумақтық құрылым тарихы (округтік бөлініс). 1928 жылдың 17 қаңтарында Ақмола губерниясы таратылды. (БОАК 1928 жылы 3 қыркүйекте бекітті). Губернияның уездері мен болыстарынан Ақмола және басқа округтердің аудандары құрыла бастады..

Ақмола округі құрамында 15 аудан болып 1928 жылдың 17 қаңтарында Ақмола губерниясының құрамындағы Ақмола, Атбасар уездері мен Семей губерниясының құрамындағы Павлодар уезінің бөліктерінен құрылды .

Енді қазіргі Абай ауданының аумағы жартылай Қарағанды мен, негізінен, Промышленный ауданына енді. Өзгеріс Промышленный ауданына қатысты болды. Оның құрамына 1925 жылы 12 қазанда Захаровская мен Черниговская болыстарынан құрылған Объединенная ауданының бір бөлігін қосты. [2]. (Ал 1923 жылы 26 қаңтарда Захаровская мен Черниговская болыстарының құрамына Киев болысының аумағы қосылған болатын. Жыланды, Қарағаш, Көң болыстары жаңадан құрылған, орталығы Захаровка селосы болған, Сарыарқа болысына қосылды . 1928 жылдың 17 қаңтарынан бастап Нұра мен Сарыарқа болыстары қосылып, Нұра ауданын құрады. [128].)

1928 жылы Қазақстан төрт буынды басқару жүйесіне (ауыл-аудан-округ-орталық) көшті. Республика көлемінде 13 округ, 180 аудан құрылды. Ақмола округіне қарасты 15 ауданның бірі – Асанқайғы ауданы бұрынғы Асанқайғы болысынан және Сырдария губерниясына көшпей қалған Сарысу болысының ауылдарынан ұйымдастырылды. Сарыарқа болысына қосылған Қарағаш, Көнек, Жыланды болыстары Нұра ауданының құрамына енді

1928 жылы 17 қаңтарда Қазақстанның II Пленумында аймақтық партия комитеті қаулысы бойынша “Қазақстанды аудандыру” жөнінде әкімшілік территориялық 3 звенолық жүйеге бөлінді; яғни округ - район - город; село - аул. 1928 жылы 17 қаңтарда Қарқаралы болыстың уезінен Семей облысына Қарқаралы округі құрылды. Оған 7 аудан енді.

1928 жылы 17 қаңтарда Қазақстанның аймақтық партия комитетінің “Қазақстанды аудандыру” жөніндегі қаулысы бойынша әкімшілік-аймақтық 3 бөлімдік жүйеге бөлінді; округ - аудан - қала; село - аул. 1928 жылы 17 қаңтарда Қарқаралы округ болып құрылып, Семей облысының құрамына кірді. Округтің қарамағында болды.

1928 жылы Қарқаралы уезінің құрамы төмендегідей еді: Абыралы, Ақсары

– орталығы Карбышев селосы, Бауыр – Борлы, Дағандал, Берікқара, Дегелен, Қатон – Балқаш, Кедей – Тоқырау қойнауы, Кент, Қызылтау – Қызылтау мекені, Қу, Мендеш, Темірші, Шет – Мойынты жері, Шұбартау, Едірей.

1929 жылы КСРО Орталық Атқару Комитетінің Президумының шешімімен аймақтарда округтер құру қабылданды. Өз кезегінде округтік басқару жүйесі аудандарға берілді. Ал бұл жағдай ауданнан ауылдық кеңес жүйесіне берілді. Барлық қаралған қарарларда жергілікті әкімшілік басқару жүйесінде аудандық жергілікті әкімшілік жүйесін дамытуға баса көңіл бөлінді. Елдің аудандастыру жүйесін тұрақтандыру мақсатында әкімшілік-аймақтық жаңа өзгерістер енгізуді талап етті. Яғни экономикалық даму жағынан әлсіз аудандарды қысқартып, жаңа аудандастыру жүйесіне көшу саясаты жүргізілді. Бұрынғы 180 ауданның орнына 121 аудан құрылды.

1929 жылы 16 тамызда Асанқайғы аты өзгертіліп, С.Сейфуллиннің ұсынысы бойынша, аудан **Жаңаарқа** деп атала бастады.

Қазіргі Қусақ селосы 1928 жылдан бастап құрыла бастаған. Ол 2-3 үй біріктіріліп артель болған. Көшпелі ауыл 1931-1932 жылдары Қусақ өзені бойында қыстау салып, жаз тоқырауын жағасына егін салып алғаш коллективтік шаруашылықтар ұйымдастыра бастаған еді. Алғашқы «Қопа», «Таң», «Берке» үш серіктестік ұйымдастырылған

1928 жылғы Бүкілодақтық мал-жан санағының қорытындысы бойынша Ленинградтан шыққан «Весь Казахстан» деген жинақта «Коунрадский район» иеет 6417 хозяйств, с 29951 чел. населения: из них казаков – 29921 (99,9%), европеев – 30 (0,1%) деп көрсетілген. Бүгінше де Ақтоғай ауданының көлемі осы мөлшердегі кең алқап.

17 желтоқсан 1930 жылы ВЦПК-ның қаулысында 1930 жылдың 23 шілдеден Қарқаралы округі жойылды. Жойылудың нәтижесінде Берікқарадан және Кувск аудандарын аймақтық бөлуде, яғни бұрын Қарқаралы аймағына қараған, 1 қыркүйек 1930 жылы жекелеген Қарқаралы ауданы болып құрылды.

Алғашқы бесжылдық жылдары Қазақстандағы өнеркәсіп және теміржол құрылыстарының өркен жаюы, жаңа совхоз, колхоздардың бой көтеруі, жаңа өндіріс және ауылшаруашылық орталықтарының пайда болуына себепші болды. 1930 жылы 1 қаңтарда райисполком бөлімі ретінде Қарқаралы қалалық кеңесі құрылды, осы жылда жеке бөлініп шықты.

1930 жылы 17 желтоқсанда, БОАК-нің 1930 жылғы 23 шілдедегі қаулысының негізінде Ақмола округі таратылды. Ал оның аудандары ірілендірілді: Жаңаарқаның бір бөлігі -Қарағандыға, Қарағандының бір бөлігі - Ақмолаға; Коммунистический - Ақмола, Қарағанды және Еркіншілікке; Промышленный - Қарағанды мен Нұраға қосылды.

Яғни, осы өзгертулердің нәтижесінде қазіргі Абай ауданының барлығы

дерлік аумағы орталығы Көкөзек поселкесі болған Қарағанды ауданына енді.

1930 жылғы 17 желтоқсан мен 1932 жылғы 20 ақпан аралығында әкімшілік-аумақтық құрылым тарихы (аудандық бөлініс). 1930 жылы 17 желтоқсанда, БОАК-нің 1930 жылғы 23 шілдедегі қаулысының негізінде округтік бөлініс таратылып, негізіне, жартылай жаңа аудандар құрылып, 1929 жылы ірілендірілген аудандар алынған аудандық бөлініс енгізілді. 1932 жылғы 20 ақпаннан бастап аудандар құрылған 6 облыстың құрамына енді. (БОАК 1932 жылы 10 наурызда бекітті).

Енді, қазіргі Абай ауданының аумағы орталығы Қарағанды қаласы болған Қарағанды ауданына қарады. .

1931 жылы 20 наурызда Қарағанды ауданы орталығы Спасск заводы болған Тельман ауданы деп аты өзгертілді. Ал 1931 жылы 22 мамырда орталығы Токаревское селосы деп өзгертілді. 1931-1933 жылдары біршама өзгерістер болды. 1931 жылы 11- және 12-, 15-16-ауылдық кеңестер бірікті. 1932 жылы 18-17-ші ауылдық кеңестер бірігіп, 1933 жылы қала маңындағы ауылдық кеңестер, яғни Ерназар және Жаңабота ауылдық кеңестері құрылды, ал 21 ауыл совет Хорошевский ауыл советіне қосылды. 1933 жылы ауданда тұрғындардың саны біршама азайды, соған байланысты жаңа аудандастыру жобасы бекітілді. Әр ауылдық кеңестерге нөмірленген ауылға өз аттары берілді:

№1, 2, 3 - Бидайық;

№4, 5 - Көктөбе;

№6 - Сартов;

№7 - Бадыран;

№8 - Ораз;

№9, 10 - Кент;

№11, 13, 14 - Милыбұлақ;

№15, 16 - Кеңестас;

№17, 18 - Калинин;

№19, 20 - Бесоба;

№21 - Қала маңы “Қызыларай” деп аталынды. Хорошевскийден 2 ауыл совет құрылды. (Хорошевский және Теміршін).

1932 жылы ақпанда жаңа әкімшілік-аймақтық бөліністе Қазақстанда 6 облыс құрылды. Олар әр шаруашылықтың кәсіптік дамуына қарай бөлінді. Қарқаралы ауданы Шығыс Қазақстан облысының құрамына енді.

1932 жылғы 20 ақпан мен 1936 жылғы 5 желтоқсан аралығындағы әкімшілік-аумақтық құрылым тарихы (облыстық бөлініс). 1932 жылы 20 ақпанда құрамында 23 ауданымен Қарағанды облысы құрылды. (БОАК 1932 жылы 10 наурызда бекітті),

1932 жылы Қазақстанда облыстар құрылуына байланысты, Жаңаарқа ауданы Қарағанды облысының құрамына кіріп, орталығы Атасу селосы болып бекітілген еді.

1932 жылы Қазақстанда облыстар құрылуына байланысты, Жаңаарқа ауданы Қарағанды облысының құрамына кіріп, орталығы Атасу селосы болып бекітілген еді. 1933 жылдың көктемінде ашаршылықтан аман қалған бұрынғы 9 ауылдың халқы бас құрап, ТОЗ, мойынсеріктерге ұйымдасты:

№1 ауыл – Қаражаргас, Еркіндік, Еңбек;

№2 ауыл – Қызылшоқы, Өркендеу, Өндіріс, Келтетал;

№3 ауыл – Жеткіншек, Игілік, Жаңақұрылыс, Ұйымшыл, Кәсіпшіл, Жаңаталап, Төртқұдық, Көкөзек, Тегістік, Егіндікөл, Бестоған;

№4 ауыл – Үлгілі, Талдыбұлақ, Ленин, Оқкөмген, Қызылоба;

№5 ауыл – Атасу, Өрнек, Ақтүбек;

№6 ауыл – Алғабас, Сарыөзек, Бозоба, Қаракөл, Балға, Бірлік, Жаңажол, Тілеке, Жаргас, Көккемер;

№7 ауыл – Қарағаш, Ынталы, Қосшоқы;

№8 және №9 ауылдар – Тасжарған, Қамысмола, Жанатілек, Түгіскен, Қаражаргас, Айбат, Жиделі, Тобылғылы, Маркс, Жарық, Құрамыс, Қарсыадыр мойынсеріктеріне топталды.

1932 жылғы 20 ақпанда Орталық Атқару Комитеті 1932 жылғы 10 – наурызда бекіткен, аудандар жаңа құрылған облыстардың құрамына енген. Сол тізімде – 63 – Қоңырат-Ақтоғай селосы. Осы аталған құжаттармен 1932 жылы 20 – ақпанда құрамында 21 ауданы бар Алматы облысы құрылған аудандар қатарында – 15 – Қоңырат-Ақтоғай селосы.

1933 жылы аштық зардабынан облыс көлемінде біршама өзгерістер болды. Соның бір мысалы Қарқаралы ауданының тұрғындарының саны біршама азайды, соған байланысты жаңа аудандастыру жобасы бекітілді. Әр ауылдық кеңестерге нөмірленген өз аттары берілді, олар Бидайық, Көктөбе, Сартов, Бадыран, Ораз, Кент, Милыбұлақ, Кеңестас, Калинин, Бесоба, Қызыларай деп аталды.

1933 жылдың көктемінде ашаршылықтан аман қалған бұрынғы 9 ауылдың Жаңаарқаның халқы бас құрап, ТОЗ, мойынсеріктерге ұйымдасты:

№1 ауыл – Қаражаргас, Еркіндік, Еңбек;

№2 ауыл – Қызылшоқы, Өркендеу, Өндіріс, Келтетал;

№3 ауыл – Жеткіншек, Игілік, Жаңақұрылыс, Ұйымшыл, Кәсіпшіл, Жаңаталап, Төртқұдық, Көкөзек, Тегістік, Егіндікөл, Бестоған;

№4 ауыл – Үлгілі, Талдыбұлақ, Ленин, Оқкөмген, Қызылоба;

№5 ауыл – Атасу, Өрнек, Ақтүбек;

№6 ауыл – Алғабас, Сарыөзек, Бозоба, Қаракөл, Балға, Бірлік, Жаңажол, Тілеке, Жаргас, Көккемер;

№7 ауыл – Қарағаш, Ынталы, Қосшоқы;

№8 және № 9 ауылдар – Тасжарған, Қамысмола, Жаңатілек, Түгіскен, Қаражартас, Айбат, Жиделі, Тобылғылы, Маркс, Жарық, Құрамыс, Қарсыадыр мойынсеріктеріне топталды.

1934 жылы Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасының Орталық Комитетінің қаулысына сәйкес Жаңаарқа ауданы Қарқаралы округінің құрамына енді, ал 1936 жылы 29 шілдеде ол округтің жойылуына байланысты, аудан қайтадан Қарағанды облысының құрамына берілді.

1934 жылы Қоңырат ауданы Қарқаралы округінің құрамына енді, ал 29 шілде 1936 жылы ол округтің жойылуына байланысты аудан қайтадан Қарағанды облысының құрамына берілді. Бұрын таратылған 24 серіктестік таратылып қайта ұйымдастырылып, колхоздар құрылды

1934 жылы 19 шілдеде ҚазССР ОАК –нің қаулысымен Қарқаралы ауданына Баянауылдан 3 ауыл берілді Жаңақала, Корнеев, Үлгі. Осы жылы Қарқаралы ауданында 19 ауылдық және селолық кеңестер болды. Бесоба, Бадыра, Милыбұлақ, Тельман, Көктөбе, Комсомол, Еңбек, Темірші, Жарлы, Серік, Ораз, Қызыларай, Кент, Құлболды, Сарт, Бидайық, Қаршығалы.

1934 жылы 20 шілдеде Қазақстан Орталық Комитетінің инициативасымен және талап етуімен ұйымдастырылып, Қарқаралы аймағына аударылды.

1935 жылы 19 шілдеде Қаз ССР – ЦИК-нің қаулысымен Қарқаралы ауданына Баянауылдан 3 ауыл берілді. Жаңақала, Корнеев, Үлгі, 1938 жылы 17 ақпанда ВЦИК-ның президиумының қаулысымен олар Ворошиловский және Дмитриевский жаңадан құрылған Ворошилов ауданына берілді. 1936 жылы Корнеев ауыл советінің орталығы ғ5 ауыл Дмитриевский ауылдық кеңес деп аталды 1935 жылы Қарқаралы ауданында 19 ауылдық және селолық кеңестер болды.

№1 - Бесоба;

№2 - Бадыран;

№3 - Милыбұлақ;

№4-Тельман;

№5 - Көктөбе;

№6 - Комсомол;

№7 - Еңбек;

№8 - Теміршін;

№9 - Жарлы;

№10 - Серік;

№11 - Ораз;

№12 - Қызыларай;

№13 - Кент;



№14 - Күлболды;

№15 - Сарт;

№16 - Бидайық;

№17 - Қаршығалы.

1936 жылы 29 шілдеде одан Солтүстік-Қазақстан облысы бөлініп шықты, ал Қарағанды облысының орталығы Қарағанды қаласына көшірілді. (алдында орталық Петропавловск қаласы болған) [2]

1936 жылы 29 шілдеде Қарқаралы округі таратылып, оның аудандары Қарағанды облысының құрамына берілген. Онда 4 – Қоңырат-Ақтоғай селосы деп көрсетілген.

Сол уақыттағы деректерге қарағанда аудан орталығында 230-ға тарта үй болған екен, халқының саны алты жарым мыңдай болған.

Қазіргі Абай ауданы алдындай орталығы Токаревка селосы болған Тельман ауданының құрамына енді.

Қазіргі Абай ауданының аумағы 1973 жылдан бастап орталығы қала типтес поселок Топар болған Мичурин ауданына енді.

1936 жылға дейін Қарағанды облысының орталығы Петропавл (Қызылжар) қаласы болып келді. Жаңаарқа ауданының ол кездегі жер көлемі 99 мың шаршы км. еді. Ауданға қарасты 3 жұмысшы поселкесі, 9 ауылдық кеңестер болды (Атасу, Бірлік, Жарық, Қарағаш, Қарауылтөбе, Сталин, Қызылшоқы, Талдыбұлақ, Түгіскен). Атасу селосы поселке атағын 1941 жылы ғана иемденді[3].

Жаңаарқа ауданының екімшілік өзгерісі 1939 жылы аудандық атқару комитетінің президумының қаулысына сай өзгертілді.

1. Сталин атындағы ауыл советі Еңбек, Қаражартас, Қоғамшыл, Еркіндік колхоздары.

2. Жеткіншек ауылдық советі- Жеткіншек, Ұйымшыл, Сарыөзек, Еңбекшіл колхоздары.

3. Жаңаарқа поселкелік советі аудан орталығы.

Жаңаарқа ауданының әкімшілік өзгерісі 1939 жылы аудандық атқару комитетінің президумының қаулысына сәйкес өзгертілді.

1. Сталин атындағы ауыл советі Еңбек Қаражартас, Қоғамшыл, Еркіндік колхоздары және 14 километр.

2. Жеткіншек ауылдық советі - Жеткіншек, Ұйымшыл, Сарыөзек, Еңбекшіл колхоздары.

3. Жаңаарқа поселкелік советі-аудан орталығы.

Жаңаарқа аудандық атқару комитетінің президиум қаулысы: №13, 1939 ж.

Аудандау

Ауыл шаруашылығы Министірлігі мен Қазақ ССР Министірлер Кеңесінің

жанындағы ауыл шаруашылығы құрылысы басқармасының 1950 жылғы қарашадағы қаулысына сәйкес, аудандағы 29 колхоз ірілендіріліп, 11 колхоз болып қайта құрылды:

1. Еркіндік- Еркіндік, Еңбек, Қаражартас колхоздарының негізінде.
2. Алғабас- Алғабас, Сарыөзен, Бірлік колхоздарының негізінде.
3. Ленин атындағы- Үлгілі, Ленин, Талдыбұлақ колхоздарының негізінде.
4. Киров атындағы – Киров, Ұйымшыл, Жаңаталап, Тегістік колхоздарының негізінде.
5. Ынталы - Ынталы, Қарағаш, Қосшоқы колхоздарының негізінде.
6. Жеңіс- Жеңіс, Түгіскен, Коммунар колхоздарының негізінде;
7. Ынтымақ - Ынтымақ, Жеткіншек колхоздарының негізінде;
8. Өркендеу-Өркендеу, Қызылшоқы колхоздарының негізінде;
9. К.Маркс-К. Маркс, Жиделі колхоздарының негізінде;
10. Өндіріс-Өндіріс, Келтетал колхоздарының негізінде;
11. Атасу- Атасу, Ақтүбек колхоздарының негізінде құрылды.

12. 1936 жылдың 1-тамызында ВЦИК-ның қаулысымен “ҚазАССР-нің жаңа облыстар құрылуымен” байланысты Қарқаралы округі тарап, жеке аудан ретінде Қарағанды облысына қосылды[4]. Аудандық басқару кеңесі 14 адамнан құрылды. 1939 жылы 24 желтоқсанда жаңа Конституция негізінде Қарқаралы ауданында еңбекші депутаттар Кеңесінің алғашқы сайлауы өткізілді.

13. Жаңа құрылған аудандық кеңестің алдында көптеген шаруашылық және әлеуметтік мәдени құрылыстың мәселелері тұрды. Шаруашылықтардың ерекшеліктері мен қажеттіліктерін еске ала отырып, Қарқаралы аудандық кеңесінің I сессиясының 1-шақырылымында тиісті бөлім: Қаржылы-бюджеттік; ауылшаруашылық, мал шаруашылық, денсаулық сақтау; білім беру, мәдениет, сауда, коммуналдық шаруашылық және қаланы көріктендіріп жабдықтау: жол құрылыстары, мемлекеттік заңдылықтарды, сақтау комиссиялары сайланды.

14. Қарқаралы өлкесі Қарағанды облысында кең алқапты алып жатқан аймақ. Жер көлемі жағынан көптеген аудандармен шектесіп жатыр.

15. Қарқаралы аудан орталығы, шығыс және оңтүстік-шығыс жағынан Семей облысының Абралы ауданы, Алматы облысының Шұбартау ауданы, Қарағанды облысының Қу ауданымен шектесіп жатыр. Солтүстік. Солтүстік-шығыс бағытында Павлодар облысының Баянауыл ауданы және Ворошилов аудандарымен шектескен. Батыс жағы Шет ауданы, оңтүстік жағында Қоңырат ауданымен шекаралас орналасқан. Оңтүстіктен солтүстікке дейінгі арақашықтығы шамамен 250 шақырым, шығыстан-батысқа қарай 180 шақырым.

16. Аудан құрамында 18 ауыл кеңесі кіреді: 1) Сартау, 2) Кент, 3) Бадран, 4) Серік, 5) Тельман, 6) Темірші, 7) Ақтайлақ, 8) Қызыл- арай, 9) Милыбұлақ, 10) Комсомол, 11) Жарлы, 12) Бидайық, 13) Еңбек, 14) Құлболды, 15) Бесоба, 16) Көктөбе, 17) Ленин, 18) Қаршығалы. Аудан орталығынан ауыл кеңестерінің арасы 15 шақырымнан 150 шақырымға дейін жерді қамтиды [5].

17. Аудан бойынша 52 шаруашылық артелі жұмыс атқарады.

18. Колхоз аттары: 1) Новый путь, 2) Калинин, 3) Қарасу, 4) Тегісшілдік 5) Төңкеріс, 6) Жаңабет, 7) Жаңа-негіз, 8) Беталыс, 9) 1 май, 10) Қарашоқы, 11) Қызыл- ту, 12) Еңбексүйгіш, 13) Жоншілік, 14) Жаныбек, 15) Татыбай, 16) Ленин, 17) Шатрағаш, 18) Фрунзе, 19) Жарбастау, 20) Томар, 21) Қарағаш, 22) Үштөбе, 23) Кеңес, 24) Талап, 25) Мәдениет, 26) Жұмыскер, 27) Саржал, 28) Кенасу, 29) Чкалов, 30) Ынталы, 31) Қызыл ту, 32) Жаңа ауыл, 33) Жұмысшы, 34) Камком, 35) Комсомолшыңы, 36) Бидайық, 37) Қызылшоқы, 38) Кеңестас, 39) Ақшоқы, 40) Кеңес, 41) Жекежал, 42) Көктал, 43) Қызылшілік, 44) Ұзынжал, 45) Екпінді, 46) Қайнарбұлақ, 47) Теңдік, 48) Жаңаталап, 49) Қызылжар, 50) Жаңатоғам, 51) Ұзынбұлақ, 52) Бірлік [5].

### **Кірге атаулар**

**ИЗУМУРУДНЫЙ** - ауыл. Абай аудандағы кент. Атау орыс тіліндегі асыл тас, берілдің бір түрі И. (зүмірт) тасына байланысты қойылған.

Абай ауданының солтүстігінде, ауд. орталығы Абай қаласының солт.батысында - 90 км, Қарағандыдан солт.-батысқа қарай 110 км жерде орналасқан. Іргесі 1974 ж. Ертіс-Қарағанды каналының 2-кезегінің құрылысына байланысты қаланды. И-да орта мектеп, балабақша-ясли, киноқондырғылы мәдениет үйі бар. Қарағанды және басқа елді мекендермен автомобиль жолы арқылы байланысады.

**САМАРКА** - ауыл. Өткен ғасыр басында іргетасы қаланған көне ауылдардың бірі. Ол туралы «Ақмола облыстық ведомости» (№44, 1911 ж.) газетінде нақты деректер кездеседі. Онда 1911 жылдың 22 қыркүйегіндегі №398 қаулы бойынша қоныс аударушылардың Дальники Захаров болысына ауылдық қоғамдық басқару жүйесін енгізу туралы айтылған. Жаңа салынған ауылды Самарка деп атау ұйғарылған. Қоныс аударушы шаруалар өздері келген Самара губерниясының атауын осылайша сақтап қалған.

Самарка, Самар селолық округінің орталығы. Нұра өзенінің жағасында, Қарағандының батысында 100 км жерде орналасқан. Іргесін Самар губерниясынан қоныстанушылар 1904 ж. қалаған. 1931 ж. «Қарлаг» бөлімшесі ашылған. Халқының саны 1/2 мың (2005). Жерінің жалпы ауданы - 39,3 мың м<sup>2</sup>. Шаруашылықтың мамандандырылған негізгі бағыттары - жеміс, жидек

өсіру, қосымша саласы - сүтті ірі қара өсіру болды. Округтің елді мекендерінде (Бородиновка, Пруды, Огороды) 2 мектеп, клуб, кітапхана, ОДА, басқа да мәдени-тұрмыстық мекемелер бар. Кеңшар негізінде 33 шаруа қожалығы құрылған (2006). Ауыл басқа елді мекендермен автокөлік жолдары арқылы байланысады. Ең жақын Қарабас т.ж. стансасы 82 км жерде орналасқан. Басқа елді мекендермен автокөлік жолдары арқылы байланысады.

**САМАРСКОЕ (Самарқан)** - бөген. Бөгеннің Самарка ауылына жақын орналасуына қатысты қойылған гидроним. Нұра ө. Бойында 1941 ж. салынды. Ұз. 20 км, ені 6,5 км, ең терең жері 17 м. Қалыпты су деңгейі кезіндегі айдынының ауд. 84 км<sup>2</sup>. Суының көлемі 260 млн м<sup>3</sup>, жағалау сызығының ұз. 56 км. Суы тұщы (жалпы минералд. 1 г/л), кермектеу. Өнеркәсіпке және ауыз су ретінде, жер суаруға және халықтың демалыс орнына пайдаланылады. Ихтиофаунасы: шортан, алабұға, табан, тау-тан, қара балық, қызыл қанат, сазан т.б.

**САМАРҚАН** - су каналы (суару жүйесі). Атау бөгеннің атымен аталған. Жүйе жер суаруға арналған гидротех. (су бөлу, су шығару арықтары және құбырлар) және эксплуатациялық (жол, көпір т.б.) құрылыстар. Бұқар жырау ауд. жерінде орналасқан. Суару көзі - Нұра ө. мен Самарқан бөгені. Ертіс-Қарағанды каналының суымен қоректенеді. С. с. ж-нің ұз. 12,1 км. Жүйенің сол жағалығы (1941 жылдан пайдаланылуда) Баймырза, Самарқан ауылдық округтерінің қарағанды а. ш. тәжірибе стансасының жерін суарады. 1983 ж. бас су бөлгіш қайта жабдықталудан өтті.

«Семізқыз» оронимі мал шаруашылығына қолайлы жер ұғымын білдіреді демекпіз. Сонымен қатар кісі есімі не ру атына байланысты қойылуы да мүмкін.

**САРЕПТА** - елді мекен атауы. Қазақ тіліндегі «Сары» «епті» деген біріккен сөздің орыс тілінде бұрмаланған формасы ретінде түсіндіріледі. Сарепта селолық округінің орталығы. Шахтинск-Есенгелді трассасының бойында аудан орталығы Абай қ-ның солт. -батысында - 60 км, Қарағандыдан 65 км жерде орналасқан. Іргесін 1908 ж. Ресейден қоныс аударушылар қалаған. 1962 ж. кеңшарға Держинский аты берілген. Халқының саны 1,2 мың (2005). Жалпы жерінің ауданы 79,4 мың га. Кеңшар мал шаруашылығымен шұғылданған. Округтің елді мекендерінде (Сарепта, Қойбас, Родники, Қоянды) клуб, отбасылық амбулатория, 3 мектеп, кітапхана бар. 29 жеке шаруа қожалығы жұмыс жасайды (2006).

**ТИХОНОВКА** - елді мекен атауы. Орыс тілінде кісі есіміне қатысты қойылған. Кірме антропоним.

**ЮБИЛЕЙНОЕ** - елді мекен. Кеңес дәуірінде бесжылдықтар межесінің мерейтойына орайластырып, орыс тілінде қойылған атау

Абай ауд. Юбилейный селолық әкімдігінің орталығы. Абай ауд-ның оңт.-батыс жағында Абай қ-нан 30 км жерде орналасқан. «Путь Ильича» кеңшары мен Ильич селолық кеңесінің орталығы болды. 1939 ж. Қарлаг бөлімшесінің Қотыр базасында ашылған және ІІМ қарамағында болған. 1962 жылдан бастап ҚазКСР Министрлер Кеңесінің №31 қаулысы бойынша Мичурин ауданының ауыл шаруашылық басқармасына берілді. Мамандандырылған шаруашылығы - көкөніс, асыл тұқымды мал өсіру болды. Халқының саны 1,3 мың (2005). Жалпы жерінің ауданы 68,5 мың га. Округтің тұрғын пунктерінде (Юбилейное, Жон, Қаранақ, Тас заимка) ОДА, ФАП, 2 мектеп, кітапхана, пошта, байланыс бөлімі бар. Ю. ауылының аймағында 41 шаруа қожалығы, ЖШС және ӨК ашылған (2006). Басқа аймақтармен автомобиль жолдары арқылы байланысады. Ең жақын т.ж. стансасы - Қарабас ауылдан 30 км жерде орналасқан.

**ЮЖНОЕ** - елді мекен атауы. Көксу ауылының Северное ауылына қарама-қарсы оңтүстікте орналасуына байланысты орыс тілінде қойылған атау.

**ЮЖНЫЙ (ОҢТҮСТІК)** - қала типтес поселке. Қарағанды қаласының оңтүстігінде, Абай ауданының (бұрынғы Мичурин) оңтүстік шегінде орналасуына байланысты орыс тілінде қойылған атау. Іргесі 1957 ж. қаланған. Кенттің құрылуына Теміртау қ-ндағы Қарағанды металлургия зауытының салынуы негіз болды. Кент Шерубай-Нұра ө-нің оң жағалауында, облыс орталығы - Қарағанды қаласынан 70 км, аудан орталығы - Абай қаласынан 35 км жерде орналасқан. Кентте Оңтүстік Топар кен басқармалы, «ТЭМК» ЖШС өндірістік кешені жұмыс істейді. Халқының саны 2,6 мың (2005). Шерубай-Нұра т.ж. стансасы кенттен темір жолмен - 4 км, автокөлік жолымен 12 км жерде. Мәдениет үйі, кітапхана, мектеп-балабақша, ОДА, монша, дәріхана, пошта, 2 наубайхана, байланыс торабы, 13 дүкен, 1 кафе бар. Кент басқа елді мекендермен т.ж. және автокөлік жолдармен қатынасады.

**ЯГОДНОЕ** - елді мекен. Ауылдың шаруашылық бағытының жеміс-жидек өсіруге негізделуіне байланысты орыс тілінде қойылған атау.

**ПОКОРНОЕ** - село. Елібай деп аталатын жерді Покорное («Покоряться должны, их дело покоряться») - деген сөзден шыққан) деп ақ патшаның жендеттері ат берген. Эстониядан келген қоныс аударушылар іргетасын қалаған.

**САМАРҚАН** - село, Ленин ауылының орталық мекені. Теміртау қаласының алғашқы атауы. Самарқан поселокесіне 1906 жылы адамдар тұра бастады, ал 1909 жылы 10 ақпаннан бастап дербес ауылдық басқару құқығын алды. Поселкеге алғашқы жылдары Самарқан губерниясынан немістер келген. Атау екі сөздің негізін алған: «Самар» - қоныс аударушылардың бұрынғы тұрған отаны және «қант» елді мекен деген мағынада. Осымен тұрғындар өздерін самарқандық екенін айрықтаған.

**Миньковка - село.** Атауы Екатеринославский (Днепрпетровский) облысынан келген, онда Миньково (Маньково) слободасы болған

**Волковское-с.Волков** - Қаражар ауылының елді мекені. Жүзжылдықтың басында осы жерге қоныстанған шаруа Волковтың бұрынғы хуторы.

**Волын** - Дубовка ауылының елді мекені. Волын губерниясынан жер аударып келгендердің бұрынғы тұратын жері.

**Гагаринское-с.** Гагарин - село, Гагарин атындағы ауылдың орталық мекені. Тұңғыш ғарышкер-ұшқыш Ю.А. Гагарин есімімен аталған.

**Әдебиет тізімі:**

1. Аршабеков Т., Қожахмет М., Ісләмұлы І. Жер жанаты - Жаңаарқа. Қарағанды: Гласир баспасы. 2010. – 350
2. Административно-территориальное деление Казахской ССР на 1 мая 1929 г.
3. Весь Казахстан 1931 г. М., 1932
4. Киргизская ССР. Акмолинская губерния исполнительный комитет за 1923-1924 гг. Петропавл, 1924
5. ҚОМА қ 596, т 1, і -34, 40 п
6. ҚОМА қ 596, т 1, і -34, 45 п
7. ҚОМА қ 596, т 1, і -34, 60 п
8. ҚОМА қ 596, т 1, і -34,112 п

## АВЕСТІДЕН ҚАЛҒАН ӨЗЕН АТАУЛАРЫ

Серік Ерғали

мәдениеттанушы

Наурыздың патшалар шежіресіне қатысты тарихының жазылуы да қайран қалдырарлық жайт әрі түркілік дәйектермен таң қалдырады. Соның бірі – «Шахнама». Фирдауси өзінің «Шахнаме» дастанына ежелгі аңызды арқау еткен. Бұл аңыздар ежелгі жазбаларда сақталған. Ол бойынша Джемшид (Джамшид) – ежелгі пишдадид әулетінің 4 - патшасы, Тахмурес (Такмұра?) патшаның ұлы. Авест бойынша оның есімі - Йима. Ол бұл туынды бойынша ежелгі индо-ирандық бақташылық заманына қарасты басты кейіпкерлердің бірі.

**«Шахнаманың»** бір үзігін келтірейік:

*С царским величием создал трон*

*И драгоценностями его он украсил,*

*И когда он захотел, див поднял этот трон*

*Из степи до вершины.*

*Подобно сияющему солнцу в небе,*

*Сидел на нем царь, - правитель.*

*Мир собрался вокруг его трона.*

*И были удивлены его ореолом и троном,*

*Осыпали Джамшеда жемчугами,*

*И этот день назвали новым днем*

*В начале нового года – Хурмузда Фарвардин...*

Дастанның қысқаша мазмұны былай өрбиді. Жәмшиттің айуандар мен жындарды бағындырып, адамзатқа құл еткені, барлық өнердің бастау алып, өркендегені, тіпті, оның заманында адамдардың таптық топтарға бөлінгендігі, әркім өз қабылетіне қарай еңбек етіп, күн көргені, қарауындағы елдің бар болып, барша мұратына жеткендігі; сөйтіп, үш ғасыр тақта отырған Жәмшитке құт дарып, оның тағы көкке жетіп, патшаға гауһар жауын (нұр) жауғаны айтылады. Бұл күн – «Жаңа күн» аталған Хормоз күні болатын. Ал, әлгі гауһар жауынды ай наурыз айы көрінеді.

Алайда, уақыт өте келе менменсіген Жәмшит өз еліне өзі тажал болады. Халық сендей соғылады, тек бір патшаны пір тұту керек болады. Ақыры оған шыдамаған төрелер мен әскері оны үш жыл жиырма күн ішінде тастап, ханды

талақ етіп, жөндеріне кетеді. Сөйтіп, адамзаттың айтулы патшасынан дарыған құт қашыпты.

Енді бір қызығы, аса бағалы тарихи осы дастанда айтылған уәждер мен ұғымдар түркілік таным мен ұғымға барынша жуықтығына қайран қала отырып көз жеткізуге болады.

1. Жәмшиттің о бастағы есімі **Джам** (Джем) екені айтылады. Оның тағының нұрлануына орай «сәуле», «нұр» ұғымдарын білдіретін парсылық «**шед**» сөзі қосылған-мыс. Осы тарихи есімге барынша жуық аса ежелгі атау ретінде Ақтөбе, Атырау облыстарының аумағын басып ағатын өзеннің «**Жем**» аталуы еріксіз еске түседі. Және бұл гидроним әлі күнге лингвистикалық жағынан тектелген жоқ. Бұл өзен атауы қазақтар арасында мойындалса да, бұған қоса осы өзеннің екінші атауы ресми картаға «**Эмба**» болып түскен. Бұл атауды патшалық Ресей кезіндегі картографтар жергілікті қазақтардан жазып алғанда қате жіберген делініп жүр. Алайда, Жәмшиттің авесталық есімі **Йима** болып, қазақ өзенінің атауы онымен байланыстылығы рас болса, әлгі тарихи қатеге басқаша қарауымызға тура келеді. Түркілік «м» және «б» дыбыстарының бір бірін ауыстыру қасиеті жиі екенін ескерсек, ежелгі «Йимма» түріндегі сөздің түркілік «Ймба» нұсқасы болуы қисынды. Ал ол қазақылана келе Ембі аталған болар да, оны тілмаштардың орыс картографтарына «эмба» түрінде жазып бергендігіне күмән аз. Шынында да, Жем өзеніне «Эмба» сөзінің қатыстылығы қаншалықты екенін түптеу - бүгінде тұйыққа тірелген этнономастикалық мәселенің бірі болып отыр.

Назар аударатын тағы бір жайт – дастан бойынша Жәмшиттің ежелгі индоирандық бақташылық заманына қарасты басты кейіпкер екендігі. Кім біледі, бақсы бабаларымыз секілді жын-перілерді бағындыру сол Жем бабадан басталса, оның тағы *«И когда он захотел, див поднял этот трон Из степи до вершины»* делінген тағы орнатылған орын Жем өзені басталатын кәзіргі «Мұғалжар» аталатын Орал тауының сілемі болуы ғажап емес. Еліміздің әр аймағынан молаларын алтынға аптаған «алтын адамдар» табылып жатқанда, қазақтың соңғы ханы Кенесары түскен жерге кілем жайып, әлі күнге «Кілемжайған» атап отырған қазақтың арғы бабаларына бұл ғұрыптың тән болуы әбден мүмкін емес пе?! Бұған қоса нұрлану көрінісін тілейтін **Нуырла** есімі әлі күнге дейін Жем бойында туған балаларға қойылып келеді. Бұл есім кәзіргі «Нұрланның» алғы нұсқасы болуы керек. Жалпы, қазақта Нұрлан есімі ХХ ғасырдың ортасында ғана пайда бола бастады.

Тағы бір назар аударарлық жайт, елдің осы бір өңіріне тән қауынның бір сұрпының «Жәмші» аталуы. «**Жәмші**» қауын кішігірім болып келеді де, уылжып піседі, оны жұрт кеңес шаруашылығы кезінде «Колхозқауын» атайтын болған. Демек, жәмшіқауын аңызға негіз болған Жәмшіге де-



ген мыңдаған жылдар бойғы құрмет болса ше?! Бұған қоса, аталмыш өңірде Шәмші есімі өте көп тараған, сірә, бұл есім кәдімгі «шам жағушы» дегенді білдіретін **Шамшы** сөзі болуы да ықтимал ғой. Адамзат баласына өркениеттің негізін қалап, барлық өнердің ошағын маздатқан бас бабаға бұлайша құрмет етпегенде, баба әруағына бас июден танбайтын ұрпағы не істемек?! Егер бұл сөз Жәмшиттің түркілік нұсқасы болса, оны араптар да мифологиялық тұлға ретінде Манушалх атайды.

2. Авеста бойынша әрбір күннің атауы болған, демек, әр күннің өз сыйпаты болғаны. **Грек тарихшысы Квинт Руф** (б.з.д. I ғ.) өзінің «Ескендір жорығы» Ортаңғы азиялық көшегендердің Наурызда қотанға шымқай қызыл мауытыдан киінген 365 бозбаланың шығуын олардың өздеріне сай сыйпаты болғандығынан хабардар етеді. Демек, әрбір тәулік-баланың есімі де болғаны. Олардың қызылтүсті киінуі оттың бөлшегі, Күннің шапағы екендіктерін білдіргені. Ол кезде әр ай түгілі әр күннің атауы болып қоймай, әрбір тәулік Күннің қасиетті мезеті саналған. Осыған орай, Маңғыстаудағы «360 әулие» ұғымы о бастағы әр күнді дәріптеу нанымының жұрнағы болуы ғажап емес. Жалпы, Маңғыстау түбегі ежелгі тәңірлік танымға негіз болған Зороастр дінінің бесігі іспетті. Әрине, бұған арнайы зерттемелік қауқар мен дәрмен қажет.

3. Өз ісіне өрекіген, өркөкіректеніп, менменсіген Жәмшит бабамыз өз еліне өзі дұшпан болғасын, оның әуселесіне шыдамаған төрелер мен әскері оны үш жыл жиырма күн ішінде тастап кетеді. Ал, қай кезде де патшаның гвардиясы әрі көшеген, әрі батыр жұрттан жасақталған жоқ па?! Өз ханына қарсы шығатын да, қажет болса, «қазақ шығып» тастап кететін көшпелі түркі тайпалары емес пе? Демек, безбүйрек Жемді хан көтерген де, «ханталапай» еткен де барыс тұрпатын елтаңба еткен ежелгі тұрандықтар емес пе екен?!

4. *И были удивлены его ореолом и троном,*

*Осыпали Джамшеда жемчугами,*

*И этот день назвали новым днем...* – деген жолдарды қазақ әлі күнге мифологиялық «нұр жауған» деген тіркеспен беріп келеді. Ал, нұр – ерекше батаның берілгендігі мен ырыстың бұйырғандығының нышаны. Демек, ежелгі түркілер «жаңа күн» дегеннің орнына «нуырлы, нұржауған, ырысты күн» атар еді. Тіпті, «нау ырыс» тіркесі сол ырыстың жауын сәтін білдіруі ғажап емес.

Жоғарыдағы тұтасқан ұғымдар жөніндегі уәждерімізді мына бір келтіріндімен бекіте түсуге болады. *«Установление праздника приписывается одному из центральных героев мифологической и эпической истории Ирана царю Джамшиду. В Авесте – священной книге зороастрийцев – он фигурирует под именем Йима. Рассказывается, что настоящая имя Джамши-*

да было Джам, но однажды, путешествуя по Ирану, он оказался в одной из иранских провинций под названием Азербайджан. Там он повелел установить украшенный драгоценными камнями трон на возвышенности (гора), обратить его в сторону восходящего Солнца и, увенчав себя короной драгоценных камней, воссел на трон. Восходящее Солнце озарило своим светом трон и корону, увидев это, возрадовались и решили, что день этот отныне будет называться Новым (Нав Руз), а поскольку слово солнце и блеск по персидски звучат как «шид», то царя Джама с этих пор стали называть Джамшидом, то есть блистательным, солнцеподобным Джамом...» **Шариф Шукуров, «Навруз».**

«Шид» сөзіне барынша мағыналық және айтымдық жағынан сәйкес келетін қазақтың «ши» сөзі, бір түптен шығатын жіңішке де түзу далалық өсімдік ұғымын беріп қоймайды, Күнге еліктеп шығарылған көшегендердің қаң-арбаларының доңғалағының шабағы (шапақ?) да түсініледі. Сонда Джамшидтің ежелгі түркілік нұсқасы «Шамши» болуы да ықтимал, содан барып бүгінгі Шәмші, Шәмшиден есімдері басталуы ғажап емес.

## СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ӨңІРІНІҢ ЕЛДІ МЕКЕН ТАРИХЫНАН

**Сәуле Мәлікова**

*Петропавл қаласы Солтүстік Қазақстан  
мемлекеттік архивінің директоры, т.ғ.к.*

Ономастикалық атаулар – өңірдің ерекшеліктерін көрсетіп тұратын рухани құндылықтарының негізі факторы болып табылады. Сондықтан ертеректе қойылған қазақи атаулардан сол аймақтың табиғи, физико-географиялық өзгешеліктері мен басқа да қырларын көре аламыз. Оған бабаларымыз атаған өзен-көлдер мен орман-тоғайлардың, таулар мен қыраттардың, жайлаулар мен қыстаулардың атаулары дәлел. Өкінішке орай ономастиканың қоғам үшін маңызды бөлшегі болып табылатын елді мекендер мен құрамдас бөлік атауларының біршамасы түрлі тарихи оқиғалар кесірінен өзгеріске ұшыраған. Атауларды жаппай өзгерту мәселесі әсіресе Кеңес үкіметінің әмірі үстем болып тұрған кезеңде белең алып, ертеден бері келе жатқан атауларымыздың көпшілігі өзге тілдердегі атаулармен алмастырылса (Петропавл, Калинин, Келлер, Тимирязев, Явленка, Вознесенка, Корнеевка, Архангельск, Боголюбовка, Благовещенка, Докучаев,), біршама атауларымыз тілдік нормасынан ауытқып, өзінің түпкі нұсқаларына ұқсамайтындай қалыпқа дейін өзгерген. Бұған аймағымыздағы Альжанка [Әлжан], Ульгули [Үлгілі], Якши Янгизтау [Жақсы Жалғызтау] т.б. атаулар дәлел.

Еліміз егемен ел аталғаннан бері өңір-өңірлерде елді мекендерге тарихи атауларын қайтару, көшелер мен даңғылдарды ұлттық нақыштағы атаулармен қайта атау жұмыстары қолға алынды. Себебі бұл біріншіден жас ұрпақтың отансүйгіштік сезімін арттырып, рухани дамуына ерекше әсер ететін дүние болса, екіншіден тіліміздің шұбарланбай таза қалыпында сақталуына септігін тигізеді сөзсіз. Осыған орай ономастикалық атауларды өзгертуге жарияланған мораторий алынысымен Солтүстік Қазақстан өңірінің азаматтары бірауыздық танытып, тарихи атаулардың қайтарылуына ден қойғандығы біршама жұмыстың басын қайыруға үлкен септігін тигізген еді. Көп жылдар бойғы көпшіліктің қалауын іске асыруға ең алдымен Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы Жарлығы мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы қаулысына сәйкес, кәсіпорындарды, ұйымдарды, мекемелер мен басқа да физикалық-географиялық нысандарды атау мен

қайта атауларды өзгертудің тәртібі, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығы қарсаңындағы тапсырмасы мен бүгінгі күні жүзеге асырылып жатқан идеологиялық тұрғыдан ескірген, қайталанатын атауларды тарихи жер-су атаулары және ұлттық танымға жақын дәстүрлі атаулармен өзгерту туралы ҚР Президентінің 2017 жылғы 28 ақпанда берген № 17-388-5 тапсырмасы ықпал болды.

Осындай мемлекеттік маңызы бар тапсырмаларды негізге ала отырып, Солтүстік Қазақстан облысы 1993 жылғы ҚР Жоғарғы Кеңес Президиумының 04.05.№2189-Х-2 Қаулысының негізінде Володарское селосына тарихи атауы болып табылатын Саумалкөл атауын, 2000 жылы ҚР Үкіметі жанындағы Мемонкомның ұйғарымымен Красное селосына Ноғайбай атауын, Херсонское селосына Қаратерек атауын, 2002 жылы «5 декабрь» селосына Береке атауын, 2003 жылы Ленин селосына Байшілік атауын, Толбухинское селосына Телжан атауын, 2005 жылы Октябрь селосына Аймақ атауын, 2006 жылы Озерное селосына Тілеусай атауын, 2008 жылы Найдорф селосына Ақсары атауын, Западное селосына Нұрымбет атауын, Гавриловка селосына Көкалажар атауын, Чапаевское селосына Мерген атауын, Черниговское селосына Қондыбай атауын, Наследниковка селосына Баян атауын, Совхозное селосына Ақжарқын атауын қайтару бойынша жұмыстары тиімді аяқталып, тарихи атаулар қайтарылған болатын.

Осы бағыттағы жұмыстар бойынша транскрипциясы өзгертілген ауылдарға тоқталатын болсақ, 2008 жылы СҚО әкімдігінің №156 қаулсы және облыстық мәслихаттың №7/9 шешімімен Альжанка селосына Әлжан атауы, 2009 жылы СҚО әкімдігінің №264 қаулсы және облыстық мәслихаттың №18/10 шешімімен Якши Янгизтау селосына Жақсы Жалғызтау атауы, Ульгули селосына Үлгілі атауы, Даут селосына Дәуіт атауы, Кызылтуское селосына Қызылту атауы, Ишимское селосына Есіл атауы, Нарынгуль селосына Нарынгүл атауы, Аканбурлук селосына Ақанбұрлық атауы, Акчок селосына Ақшоқы атауы, Бурлукское селосына Бұрлық атауы, 2009 жылы СҚО әкімдігінің №340 қаулсы және облыстық мәслихаттың №20/8 шешімімен Шукрлюк селосына Шүкірлік атауы Альва селосына Алуа атауы, Есперлы селосына Есперлі атауы, Бишкуль селосына Бескөл атауы, Бирликское селосына Бірлік атауы, Тохты селосына Токты атауы, Карагандинское селосына Қарағанды атауы, Аккудук селосына Аққұдық атауы, Бидайыкское селосына Бидайық атауы өзгертіліп, қайта жаңғырды.

Өңіріміздегі сондай елді-мекендердің бірі – Ноғайбай ауылы. Ауылдың аты – солтүстік өңірге танымал, ел ішінде, көпшілік жұртқа биік парасатымен, қара қылды қақ жарған әділдігімен танылған, жер мен елдің тұтастығын,

ауыл-аймақтың амандығын ойлаған көреген би Ноғайбай бидің құрметіне қойылған.

Ноғайбай бидің туып өскен жері –қазіргі Мағжан Жұмабаев ауданының Қарақоға ауылдық округіне қарасты Ноғайбай ауылының жері. Сол кездегі Петропавл уезінде жазылған құжаттарға, тарихи оқиғаларға қарағанда Ноғайбай би -1834-1917 жылдар аралығында өмір сүрген тарихи тұлға. Жастайынан алғырлығы мен зеректігі арқасында көзге түскен ол далалық сот жүргізу істерін меңгеруге ден қойып, атақты билердің нөкерлері қатарында билердің билік айтып, төрелік жүргізуіне қатысып отырған. Қатысып қана қоймай олардың бойындағы асыл да, ізгі қасиеттерін бойына сіңіре білді. Архив деректерінде Ноғайбай Батырбеков 1868 жылы құрылған Полудин болысының (қазіргі Мағжан Жұмабаев ауданы) бір-екі сайланым болысы және биі болған. Ол ел ақсақалдарының ұйғарымы мен өзара келісімі, шешімі бойынша елдің салт-дәстүрін білетін, шежіреден хабары бар, аузы дуалы, сөзі уәлі, шаруасы түзу, ата тегі белгілі және елге беделді, сыйлы адам ретінде би атанды. Оның есімі барынша адал, ешкімге бұра тартпайтын әділдігімен ел арасына тез таралды.

Ноғайбай Батырбеков туралы Ақмола облысының жер құрлысы Бас басқармасының 1910 жылғы ресми құжаттында “Ноғайбай Батырбеков” ауыл ақсақалының қыстауы Полуден болысындағы Жамантомар екені айтылған. Архивтерден Ноғайбай бидің Ресей императорына жазған хаты туралы мәліметтер алынды. Мысалы, 1877 жылғы Полуден болысының қазақтарының атынан Ресей императорына 1877-1878 жылдардағы орыс-түрік соғысы тұсында қазақтардың осы оқиғаға көзқарасы жөнінде хаты. Ресей империясының Ішкі істер министірі Батыс Сібір генерал-губернаторына жолдаған жауап хатында Патшаның Полуден болысы қазақтарына алғысы жеткізген. Осындай көпшілік жұртқа биік парасатымен, қара қылды қақ жарған әділдігімен танылған, жер мен елдің тұтастығын, ауыл-аймақтың амандығын ойлаған көрегендігімен көзге түскен тұлғаның есімін мәңгі ұлықтау мақсатында Ноғайбай ауылы құрылған екен.

Ноғайбай ауылы жөнінде ХІХ ғ. 70-ші жылдарындағы тарихи деректерде – Омбы тарихи мемлекеттік архиві құжаттарында кездеседі.

Переселен басқармасының 1901-1917 жж. мәліметтері бойынша, Ноғайбай ауылы Полуден болысы Петропавл уезінің құрамында болған. Ауыл басшысы – Ноғайбай Батырбеков, ауыл тұрғындары бойынша мәліметте саны: ерлер -55, әйелдер-45. Шаруашылық саны – 13. Мал саны – 501.

Кеңес үкіметі жылдарында Ноғайбай ауылы құрамында 1917-1922 жж. Келтесор болысының, ал 1923 ж. Тайынша, Келтесор, Сары-Айғыр болыстары ірілендіріледі де, Бейнетқор болысының құрамына енді.

1926 ж. Жалпыодақтық санақ бойынша Ноғайбай ауылы Бейнетқор болысының №8 ауылының құрамында болды. Алғашқы колхоздардың бірі-осы Ноғайбай ауылында 1927 ж. қаңтарда ұйымдастырылды.

Қазақ АКСР ОАК мен ХКК 1930 ж. 17 желтоқсандағы Қаулысымен Бейнетқор ауданынан №8 ауылдық кеңесі Булаев ауданына берілген. Булаев аудандық атқару комитеті Президиумының 1931 ж. 3 шілдедегі мәжілісінің хаттамасымен №8 ауылдық кеңесі Первомай ауылдық кеңесі болып өзгертілді. Булаев аудандық атқару комитетінің 1937 ж. 7 қыркүйектегі атқару комитеті мәжілісінің №21 хаттамасымен Ворошилов селолық кеңесінің «Карашоқ» колхозы Ноғайбай с. болып құрылды.

1950 ж. Карл Маркс атындағы колхоз қосылды. 1956 ж. Карл Маркс атындағы колхоз «Чистовский» совхозына берілді.

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңес Президиумының 1957 жылғы 11 қаңтардағы Жарлығымен Ворошилов аудандық кеңесінің Бейнеш, Қантай мен Карашоқ елдімекендері Чистовский поселкелік кеңесінің құрамына берілді. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңес Президиумының 1957 ж. 30 шілдедегі Жарлығымен Ворошилов ауылдық кеңесі поселкелік кеңес болып құрылған Надеждин селолық құрамына тұтас аумағымен тапсырылған. Первомай ауылдық кеңесі Көкше-Шапқан, Карашоқ (Өзен) және Өрнекте Молодежный поселкелік кеңесінің құрамына тапсырыла отырып таратылды. Осы Жарлықпен Конюхов ауданы Қарақоға поселкелік кеңесінің Образец, Красное және Амбарное елдімекендері Надеждин селолық кеңесінің құрамына тапсырылды.

Сөйтіп, Кеңестер дәуірінде Ноғайбай ауылы атауын жойып, тұрғындарын Красное селосына көшірген.

Еліміз Тәуелсіздігі алғаннан кейін Красное селосының тұрғындарының сұранымы бойынша село атауы тарихи атауы Ноғайбай ауылы өзгертілді.

Көнеден келе жатқан дәстүрмен қойылған тарихи атауларымызды қалпына келтіру мәселесіне енді бүгінгі күннің көзімен қарауымыз қажет. Өйткені төл тарихымыз бен мәдениетіміз арқылы қазақ өркениетінің көшін ілгерілете алсақ, келесі ұрпаққа жарқын жүзбен қарай аларымыз анық. Осы орайда, тек елді мекендер ғана емес, сонымен қатар көше, мектеп атауларына қатысты да бірқатар оң шешімдер қабылданып, соның нәтижесінде Солтүстік Қазақстан облыстық ономастикалық комиссиясының отырысында ұлтын қолдап, қорғап, қара бастарына келген қауіп-қатерге қарамай күрескен Алаш ардақтыларының есімін ұлықтау мақсатында №25 мектепке **Әлихан Бөкейханның** есімі, ал №9 **Ахмет Байтұрсынұлының** аты, №2 мектепке **Смағұл Сәдуақасовтың** есімі берілді.

**Негіздеме:** Краткий справочник по истории колхозов и совхозов Северо-Казахстанской области (1918-1980 гг).

Справочник по истории административно-территориального деления Северо-Казахстанской области (1936 -2007 гг).

Атамекен атаулары, С.Мәлікова, З.Тайшыбай, Г.Ахметжанова, К.Оспанов., 2015 ж., Петропавловск, Северный Казахстан.

ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҮКІМЕТІНІҢ  
ҚАУЛЫСЫ



ПОСТАНОВЛЕНИЕ  
ПРАВИТЕЛЬСТВА  
РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН

20\_\_ жылы \_\_\_\_\_

Нұр-Сұлтан,  
Үкімет Үйі

от «\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ года

№ \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_

**О присвоении наименований некоторым организациям  
образования и культуры Карагандинской области**

В соответствии с подпунктом 4-1) статьи 10 Закона Республики Казахстан от 8 декабря 1993 года «Об административно-территориальном устройстве Республики Казахстан» и постановлением Правительства Республики Казахстан

от 5 марта 1996 года № 281 «Об утверждении Правил присвоения наименования аэропортам, портам, железнодорожным вокзалам, железнодорожным станциям, станциям метрополитена, автовокзалам, автостанциям, физико-географическим и другим объектам государственной собственности на территории Республики Казахстан, а также переименования, уточнения и изменения транскрипции их наименований и присвоения собственных имен лиц государственным юридическим лицам, юридическим лицам с участием государства» Правительство Республики Казахстан **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Присвоить имена следующим организациям образования и культуры Карагандинской области:

1) коммунальному государственному учреждению «Гимназия № 93» акимата города Караганды государственного учреждения «Отдел образования города Караганды» – имя Шакарима;

2) коммунальному государственному учреждению «Централизованная библиотечная система города Сатпаев» государственного учреждения «Отдел культуры и развития языков города Сатпаев» – имя Баубека Булқышева;

3) коммунальному государственному учреждению «Средняя общеобразовательная школа № 17 поселка Карагайлы Каркаралинского района Карагандинской области» акимата Каркаралинского района государственного учреждения «Отдел образования Каркаралинского района» – имя Рысбалы Молдакашевой.

2. Настоящее постановление вводится в действие со дня его первого официального опубликования.

**Премьер-Министр  
Республики Казахстан**

**А. Мамин**



ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҮКІМЕТІНІҢ  
ҚАУЛЫСЫ



ПОСТАНОВЛЕНИЕ  
ПРАВИТЕЛЬСТВА  
РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН

20\_\_ жылғы \_\_\_\_\_

Нұр-Сұлтан,  
Үкімет Үйі

от «\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ года

№ \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_

**Қарағанды облысының кейбір білім беру және мәдениет  
ұйымдарына атау беру туралы**

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 4-1) тармақшасына және «Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы № 281 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қарағанды облысының мынадай білім беру және мәдениет ұйымдарына

1) Қарағанды қаласы әкімдігінің «Қарағанды қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№ 93 гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне – Шәкәрімнің есімі;

2) «Сәтбаев қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Сәтбаев қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне – Баубек Бұлқышевтың есімі;

3) Қарқаралы ауданы әкімдігінің «Қарқаралы ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Қарағайлы кентінің жалпы білім беретін № 17 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне – Рысбала Молдақашеваның есімі берілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

А. Мамин

ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҮКІМЕТІНІҢ  
ҚАУЛЫСЫ



ПОСТАНОВЛЕНИЕ  
ПРАВИТЕЛЬСТВА  
РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН

20\_\_ жылғы \_\_\_\_\_

Нұр-Сұлтан,  
Үкімет Үйі

от «\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ года

№ \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_

Исх. № 626 от 09.09.2021, Вход № Д-2035//626 от 10.09.2021

**Қызылорда облысының білім беру ұйымдарына атау беру туралы**

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 4-1) тармақшасына, «Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту

және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы № 281 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қызылорда облысының мынадай білім беру ұйымдарына:

1) «Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «№ 11 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Әбубәкір Тыныбаевтың есімі;

2) «Қызылорда облысының білім басқармасының Шиелі ауданы бойынша білім бөлімінің «№ 142 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Базарбек Қашқынбаевтың есімі берілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

А. Мамин

Подпись канцелярии

09.09.2021 18:34 САРБАСОВА АҚМАРАЛ

Подпись руководителя

09.09.2021 18:34 МАМИН АСКАР

ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҮКІМЕТІНІҢ  
ҚАУЛЫСЫ



ПОСТАНОВЛЕНИЕ  
ПРАВИТЕЛЬСТВА  
РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН

20\_\_ жылғы \_\_\_\_\_

Нұр-Сұлтан,  
Үкімет Үйі

от «\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ года

№ \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_

Исх. № 626 от 09.09.2021, Вход № Д-2035//626 от 10.09.2021

### О присвоении наименований организациям образования Кызылординской области

В соответствии с подпунктом 4-1) статьи 10 Закона Республики Казахстан от 8 декабря 1993 года «Об административно-территориальном устройстве Республики Казахстан», постановлением Правительства Республики Казахстан от 5 марта 1996 года № 281 «Об утверждении Правил присвоения наименования аэропортам, портам, железнодорожным вокзалам, железнодорожным станциям, станциям метрополитена, автовокзалам, автостанциям, физико-географическим и другим объектам государственной собственности на территории Республики Казахстан, а также переименования, уточнения и изменения транскрипции их наименований и присвоения собственных имен лиц государственным юридическим лицам, юридическим лицам с участием государства» Правительство Республики Казахстан **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Присвоить имена следующим организациям образования Кызылординской области:

1) коммунальному государственному учреждению «Школа-лицей № 11» отдела образования по городу Кызылорде управления образования Кызылординской области» имя Абубакира Тыныбаева;

2) коммунальному государственному учреждению «Средняя школа № 142» отдела образования по Шиелийскому району управления образования Кызылординской области» имя Базарбека Кашкинбаева.

2. Настоящее постановление вводится в действие со дня его подписания и подлежит официальному опубликованию.

**Премьер-Министр  
Республики Казахстан**

**А. Мамин**

**Подпись канцелярии**  
09.09.2021 18:34 САРБАСОВА АКМАРАЛ

**Подпись руководителя**  
09.09.2021 18:34 МАМИН АСКАР

ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҮКІМЕТІНІҢ  
ҚАУЛЫСЫ



ПОСТАНОВЛЕНИЕ  
ПРАВИТЕЛЬСТВА  
РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН

20\_\_ жылғы \_\_\_\_\_

Нұр-Сұлтан,  
Үкімет Үйі

от «\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ года

№ \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_

**«Ақтөбе халықаралық әуежайы» акционерлік қоғамына  
Әлия Молдағұлованың есімін беру туралы**

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 4-1) тармақшасына, «Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы № 281 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Ақтөбе халықаралық әуежайы» акционерлік қоғамына Әлия Молдағұлованың есімі берілсін.
2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі**

**А. Мамин**

ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҮКІМЕТІНІҢ  
ҚАУЛЫСЫ



ПОСТАНОВЛЕНИЕ  
ПРАВИТЕЛЬСТВА  
РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН

20\_\_ жылғы \_\_\_\_\_

Нұр-Сұлтан,  
Үкімет Үйі

от «\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ года

№ \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_

### О присвоении акционерному обществу «Международный аэропорт Актобе» имя Алии Молдагуловой

В соответствии с подпунктом 4-1) статьи 10 Закона Республики Казахстан от 8 декабря 1993 года «Об административно-территориальном устройстве Республики Казахстан», постановлением Правительства Республики Казахстан от 5 марта 1996 года № 281 «Об утверждении Правил присвоения наименования аэропортам, портам, железнодорожным вокзалам, железнодорожным станциям, станциям метрополитена, автовокзалам, автостанциям, физико-географическим и другим объектам государственной собственности на территории Республики Казахстан, а также переименования, уточнения и изменения транскрипции их наименований и присвоения собственных имен лиц государственным юридическим лицам, юридическим лицам с участием государства» Правительство Республики Казахстан **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Присвоить акционерному обществу «Международный аэропорт Актобе» имя Алии Молдагуловой.
2. Настоящее постановление вводится в действие со дня его первого официального опубликования.

**Премьер-Министр  
Республики Казахстан**

**А. Мамин**

ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҮКІМЕТІНІҢ  
ҚАУЛЫСЫ



ПОСТАНОВЛЕНИЕ  
ПРАВИТЕЛЬСТВА  
РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН

20\_\_ жылғы \_\_\_\_\_

Нұр-Сұлтан,  
Үкімет Үйі

от «\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ года

№ \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_

**Ақтөбе қаласының кейбір коммуналдық мемлекеттік білім беру мекемелеріне атау беру туралы**

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 4-1) тармақшасына, «Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы № 281 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мынадай білім беру ұйымдарына:

1) «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№ 41 мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Фариза Оңғарсынованың есімі;

2) «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№ 72 жалпы білім беретін орта ІТ мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Әбіш Кекілбайұлының есімі берілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі**

**А. Мамин**

ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҮКІМЕТІНІҢ  
ҚАУЛЫСЫ



ПОСТАНОВЛЕНИЕ  
ПРАВИТЕЛЬСТВА  
РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН

20\_\_ жылғы \_\_\_\_\_

Нұр-Сұлтан,  
Үкімет Үйі

от «\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ года

№ \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_

**О присвоении наименований некоторым коммунальным государственным учреждениям образования города Актобе**

В соответствии с подпунктом 4-1) статьи 10 Закона Республики Казахстан от 8 декабря 1993 года «Об административно-территориальном устройстве Республики Казахстан», постановлением Правительства Республики Казахстан от 5 марта 1996 года № 281 «Об утверждении Правил присвоения наименования аэропортам, портам, железнодорожным вокзалам, железнодорожным станциям, станциям метрополитена, автовокзалам, автостанциям, физико-географическим и другим объектам государственной собственности на территории Республики Казахстан, а также переименования, уточнения и изменения транскрипции их наименований и присвоения собственных имен лиц государственным юридическим лицам, юридическим лицам с участием государства» Правительство Республики Казахстан **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Присвоить следующим организациям образования:

1) коммунальному государственному учреждению «Школа-гимназия № 41» государственного учреждения «Отдел образования города Актобе» имя Фаризы Онгарсыновой;

2) коммунальному государственному учреждению «Средняя общеобразовательная IT школа-лицей № 72» государственного учреждения «Отдел образования города Актобе» имя Абиша Кекилбайулы.

2. Настоящее постановление вводится в действие со дня его первого официального опубликования.

**Премьер-Министр  
Республики Казахстан**

**А. Мамин**

ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҮКІМЕТІНІҢ  
ҚАУЛЫСЫ



ПОСТАНОВЛЕНИЕ  
ПРАВИТЕЛЬСТВА  
РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН

20\_\_ жылғы \_\_\_\_\_

Нұр-Сұлтан,  
Үкімет Үйі

от «\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ года

№ \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_

Исх. № 66 от 16.02.2021, Вход № Д-329//66 от 16.02.2021

### Алматы облысының кейбір объектілеріне атау беру және атауын өзгерту туралы

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 4-1) тармақшасына, «Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы № 281 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мына объектілерге:

1) «Қарасай ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Шамалған станциясындағы қазақ орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталықпен» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Ахмет Байтұрсынұлының есімі;

2) «Алматы облыстық № 15 мектеп-интернаты» мемлекеттік мекемесіне Абайдың есімі;

3) «Ұйғыр ауданы әкімінің аудандық кітапханасы» мемлекеттік мекемесіне әл-Фарабидің есімі берілсін.

2. Мына білім беру ұйымдарының атауы:

1) «Қарасай ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Көлащы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі – «Қарасай ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Бауыржан Момышұлы атындағы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

2) Ұйғыр ауданы білім бөлімінің «№ 4 Шонжы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Ұйғыр ауданының білім бөлімі» мемлекеттік



мекемесінің «Абай атындағы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып өзгертілсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі**

**А. Мамин**

**Подпись канцелярии**

16.02.2021 18:01 АХМЕТОВА АСЕЛЬ

**Подпись руководителя**

16.02.2021 18:01 МАМИН АСКАР

ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҮКІМЕТІНІҢ  
ҚАУЛЫСЫ



ПОСТАНОВЛЕНИЕ  
ПРАВИТЕЛЬСТВА  
РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН

20\_\_ жылғы \_\_\_\_\_

Нұр-Сұлтан,  
Үкімет Үйі

от «\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ года

№ \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_

**О присвоении наименований и переименовании некоторых объектов  
Алматинской области**

В соответствии с подпунктом 4-1) статьи 10 Закона Республики Казахстан от 8 декабря 1993 года «Об административно-территориальном устройстве Республики Казахстан», постановлением Правительства Республики Казахстан от 5 марта 1996 года № 281 «Об утверждении Правил присвоения наименования аэропортам, портам, железнодорожным вокзалам, железнодорожным станциям, станциям метрополитена, автовокзалам, автостанциям, физико-географическим и другим объектам государственной собственности на территории Республики Казахстан, а также переименования, уточнения и изменения транскрипции их наименований и присвоения собственных имен лиц государственным юридическим лицам, юридическим лицам с участием государства» Правительство Республики Казахстан ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Присвоить следующим объектам:

1) коммунальному государственному учреждению «Казахская средняя школа станции Шамалган с дошкольным мини-центром» государственного учреждения «Карасайский районный отдел образования» имя Ахмета Байтурсынулы;

2) государственному учреждению «Алматинская областная школа-интернат № 15» имя Абая;

3) государственному учреждению «Районная библиотека акима Уйгурского района» имя аль-Фараби.

2. Переименовать следующие организации образования:

1) коммунальное государственное учреждение «Средняя школа «Колащы» государственного учреждения «Карасайский районный отдел образования» в коммунальное государственное учреждение «Средняя школа имени Бауыржана Момышулы» государственного учреждения «Карасайский районный отдел образования»;

2) коммунальное государственное учреждение «Чунджинская средняя

школа № 4» отдела образования Уйгурского района в коммунальное государственное учреждение «Средняя школа имени Абая» государственного учреждения «Уйгурский районный отдел образования».

3. Настоящее постановление вводится в действие со дня его первого официального опубликования.

**Премьер-Министр  
Республики Казахстан**

**А. Мамин**

ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҮКІМЕТІНІҢ  
ҚАУЛЫСЫ



ПОСТАНОВЛЕНИЕ  
ПРАВИТЕЛЬСТВА  
РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН

20\_\_ жылғы \_\_\_\_\_

Нұр-Сұлтан,  
Үкімет Үйі

от «\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ года

№ \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_

**О присвоении наименований и переименовании некоторых организаций образования Алматинской области**

В соответствии с подпунктом 4-1) статьи 10 Закона Республики Казахстан от 8 декабря 1993 года «Об административно-территориальном устройстве Республики Казахстан», постановлением Правительства Республики Казахстан от 5 марта 1996 года № 281 «Об утверждении Правил присвоения наименования аэропортам, портам, железнодорожным вокзалам, железнодорожным станциям, станциям метрополитена, автовокзалам, автостанциям, физико-географическим и другим объектам государственной собственности на территории Республики Казахстан, а также переименования, уточнения и изменения транскрипции их наименований и присвоения собственных имен лиц государственным юридическим лицам, юридическим лицам с участием государства» Правительство Республики Казахстан **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

4. Присвоить имена следующим организациям образования:

4) государственному коммунальному учреждению «Общеобразовательная средняя школа № 49» государственного учреждения «Отдел образования Талгарского района» акимата Талгарского района имя Ыбырай Алтынсарина;

5) государственному коммунальному учреждению «Общеобразовательная средняя школа № 31 с дошкольным мини-центром» государственного учреждения «Отдел образования Талгарского района» акимата Талгарского района имя Аль-Фараби.

5. Переименовать следующие организации образования:

1) коммунальное государственное учреждение «Сахзаводская средняя школа с дошкольным миницентром» государственного учреждения «Отдел образования Алакольского района» в коммунальное государственное учреждение «Средняя школа с дошкольным миницентром имени Динмухамеда Конаева» государственного учреждения «Отдел образования Алакольского района»;

2) коммунальное государственное учреждение «Шарынская средняя шко-

ла» отдела образования Уйгурского района в коммунальное государственное учреждение «Средняя школа имени Динмухамеда Конаева» отдела образования Уйгурского района;

3) коммунальное государственное учреждение «Больше Диханская средняя школа с дошкольным миницентром» отдела образования Уйгурского района в коммунальное государственное учреждение «Средняя школа имени Заманбека Батталханова с дошкольным миницентром» отдела образования Уйгурского района.

6. Настоящее постановление вводится в действие со дня его подписания и подлежит опубликованию.

**Премьер-Министр  
Республики Казахстан**

**А. Мамин**

ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҮКІМЕТІНІҢ  
ҚАУЛЫСЫ



ПОСТАНОВЛЕНИЕ  
ПРАВИТЕЛЬСТВА  
РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН

20\_\_ жылғы \_\_\_\_\_

Нұр-Сұлтан,  
Үкімет Үйі

от «\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ года

№ \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_

**Алматы облысының кейбір білім беру ұйымдарына  
атау беру және атауларын өзгерту туралы**

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 4-1) тармақшасына, «Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы № 281 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Мынадай білім беру ұйымдарына:

1) Талғар ауданы әкімдігінің «Талғар ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№49 жалпы білім беретін орта мектеп» мемлекеттік коммуналдық мекемесіне Ыбырай Алтынсариннің;

2) Талғар ауданы әкімдігінің «Талғар ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар № 31 жалпы білім беретін орта мектебі» мемлекеттік коммуналдық мекемесіне әл-Фарабидің есімі берілсін.

2. Мынадай білім беру ұйымдарының атаулары өзгертілсін:

1) «Алакөл аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі «Қант зауыты орта мектебі мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар» коммуналдық мемлекеттік мекемесі – «Алакөл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі «Мектепке дейінгі шағын орталығы бар Дінмұхамед Қонаев атындағы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

2) Ұйғыр ауданының білім бөлімінің «Шарын орта мектебі» коммуналдық

мемлекеттік мекемесі – Ұйғыр ауданының білім бөлімінің «Дінмұхамед Қонаев атындағы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

3) Ұйғыр ауданының білім бөлімінің «Үлкен Дихан орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесі – Ұйғыр ауданының білім бөлімінің «Заманбек Батталханов атындағы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және жариялануға тиіс.

**Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі**

**А. Мамин**

## МАЗМҰНЫ

ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің төрағасы А.Ж.Абдуалиевтың 2021 жылғы 5 қарашада Алматы облысы, Талдықорған қаласы Тіл сарайында өткен Ономастика мәселелері бойынша өңірлік семинарда сөйлеген сөзі.....3

### КӨКЕЙКЕСТІ

Ж.Ағабекова. Антропонимиядағы діни факторлар.....12

Ж.Жақсығалиев. Ономастикадағы отарсыздану ойландырады.....20

### ТАЛҚЫ

С.Иманбердиева. Тәуелсіз 30 жылдағы Қазақстан ономастикасы.....24

З.Құламанова. Жамбыл облысы топонимдерінің өзгеру динамикасы мен диахрониясы.....31

### КӨЗҚАРАС

С.Рахымберлина. Бейресми кісі есімдеріндегі бейнелілік.....38

### МИРАС

Б.Әбдуалиұлы. Қазақ тіліндегі халықтың географиялық терминдер және олардың даму бағыттары.....44

Т.Аршабеков. XX ғасырдағы әкімшілік-аумақтық өзгерістерге байланысты қарағанды облысындағы елді мекендерінің атаулары.....51

С.Ерғали. Авестіден қалған өзен атаулары.....63

С.Мәлікова. Солтүстік Қазақстан өңірінің мекен тарихынан.....67

### РЕСМИЕТ

Республикалық ономастика комиссиясының шешімі.....72



РЕДАКЦИЯ ЕСКЕРТПЕСІ  
Авторлардың стилі,  
орфографиялық хақы сақталады.

ИП «ЕРНАЗАР»

Бас редактор **С.Жайлау**  
Корректор **А.Әлайдар**  
Дизайнын жасап, компьютерлік нұсқасын дайындаған  
**С. Баубек**

***Редакцияның мекенжайы:***

Қазақстан Республикасы  
010000, Нұр-Сұлтан қаласы,  
Қонаев көшесі, 14/3,  
Тел.: 8 (7172) 50-82-33  
[Zhaylauovas@mail.ru](mailto:Zhaylauovas@mail.ru)

Беттеуге берілген күні 12.11.2021 ж.  
Электронды нұсқаға қол қойылған күні 7.12.2021 ж.  
Пішімі 70x100  $\frac{1}{16}$   
Шартты баспа табағы 7,2.